

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ҒЫЛЫМИ, ӘДЕБИ-КӨРКЕМ ЖУРНАЛ

АЙҚАП



Халықаралық қоғамдық-саяси, ғылыми, әдеби-көркем журнал

Жылына 4 рет шығады

- Басылымның 1911 жылдың қаңтар айынан 1915 жылдың шілде айына дейін Мұхамеджан Сералиннің редакторлығымен 88 саны жарық көрді.
- 2012 жылдың шілде айынан бастап жазушы-қайраткер Қоғабай Сәрсекеевтің ұйымдастыруымен журналдың жалғасы ретінде тіркеліп, редакторлығымен 10 нөмірі жарық көрді.
- 2016 жылдың наурыз айынан әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құрылтайшылығымен қайта шығарыла бастады.

International social and political, scientific, literary and art journal

Published 4 times a year

- Under the editorship of Mukhamedzhan Seralin, from January 1911 to July 1915, it was published 88 issues of the magazine.
- Through the writer, public figure Kogabay Sarsekeev, since the July 2012, under his editorship were published 10 issues of the magazine, re-registered as a continuation of the of the magazine.
- Since March 2016 the magazine is published on the basis of Al-Farabi Kazakh National University.

Международный общественно-политический, научный, литературно-художественный журнал

Выходит 4 раза в год

- Редактором Мухамеджаном Сералиным с января 1911 года по июль 1915 года было издано 88 номеров журнала.
- Писатель, общественный деятель Когабай Сарсеев с июля 2012 года издал 10 номеров журнала, зарегистрированного как продолжение издания Сералина.
- С марта 2016 года журнал издается в Казахском национальном университете имени аль-Фараби.

Құрылтайшы
Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті

Founder
Al-Farabi Kazakh National
University

Учредитель
Казахский национальный университет
имени аль-Фараби

Редакцияның мекенжайы:
050016, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғ., 71
Электрондық пошта: aikap.jornal@kaznu.kz

Editorial address:
050016, Almaty, avenue Al-Farabi, 71
E-mail: aikap.jornal@kaznu.kz

Адрес редакции:
050016, г. Алматы, проспект аль-Фараби, 71
Электронная почта: aikap.jornal@kaznu.kz

Журнал ҚР Инвестициялар және даму
министрлігінде 2016 жылдың 12 сәуірінде
тіркеліп, №15947-Ж куәлігі берілді.
Индексі: 74516

Журнал сериялық басылымдарды
тіркейтін ISSN Халықаралық орталығында
(ЮНЕСКО, Франция, Париж) тіркеліп,
халықаралық ISSN 2304-9324 нөмірі берілді.

Бас редактор

Ғалымқайыр Мұтанов

Бас редактордың бірінші орынбасары

Өмірхан Әбдиманұлы

Бас редактордың орынбасары

Сағатбек Медеубекұлы

Жауапты редактор

Гүлнар Мұқанова

Қазақ мәтінінің редакторы

Жетпісбай Бекболатұлы

Орыс мәтінінің редакторы

Іңкәр Кәкібаева

Ағылшын мәтінінің редакторы

Гүлназ Ысқақова

Chief Editor

Galimkair Mutanov

The first deputy editor

Omirhan Abdimanuly

Deputy Chief Editor

Sagatbek Medeubekuly

Contributing editor

Gulnar Mukanova

Editor of Kazakh text

Zhetpisbaj Bekbolatuly

Editor of Russian text

Inkar Kakibaeva

Editor of English text

Gulnaz Iskakova

Главный редактор

Галимкаир Мутанов

Первый заместитель главного редактора

Омирхан Абдиманулы

Заместитель главного редактора

Сағатбек Медеубекұлы

Ответственный редактор

Гюльнар Муқанова

Редактор казахского текста

Жетписбай Бекболатұлы

Редактор русского текста

Инкар Какибаева

Редактор английского текста

Гульназ Искакова

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

Әбжанов Хангелді

Байбек Бауыржан

Бекір Қарлыға (*Түркия*)

Берязев Владимир (*Ресей*)

Дербісәлі Әбсаттар

Жақып Бауыржан

Жұрынов Мұрат

Кенжалин Жұмабек

Кибальник Сергей (*Ресей*)

Қалижанов Уәлихан

Қойгелдиев Мәмбет

Мелвилл Чарльз (*Ұлыбритания*)

Оразалин Нұрлан

Сағадиев Кенжеғали

Салихов Азат (*Башқұртстан*)

Сейсенбаев Роллан

Сәрсекеева Гаухар

Сүлейменов Олжас

Уинстон Наган (*АҚШ*)

Хамиер Аббас (*Иран*)

EDITORIAL COUNCIL

Abzhanov Khangeldy

Baibek Bauyrzhan

Bekir Karlyga (Turkey)

Beryazev Vladimir (Russia)

Derbisali Absattar

Zhakyp Bauyrzhan

Zhurinov Murat

Kenzhalin Jumabek

Kibalnik Sergey (Russia)

Kalizhanov Ualikhan

Koygeldiev Mambet

Charles Melville (United Kingdom)

Orazalin Nurlan

Sagadiyev Kenzhegali

Azat Salikhov (Bashkortostan)

Seisenbayev Rolland

Sarsekeeva Gauhar

Olzhas Suleimenov

Winston Nagan (USA)

Hamier Abbas (Iran)

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

Абжанов Хангельды

Байбек Бауыржан

Бекир Карлыға (*Турция*)

Берязев Владимир (*Россия*)

Дербисали Абсаттар

Жақып Бауыржан

Журинов Мурат

Кенжалин Жумабек

Кибальник Сергей (*Россия*)

Қалижанов Уалихан

Қойгельдиев Мәмбет

Мелвилл Чарльз (*Великобритания*)

Оразалин Нурлан

Сағадиев Кенжеғали

Салихов Азат (*Башкортостан*)

Сейсенбаев Роллан

Сәрсекеева Гаухар

Сүлейменов Олжас

Уинстон Наган (*США*)

Хамиер Аббас (*Иран*)

Мазмұны – Contents – Содержание

МІНБЕР

Кенжеғали Сағадиев

Тіршілік тіректерін қайта қарауымыз керек4

ДУХАНИЯТ

Олжас Сүлейменов

Сокол под пирамидой10

Марат Тажин

Высокое небо словесности.....23

Алуа Темирболат

Художественный мир Роллана Сейсенбаева28

Евгений Попов

Литература и ее окрестности33

Сергей Дзюба

У наших народов и литератур много общего39

ӨНЕГЕЛІ ӨМІР

Ғалымқайыр Мұтанов

Өскелең ұрпаққа өнеге44

Тарих тағылымы (ұлт-азаттық көтеріліске 100 жыл)

Илияс Жансүгіров

Жаркент үйезінде45

Қабылахат Сейдахмет

Азаттық үшін атқа мінген...48

Құжаттарға тіл бітсе56

ӨРКЕНИЕТ

Гюльнар Муканова

Аль-Фараби и тюркская философия в европейском дискурсе60

Берекет Кәрібаев

XIII-XIV ғғ. Ақ орданың этносаия тарихының кейбір мәселелері.....68

Лариса Додхудоева

Этнографические заметки о казахах Южного Таджикистана74

Olga Valikova

A literary text as a portal to ethno culture79

ЗАМАНСӨЗ

Мәмбет Қойгелдиев

Әзімхан Ахметұлы Кенесарин не үшін жазаланды88

Өмірхан Әбдиманұлы

«Мәңгілік ел» – ежелден әдебиеттің алтын арқауы.....100

Бейбіт Сапаралы

Қазақтың жер ұйығына көз тіккен кімдер?108

Магида Черманова

Сильный духом человек не умрет, народ – вечен!120

ПҮЛГЕ

Әбдуәлі Баешов

Ұстазым – академик Е.А. Букетовтың соңғы тапсырмасы және алдыма қойған талаптары мен айтқан өсиеттері.....126

ПРОЗА

Мұхтар Әуезов

Қилы заман (повестен үзінді)135

ПОЭЗИЯ

Боб Дилан

Лишь ветер уносит ответ.....143

Баянғали Әлімжанов

Тілім барда, күнім де бар, айым бар147

Автор туралы: ҚР мемлекет және қоғам қайраткері, Парламент Мәжілісінің 3 және 4 шақырылымдарының депутаты, академик, ҚР Ұлттық Ғылым академиясының Президенті (1994-1996), экономика ғылымының докторы.

About the author: State and public figure of Kazakhstan, the deputy of the Majilis of the Parliament of 3 and 4 convocations, Academician, President of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan (1994-1996), Doctor of Economics.

Об авторе: государственный и общественный деятель РК, депутат Мажилиса Парламента 3 и 4 созывов, академик, Президент Национальной Академии наук РК (1994-1996), доктор экономических наук.



Кенжеғали САҒАДИЕВ

ТІРШІЛІК ТІРЕКТЕРІН ҚАЙТА ҚАРАУЫМЫЗ ҚАЖЕТ

Андатпа: Белгілі қоғам және мемлекет қайраткері өз сұхбатында Алаш қайраткерлері ортаға тастаған ұлтты ояту ұранын өткен ғасырдың екінші жартысында қалыптасқан жан-жақты білімді, саяси сауатты ұрпақ жалғастыра білгенін атап өтеді. Олар қоғам өміріне белсене, батыл араласып, көкейтесті талаптарын алға қойған. Ал, бүгінгі Қазақстанда ілгері дамуға не қажеттің бәрі бар. Мемлекеттің саяси, экономикалық, құқықтық құрылысы әлемдік озық үлгілерге сәйкестендіріліп, өзінің өміршеңдігін көрсетті. Қайраткер сұхбатында сондай-ақ ұлт көсемі Ахмет Байтұрсынұлының мұрасын зерттеу мәселелерін көтеріп, «Айқап» журналына тілегін білдіреді.

Kenzhegali SAGADIEV
WE MUST REVISE BASIC VALUES IN LIFE

Summary: The well-known public and state figure in the interview draws attention to the fact that the slogans of national revival, proclaimed leaders of «Alash», developed comprehensively educated, politically literate descendants in the second half of the last century. And in modern Kazakhstan has everything to move forward. Political, economic, legal state building, compared with the advanced international experience, proving its viability. Sagadiyev K. in an interview picked up the task of studying the heritage of the national leader Alikhan Bukeikhanov and expressed his wishes for the magazine «Aikap».

Кенжеғали САҒАДИЕВ
МЫ ДОЛЖНЫ ПЕРЕСМОТРЕТЬ БАЗОВЫЕ ЖИЗНЕННЫЕ ЦЕННОСТИ

Аннотация: В своем интервью обращает внимание на то, что лозунги национального пробуждения, провозглашенные лидерами «Алаш», во второй половине прошлого века развивались многосторонне образованными, политически грамотными последователями. А в современном Казахстане есть все, чтобы двигаться вперед. Политическое, экономическое, правовое строительство государства в сравнении с передовым мировым опытом доказывает свою жизнеспособность. Государственный деятель в своем интервью поднял задачу изучения наследия национального лидера Алихан Букееханова и выразил пожелания журналу «Айқап».

– Кенжеғали Әбенұлы, бұрынғы қазақтың не үшін «Ай, қап!» дегенін енді түсіне бастағандаймыз. Ал, бүгінгі қазақтың «Ай, қап» дейтін тұстары бар деп ойлайсыз ба?

– Өзіңіз білесіз, біз егемендік туын білімді, сауатты ел болып көтердік. Ал, бұрынғы қазақ «Ай, қап!» деген тұста жұртымыздың басым бөлігі қара танымайтын еді. Алаш қайраткерлері ортаға тастаған ұлтты ояту ұранын кеңес билігі кезінде де алға ұластыра білген отаншыл зиялылардың жанқиярлық еңбегі нәтижесінде өткен ғасырдың екінші жартысынан бері қарай қалыптасқан жан-жақты білімді, саяси сауатты ұрпақ қоғам өміріне белсене, бағыл араласып, көкейтесті талаптарын қоя бастады. Осыған орай тәуелсіз, жаңа заманға еш дайындықсыз келдік, жайбарақат, бейқам отырдық деп айта алмаймын. Жаңа заман дегеннен шығады, бұрынғы одақтас республикалар бодандық бұғауынан босанып, дүниенің саяси картасы түбірінен өзгерген, посткеңестік кеңістік елдері соқтықпалы, соқпақсыз жолға түсіп, құлдырауға тап болған 90-шы жылдары іркілістер, кідірістер болды, әрине. Өйткені, мұндай аласапыран уақытта кім-кімнің де қиын түйіннің шешімін тез арада тауып, тығырықтан шыға білуі, бірден даңғыл жолға түсуі өте сирек. Соған қарамастан біз тәуелсіз даму кезеңінің алғашқы жылдарында-ақ күрделі өзгерістерді жан-жақты ойластырып, саяси-әлеуметтік, экономикалық, құқықтық жүйені түбегейлі түрде қайта құра алдық.

Бірақ, ауқымы жағынан ғасырға татырлық ұланғайыр істің кем-кетігі, олқылығы болуын жоққа шығара алмаймыз. «Біткен іске сыншы көп» демесек те, бүгінгінің биігінен көз салғанда бірқатар «әттеген-айларға» сан соғып, бармақ тістегендей жайымыз бар. Айталық, кеңес кезінде қалыптасқан шаруашылық аралық бай-

ланыстар үзілген соң, алыс-жақын өзге елдермен қарым-қатынастарды жолға қоймай тұрып, бірден жекеменшікке бет бұрдық, сүттей ұйып отырған кең-шарларды, өнеркәсіп орындарын таратып жібердік. Ішпей-жемей, көздің қарашығындай сақтаған қоғам мүлкі ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетті. Өзіміз терең түсінбей жатып, шет елдерде қалыптасып-даму-дың қиын-қыстау сынынан өткен, сан ғасырлық тарихы бар жекеменшік құдіретіне иланып, жеке адам құқығына сендік. Бүгінгі бөгелістің, оқта-текте ұшырасып қалатын қамсыздықтың, орын алып отырған оралымсыздықтың бір төркіні осында жатқан сияқты. Елеп-екшемей, Ғылым ордамызды Батыс үлгісімен қайта құрамыз деп, құр сұлдерін қалдырдық, сөйтіп, жан-жақты дамыған ғылымымыздан айырылдык. Ұрпақтан-ұрпаққа ұласып келе жатқан имандылық, инабаттылық, үлкенді сыйлау сияқты ұлттық ұстындардан, қымбат рухани құндылықтарымыздан ажырай бастадық. Бір өкініштісі, бағыты мен бағдары бұлыңғыр жолда жемқорлық сынды қоғамдық кеселге тосқауыл қоя алмадық. Міне, мұның барлығы дәстүрдің озығын алып, тозығын тастауды талап етіп, ынсап пен ұят, обал мен зауал сынды тіршілік тіректерін тіктеуді күн тәртібіне қойып отыр.

– Қазіргі жаһандану заманында қазақтың ұтқаны, ұтылғаны қайсы? Қазақтың әлемдегі орны қайда деп ойлайсыз?

– Жаһандану үдерісі әлемнің қиыр түпкіріне дейін жетіп, ұлылы-кішілі кез келген ұлысты, жұмылған жұдырықтай ешбір жұртты айналып өтіп отырған жоқ. Міне, ертеңіне елендеген ел мен ер сынға түскен осы бір алмағайып дәуірде біздің басты ұтысымыз – егемендік алып, шаңырағымызды тіктегеніміз, керегемізді кеңейткеніміз дер едім.

Ғасырлар бойы сайда саны, құмда ізі болмаған қазақ бүгінде халықаралық қауымдастық таныған мемлекет ретінде қалыптасты. Шетелдік сапарлардың бірінде америкалық конгрессмендермен араға жарты жыл салып екі рет кездескенім бар. Бірінші жүздескенде марқұм академик Салық Зиманұлының қазақтың дәстүрлі қоғамы, билер соты туралы еңбегін үш тілге аударып таратқан едік. Содан екінші рет басымыз қосылғанда америкалықтар қазақ халқының іргелі жұрттармен деңгейлес тұрғаны, қоғамдық танымы жоғары екендігі жөнінде пікір айтты. Әр ұлыстың өзіне тән озық үлгісі бар, сіздерде әділ сот болған екен деп мақтады. Осы ретте ойшыл ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Мынау ойда қазақ тұр, қастарында азап тұр» деген назалы жыр жолдарын еске түсіріңізші. Ал, бүгінгі қазақтың көңілі – өрде, орыны – төрде. Қазір бізді әлем біледі.

Бұған бір мысал келтіре кеткенді жөн көріп отырмын. Бала кезім, аудан орталығы – Торғайдан елу шақырым жерде, Ақкөлде тұрамыз. Әкем сол Торғайдан оралғанда, ауыл адамдары қалаға барып келді деп әңгіме сұрауға жиналатын. Ал, егемендіктің арқасында қазір қазақ бүкіл жер шарын шарлап, қол жетер, жол жетер жерде білім алып, қызмет істеп, өнеге-үлгіні бойына сіңіріп жүр, бұл жетістік емес пе? Иә, бұл ұлттың ұланғайыр ұтысы, толайым табысы. Сөйтіп, бүгінде алақандай ауылдың емес, айқара әлемнің азаматы ретінде қалыптасып жатқан жағдайымыз бар. Мен Дүниежүзілік банкте, Дүниежүзілік валюта қорында, абырой-атағы жер жарған алпауыт компанияларда жұмыс істеп жатқан жас қазақ жігіттерін білемін. Олар Америка Құрама Штаттарында, Канадада тірлік кешіп, Лондонда, Парижде, басқа да алып шаһарларда тұрып жатыр. Бұл сол озық елдермен иық теңестіріп келе жатқанымызды көрсетеді. Өркениетті

дүниенің негізін құрайтын Конституция, демократия, биліктің үш тармағы, сайлау жүйесі, қазіргі заманғы басқару құралдары қазақ қоғамында берік орнықты. «Көш жүре түзеледі» дегендей, бүгінде аракідік ұшырасып қалатын олқылықтың орны ертең толатынына сенемін. Ең бастысы, мақсат – айқын, нысана – анық болуы керек.

Осы орайда Латын Америкасы елдерінің тарихына үңілсеңіз, әркілы даму жолына түсіп көрген солардың бірде-біреуі 150 жыл ішінде маңдайалды мемлекет болмағанын байқайсыз. Ал, біздің елмен ұқсастығы мол Малайзияның егемендік алғанына көп болмаса да, өркениет көшіне қосылған, халқының жағдайы, тұрмысы жақсы, мұсылман елдері ішінде жаңа технологиялар да осы мемлекетте. Ал, бұған біз әзірге қол жеткізе қойған жоқпыз.

– Малайзияда ислам қоғамы, экономикасы өзінің өркениеттік қырларын көрсетіп отыр. Соған тоқталып өтсеңіз.

Бұл елдің басшысы Махатхир Мұхаммад билік басында 20 жылдан астам уақыт отырды, нәтижелі жұмыс істеді. Ағылшын тілін жақсы білгендіктен, малайзиялықтар саяси-әлеуметтік, экономикалық, ғылыми-техникалық реформа жасаған елдердің іс-тәжірибелерін еркін игеріп, айшықты үлгілеріне қанық болды. Қазіргі заманғы қаржы құралдарының озығы – ислам банкігін өте тиімді пайдаланды. Дәстүрлі банктер сияқты несиені оңды-солды бере бермейтін ислам банкінің бір кереметі – қарыз алушымен бірге іске өзі араласып жүреді, пайдаға да, зиянға да ортақ, жауапкершілік жүгін бірігіп көтереді, тиімділікке, жаңа технологияға назар аударады.

Кеңес үкіметі тұсында, КСРО-ның 60 жылдығына байланысты жеті шет мемлекетке одақтас республикалардан бір-бір өкіл жіберіліп еді. Біз жаңағы елдер халқының алдында Одақтың

жетістігін, өз республикамыздың табыстарын паш етіп, жергілікті халықпен жүздесіп жүрдік. Ол кезде мен Алматыдағы Халық шаруашылығы институтында, қазіргі Тұрар Рысқұлов атындағы экономикалық университетте проректор едім. Біз 40 күн Малайзияда, Сингапурда, Тайландта болдық. Тайландты тілге тиек етпей-ақ қояйын. Малайзия – мұсылман елі, сол кезде халқы өте кедей, жұпыны тұратын. Астанасы Куала Лумпурдың жанында үлкен өзен бар, сонда тұрғылықты ел қайықпен жүзіп, базаршылайды, бір-бірімен сауда жасайды. Кісі аяғы үзілмейтін үлкен мешіттен қаланың бірден-бір үлкен, ұзын көшесі басталады. Бұл өмірінде суық болмайтын өлке, экватордан 12 шақырымдай жерде. Ең салқын күні 29 градустан төмен түспейтіндіктен, халқының көпшілігі көрпесін көшеге төсеп, жата береді. Содан кейін мен бұл елде 5-6 рет болдым, Премьер-министр Махатхир Мұхаммадпен кездестім. Алғаш барғанымда бұлар жаяу жүрген халық еді. Екінші барғанымда велосипедті ерттепті. Үшінші барғанда мотоциклге аяқ салғанын, ал төртінші барғанда машинаға мінгенін көзім көрді. Қазіргі заманғы қалаларында Американың, Жапонияның, Оңтүстік Кореяның алпауыт фирмаларының зәулім ғимараттары мен мұңдалап тұр.

– Қазақ хандығының 550 жылдығын «Мәңгілік ел» ұранымен атап өттік. Қазақ мемлекеттілігінің келешегі туралы сөз қозғасаңыз.

– Ел ретінде еңсе тіктеудің бірден-бір алғышарты – өсіп-өнетін жердің болуы. Қазақтың мемлекет құратын, асты-кенге, үсті мыңғырған малға толы ұлан-байтақ сахарасы бар. Ата-бабаларымыз қызғыштай қорып, сақтап қалған жерімізді болашақ ұрпақтарға мирас етуіміз қажет. Бұл үшін не қажеттің бәрі де баршылық. Жаңаға жаны құмар халқымыздың дүниетанымы болашаққа

бағыт ала қалыптасып келеді. Мемлекеттің саяси, экономикалық, құқықтық құрылысы әлемдік озық үлгілерге сәйкестендіріліп, өзінің өміршеңдігін көрсете білді. Сондықтан біз Мәңгілік ел болуға тиіспіз! Бұл үшін тілімізді сақтауымыз, ділімізді берік ұстануымыз керек. Экономиканы заман талабына орай дамыта білуіміз қажет. Халықтың ауызбіршілігін, достығын ардақтағанымыз жөн.

Осы орайда Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа айтар алғысымыз шексіз. Ширек ғасырдың ішінде Президентіміздің өте шебер саясаты арқылы көп елдерден дос тауып, бейбіт өмір сүріп жатырмыз. Ілгері озып, дамып келе жатқанымыз да міне, осы саясаттың арқасы. Мәңгілік ел – біздің жүретін жолымыз, Мәңгілік ел – біздің алатын асуымыз. Қоғамда жасалатын әрбір қадам елдің болашағына бағытталуы тиіс.

– Ауыл мәселесі Сізді ұдайы толғандырып жүретін тақырып қой. Соған тоқтала кетсеңіз.

– Меніңше, біз қалада ұтсақ, ауылда ұтылған тәріздіміз. Фермерлер, шаруа қожалықтары Еуропа елдерінде өркендеп келеді десек болады. Біз ауылда жекешелендіру науқанын оның мәніне, қыр-сырына үңілмей бастадық. Мен Америкада болғанда көптеген фермерлермен әңгімелестім. Олар жұмысының жартысын өз шаруашылығында істейді, табысының өзге бөлігін басқа салалардан алады. Бізде мұндай тәжірибе жоқ. Бұдан кейінгі бір ерекшелік – олардың қожалықтары шағын. Мәселен, Германияда фермердің екі-үш шақырым жерде мектебі, дәріханасы, үйіне келетін тас жолы, электр қуаты бар. Оған толыққанды өмір сүруге қажетті барлық жағдай жасалған. Ал енді бізде бұрынғы кеңшар орталықтарынан 10 шақырым жерге шығып кетсең, жылу

да, жарық та, мектеп пен денсаулық сақтау мекемелері де жоқтың қасы.

Мұны жайдан-жай тілге тиек етіп отырғаным жоқ. Біз кейінгі жылдары бұрыннан қалыптасқан шаруашылық жүйесін жоғалтып алдық, әлі күнге дейін ол кезеңнің деңгейіне жете алған жоқпыз. 2009-2011 жылдары Елбасының атына екі рет хат жазып, қолына тапсырғанмын. Өйткені, шаруа қожалықтары елді байытудың орнына күндерін көре алмай отыр. Сондықтан бұрынғы ұжымдық тірлікке, ата-бабамыздан қалған дәстүр – ауыл-ауыл болып бірігіп жұмыс істеуге көшу қажет. Мұның Кеңес заманында сыннан өткен тәжірибесі бар. Өткен жылы Елбасы осыны ескеріп, ауыл шаруашылығы жүйесінің өзегі кооперация болу керектігі жөнінде тапсырма берді. Кей жерде ел бұл үрдіске көшіп те жатыр.

– *Сіз Алаш алыптары дүние есігін ашқан қасиетті Торғайдың түлегісіз, Ахаңның, Ахмет Байтұрсыновтың Ақкөліненсіз. Ахаң пікірлерінің бүгінгі заманмен үйлесуі туралы айтып өтсеңіз.*

– Жақында біздің рухани көсеміміз Ахмет Байтұрсынов туралы Қостанайда баяндама жасадым. Бұл тақырыпты мен көп жылдан бері зерделеп келемін. Ахаң қазақ тілінің ғылыми мектебін ашқан данышпан кісі. Сонымен қатар оның «Айқап» журналында, «Қазақ» газетінде жарық көрген, қазақтың өмір-тіршілігі туралы, заман заңдылықтары жөніндегі көптеген көкейтесті мақалалары бар. Мен соларды жинап, бір жүйеге келтіріп жүрмін. Мәселен, біз кеңес заманында қоғам дамуының сатыларын жабайылар қоғамы, құлдар қоғамы деп бөлетінбіз, одан әрі феодализм, капитализм, социализм басталады. Бұл – Маркстың пікірі. Ал Ахаң бұл жасанды кесте дейді. Бірінші дәуірде адам әуелі терімшілікпен айналысып, содан кейін аңшылық жасаған. Терімшілік

деген адамның жерден өскен-өнген, өзіне керектінің бәрін жинастыруы дегенді білдіреді. Артынан аңшылыққа бет бұра бастаған. Екінші дәуір – жан-жануарды, малды күнделікті тіршілікке икемдеу, бақташылық, бағбандық. Үшінші дәуір – жер шаруашылығының пайда болуы. Төртінші – жерді тиімді игеру. Бесінші – мануфактура заманы, дүние-мүлік шығару. Алтыншы – машина жасау, түрлі қондырғылар, құрылғылар өндіру. Ал, бүгінде біз заман дамуына орай ақылды машиналар – компьютерлерді қолданып отырмыз.

Маркс теориясына Ахаң осындай қарсы пікір айтып, оны дәлелдеген. Маркс қисыны бойынша дүние, қоғам тап күрес арқылы дамиды, тап күресі шиеленісе келе төңкеріске әкеледі, сол төңкеріс бір дәуірді екінші дәуірге ұластырады, делінеді. Ахаң төңкеріс-әлем елдерінің жүретін жолы еместігін, төңкерістер еш қоғамға жақсылық әкелмегенін көрсетті. Расында да, 1917 жылғы Қазан төңкерісі дүниенің астан-кестенін шығарып, халықты орны толмас қайғы-қасіретке ұшыратты емес пе. Ахаңның данышпандықпен айтқан пікірінің дұрыстығына көзіміз енді жетіп отыр. Маркс әлемдегі ұлы тұлғалардың бірі, оған шүбә келтіру үшін соның деңгейінде ғұлама болу керек.

Ахаңның руханиятқа қосқан еңбегі орасан зор. Аристотельдің Эллада заманында жазған «Поэтика» атты еңбегі бар. Академик Зейнолла Қабдолов Ахаңның «Әдебиет танытқышын» сол Аристотельдің «Поэтикасымен» қатар қойған.

Ахмет Байтұрсынұлы пікірлерінің бәрі өміршең. Жерді ешкімге бермеу, сатпау керек, тек қана ұжымдасып, ағайын болып біріге пайдалану керек. Қазаққа жер берсең, ол ертең біреуге сатып жібереді де кедейшілік дорбасын аркалап, жаһан кезіп кетеді, деп түйіндейді. Сосын осы жақында ғана Ахаңның баулу, оқыту туралы

жазғанын оқыдым. Ол кісі әр оқудың мәнісі бар, әр оқудың әдісі бар, деп тұжырымдайды. Тек қана мәнісін оқыған оқу – өлі оқу, ал енді мәнісін айттып, оған әдісін қоса оқытса – ол тірі оқу. Мысалы, балаға қарындашты ұшта десек, ол бірден істей алмайды, ал қолына ұстатып, көрсетсек ғана ұштай алады. Қазық дайындауды алайық, мәнісін айтсаң, шәкірт ұғынады, бірақ әдісін айтпасаң жасай алмайды. Алған білімімізді іс жүзінде пайдалана алмай отырмыз, деген пікірдің негізінде осындай жағдай жатыр. Мектептегі оқу сапасын салыстыратын халықаралық ұйымдар бар, солар Қазақстанға 2009, 2012 жылдары келді. Ал, 2015 жылдың қорытындысы келесі жылы шығады. Бұларға сәйкес біздің 11 сынып бітірген балаларымыздың білімі батыс елдеріндегі 9 сынып балаларының білімімен барабар екен. Көріп отырғанымыздай, екі жыл кешеуілдеген. Математикадан, жаратылыстанудан да оқып, тоқу жағдайынан кенже қалғанбыз. Бұл ретте басты өлшем – оқушылардың академиялық білімі ғана емес, сондай-ақ сол білімді тірлікте қолдана білу. Біз осы жағынан қалып отырмыз, ал Ахаң мұны сол кездің өзінде-ақ айтқан.


– «Айқап» журналына тілегіңіз.

– «Айқап» идеясы жиырмасыншы ғасыр басында артта қалған қазақ көшін өзгелермен теңестіруге деген ұмтылыстан туған еді. Журнал халықты оятуға қызмет етті, соның жолын «Айқапты» ашу арқылы тапқан Мұхаметжан Сералиннің ұлт алдындағы ұлы еңбегі де, міне, осында. Ал енді жаңа ғасырда елжанды азамат Қоғабай Сәрсекеев осы ұлы идеяны ілгері жалғастырды. Сондықтан да ең алғашқы тілек – журналдың тек аты ғана қалмасын, заты да сақталсын, алға қойған мақсаты ұмыт қалмасын. Сонда қазақ үшін журнал бұрынғыдай қадірлі болуы, тіпті бұрынғыдан да қымбат мәнге ие болуы мүмкін.

Мен газет-журналды көп оқимын, кейбіреулері болымсыз бірдеңелерді оқырман көпшілікке ұсынып жатады. Ондай жеңіл көзқарастан аулақ болу керек. «Айқаптың» алқасына мүше болуға келіскенде, қазақты өрге сүйреу – ескі замандардан қалған ата-баба өсиеті екендігін еске алдым. Әлемнің іргелі елдерімен қазақ терезесі теңескен бүгінгі, жиырма бірінші ғасырда да бұл өсиет маңызын жойған жоқ. Журнал бұл өсиетке адал болуы керек.

– Әңгімеңізге рахмет.

Әңгімелескен
Жетпісбай Бекболатұлы



Об авторе: поэт, народный писатель Казахстана, лингвист-исследователь, тюрколог, популярный политик, видный государственный и общественный деятель.

About the author: Poet and folk Kazakh writer, linguist and researcher, specialist in Turkic philology, popular politician, a prominent public figure.

Автор туралы: ақын, Қазақстанның халық жазушысы, зерттеуші-лингвист, тюрколог, танымал саясаткер, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері.



Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

СОКОЛ ПОД ПИРАМИДОЙ *(Тюрки в Древнем Египте)*

Аннотация: В оригинальной статье-исследовании анализируются исторические свидетельства пребывания тюрков в Древнем Египте. Артефакты из истории Великих переселений способны рассказать об увлекательных сюжетах из истории мира. Коркыт-ата, соколы, пирамиды... Знаковая система воистину отражает глубокий смысл межкультурных контактов.

Olzhas SULEJMENOV
FALCONUNDERTHEPYRAMID
(Turksinancient Egypt)

Summary: In the original article, the author examines the historical evidence of the Turks stay in Ancient Egypt. Artifacts from the history of the Great Migration can tell a fascinating story of the history of the world. Korkyt-ata, falcons, pyramid ... Sign system truly reflects the deep meaning of intercultural contacts.

Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ
ПИРАМИДА АСТЫНДАҒЫ СҰҢҚАР
(Ежелгі Мысырдағы түріктер)

Аңдатпа: Бірегей зерттеу мақалада түркілердің Ежелгі Мысырда болуының тарихи деректері талданады. Ұлы қоныс аудару тарихының жәдігерлері әлем тарихынан қызықты әңгімелер шертуге бейім. Қорқыт-ата, сұңқарлар, пирамидалар... Таңбалар жүйесі мәдениетаралық байланыстардың терең тылсымынан сыр шертеді.

Введение

На Сыр-Дарье, в Кызыл-Ординской области, наконец, установили мемориал в честь Коркыт-Ата. Он был готов уже два года назад, но разливы капризной Дарьи, имеющей свои еще не разгаданные тайны (Сыр), добавили дополнительно работы скульптору Беку и архитекторам.

Бек – автор и предыдущего памятника, более скромного, чем нынешний. Прежний выражал одну из восьми граней личности легендарного персонажа. Он, как считают казахи, избрал кобыз – смычковый инструмент для исполнения очень нерадостных, минорных мелодий. Хотя, если проследить историю названия инструмента, то средневековый кобыз, попавший в Киевскую Русь и названный кобза, обходился без смычка, имел много струн, на нем исполнялись мелодии и серьезные, и радостные. А киргизский комуз и во все двуструнный брат нашей домбры.

Остальные семь граней соединились в одну большую тайну, которую пытаются разгадать и в других краях Евразии, где помнят деда Коркута (Коркыта).

«Коркыт-ата» для жителей Кызыл-Ординской области это имя реального человека. Когда-то именно в этих краях появившегося на свет и здесь похороненного. Поэтому в Кызыл-Орде к этой фигуре особое отношение: он – земляк. Его имя присвоено новому аэропорту. Тысячи специалистов и ученых вышли из стен Университета имени Коркыт-ата. В других областях Казахстана о нем не особо знают или вовсе не слышали.

Чем особым прославился легендарный старик, если за право назваться родиной Коркута борются и Туркмени, и Азербайджан, и Турция. Хотя там никто не приписывает ему изобретения кобызы, которого в тех культурах вообще не было и нет. Никто не помнит там никаких особых его примет и великих слов. Я был на нескольких его могилах (в Ерзрумской провинции

в Турции и в дагестанском Дербенте), выступал на открытии памятника Коркуту в центре Брюсселя 18 мая 2004 г. (запомнил дату, потому что совпала с днем моего рождения). Мне дали слово как представителю ЮНЕСКО, и я несколько минут говорил о мудром старце, снискавшем любовь и уважение в тюркском мире, и не мог вспомнить, процитировать хотя бы одно его изречение, подтверждающее пафос моей речи. Потом перерыл всю литературу о Коркыте и азербайджанскую, турецкую, русскую и не нашел ничего, кроме одной его фразы, которой заканчиваются все рассказы о средневековых приключениях племен тюрков-огузов, собранных в XII столетии в сборнике о деде Коркуте.

О чем бы ни шло повествование, оно завершалось абзацем: «И вышел дед Коркут, и сказал: «Где те беки, которые говорили – весь мир мой? Их похитила смерть, скрыла земля»». И всё. Других сведений о деде Коркуте в огузской литературе не осталось.

Значительно больше информации оказалось в казахской легенде, записанной в XIX веке российским этнографом Диваевым во время его экспедиции на берега Сыр-Дарьи. Тогда еще полноводной, изнемогавшей от рыбного изобилия. В кратком пересказе моем легенда выглядит так:

*«Коркыт-ата, уже глубокий старик, почувствовал приближение смерти. И решил уйти от нее. Он обошел все четыре края земли и всюду видел землекопов, занятых одной и той же работой. «Кому роете могилу?» – спрашивал он, Они отвечали: «Деду Коркыту». Он понял, что на земле от нее не скрыться. (Сюжет с могилами мог быть подсказан сказителям былым «мягким» вариантом имени героя: **Көр күт**. Можно перевести двояко: 1) Көр, күт! – «Могила, жди»; 2) Көр күт – «Могила жди...».)*

Коркут вернулся на родную Сыр-Дарью. Выплыл на волшебном ковре подальше от берега. Решил жить

на воде. Сидел, наслаждался игрой на печальном кобызе. Но подплыла водяная змея. Достала, ужалила, и Коркыт умер.»

С годами изучения нам становилось понятным, что «Коркыт-ата» – не историческая личность, а некое особое явление прототюркской культуры, сведение о коем добываются из письменных материалов Древнего Египта. И теперь к ним мы можем присовокупить казахскую легенду о Коркыте, по исторической случайности сохранившейся как единственное в мире фольклорное продолжение древнеегипетского мифа о Боге заходящего Солнца *Hor-ht*.

Такой эпический персонаж как Водяная Змея не упоминается в мировом фольклоре и литературе последние пять тысячелетий, по меньшей мере.

Я, например, встретился с ним только в древнеегипетском мифе о боге Заходящего Солнца *Hor-ht* (древние греки запомнили имя в огласовке *Hor-ahtha*). Вот вкратце эта печальная повесть.

«Каждый вечер Ра (т.е. бог) Hor-ht спускается за край земли. Там протекает подземный Нил, где обитает водяной змей Аноп. Hor-ht борется с ним, но, увы, водяной змей побеждает.»

Когда-то этот рассказ был, вероятно, второй частью цикла солярных мифов. Потом цикл распался надвое – о боге Заходящего Солнца *Hor-ahtha* (**Hor-ata*), т.е. «Солнце-отце», и о боге Восходящего, молодого Солнца – *Hor-ogly* (т.е. «Солнце-сыне»). Первая часть цикла, обретя самостоятельность, гораздо масштабнее повлияла на культуры много этнического населения Древнего Египта и всего Древнего Средиземноморья. Культ Юного Солнца развился в религиях, из которых в I тысячелетии до н.э. возникли учения иудаизма, христианства, буддизма, а позже – ислама.

Жрецы увели много племен поклонников Солнца-сына на восход, на пои-

ски Родины Солнца, где человек способен возрождаться, как солнце.

В III-II тысячелетиях до н.э. предки китайцев, японцев, тюрков, монголов, майя и других ныне восточных и американских народов еще обитали в Древнем Средиземноморье и в Двуречье – на своей доисторической родине.

...Первая часть цикла это миф о том, как *Hor-gl* («*Hor-сын*») схватывается с Апопом, уже победившим Солнце-отца, и берет в этой схватке верх.

Так жрецы интерпретировали знаки восхода Солнца  и заката , принесенные в Древний Египет вместе с названиями иероглифов, напоминающими тюркские термины.

Семантику основ знаков ( ) одни жрецы истолковали как «змея», другие – как «вода», и третьи обобщили – «змея, но водяная». Так рождались сюжеты мифов.

В огузском фольклоре фабула с гидрой продержалась несколько тысячелетий, но в средние века все языческое в легенде не выдержало редакцию ислама. Остался только вывод, в мусульманстве приемлемый: смерти никому не избежать – ни рабу, ни владыке.

Казахи позже огузов приобщились к мусульманству и потому сохранили египетский вариант мифа о боге Заходящего Солнца, в основных параметрах почти нетронутый. Здесь обозначено и время захода (Коркыт-ата почувствовал приближение смерти), и борьба с горизонтом (стремление избежать смерти), и поражение от водяного змея («вода»-«горизонт» Змея сверху – ). Только кобыз прибавился. За пять тысячелетий. Вернее, за последние века, когда казахи заняли огузские города на Сыр-Дарье. Но благодаря тому, что казахи еще не избавились от шаманизма, сохранился самый древний миф-легенда тюркской словесности, доказывающий подлинную (почти датированную) древность тюркской духовной культуры и языка. Доказывающий даже сам факт

пребывания тюрков в Древнем Египте и не как случайных гостей, а как активных участников исторического процесса во времена, относимые нами еще вчера к доистории.

С Муратом Мансуровым, скульптором, украсившим Астану многими произведениями, мы разработали скульптурный проект, который занял первое место в международном конкурсе в Турции (18 августа 2016 г.) на лучший памятник эпическому герою тюрков-огузов Гёр-оглы. Теперь скульптурное изваяние Гёр-оглы, поражающего Копьем Змея, будет стоять на холме, в который вмонтируется знак Коркута . Впервые бог Восходящего Солнца соединится в одной композиции с богом Заходящего. Впервые за несколько тысячелетий. На земле тюрков – авторов этого цикла знаков раннего солнцепоклонничества. И это вспомнили и сотворили потомки тюрков-кипчаков, которые вместе с огузами в III тысячелетии до н.э. обитали в Древнем Египте. Они привнесли туда культ бога растений по имени Osiris, ставшего Верховным богом Египта и «усыновившего» *Hor-gl (Horsына)*, отняв его от прежнего отца *Horht*.

Знак Осириса – . Бога Осириса изображали лежащим на спине, и через его тело прорастают прямые длинные ростки.

Этот знак тюрки-кипчаки, скорее всего, называли *ös'-өс* – «расти». От него – *ösir (өсир)* – «взращивай», *ösiris (өсирис)* – «взращивание» (каз.).

Имя *Osiris* на древнеегипетском и выражало смысл – «взращивание», как сообщили древние греки.

Иероглиф  *ös'* был знаком и славянам. Общее название сложного знака они присвоили детали – вертикальной черте. И ее название стало словом *ось*, обозначающим именно это понятие, выраженное знаком. Но и прежде, тюркское значение – «расти» – осталось в славянских названиях бы-

стро растущих деревьев (*осина, осьпа, осика*) и растений (*осока*).

Древний Египет – кладезь тюркизмов, еще не открытый академиями. Коркытата и Көр-ұлы помогут это сделать. И мы начинаем первую новеллу¹.

О том, что на берегах Нила в IV-I тысячелетиях до н.э. побывали многие этносы, и не мимоходом, а веками обитали, пользуясь культурой Египта и обогащая ее, – об этом почти не говорится в науке. А такой разговор давно надо начинать.

Ни письменных, ни археологических свидетельств пребывания тюрков в Древнем Египте пока не обнаружено. Да никто и не ищет, ибо в науке давно воцарилось убеждение, что тюрки как этнос возникли в первых веках нашей эры, в степях нынешней Монголии, севернее Китая. Не соглашаться с этой академической уверенностью меня заставляла надежда, что ни убеждение, ни вера развивают науку, а все-таки – знания, которых об этом предмете, увы, накопилось не так много. Отдельные искорки, собранные в моих тетрадях и книгах за полвека размышлений над иероглифами ископаемых культур уже способны, сплотившись, реально осветить контуры темы, заявленной в заголовке².

Начало этого столетия ЮНЕСКО ознаменовало проектом «Великие переселения в доистории и в ранней истории». Эту тему я вынашивал много лет, считая, что национальным историографиям не хватает знания основы – как произошло человечество, где оно произошло, и как разошлось по всему «шарику».

С этого предисловия обязательно должны начинаться школьные учеб-

¹ Novella – «новость» (итал.).

² Книги: «Азия» (1975), «Язык письма» (1998), «Улыбка бога» (1998), «Пересекающиеся параллели» (2002), «Тюрки в доистории» (2002), «Код Слова» (2013).

ники родной истории. Каким бы великим или маленьким не был твой народ, ты должен знать, что он – часть Человечества. Пусть – орган, пусть даже просто – клетка, но живая часть этого великого организма, в котором все части взаимозависимы. С этой ступени начинается планетарное сознание, которое и является высшей формой национального.

С 2001 по 2013 г. я работал Послом, Постоянным представителем Казахстана при ЮНЕСКО. В 2004-м выступил на Генеральной Конференции ЮНЕСКО с предложением провозгласить 2006-й Годом Планетарного Сознания. Провести по всем странам серию конференций, объясняющих школьникам и студентам этот феномен, способный со временем избавить национальности и нации от изолирующего сознания.

Генеральная Конференция проголосовала «за». Генеральная Ассамблея ООН это решение не утвердила. Неофициально, один из секретариата: «В большинстве новых государств даже племенного сознания формы еще не определились, а вы им планетарное предлагаете». Но так всегда и будет, если не предлагать планетарное! И мы предложили.

Первая международная конференция проекта собрала в Париже (2008 г.) археологов, историков, антропологов, географов. Заслушан и обсужден был доклад, и никто не оспорил основные положения – вид Homo Sapiens произошел около 100 тысяч лет назад в экваториальной части Восточной Африки.

[С тех пор состоялось пять конференций «Великие переселения...» – Нью-Йорк (2011), Сеул (2013), Гранада (2014), Иерусалим (2015). Шестая планировалась в 2016 г. в Стамбуле, но Штаб-квартира ЮНЕСКО приостановила ее по соображениям безопасности.]

Многое о себе успели узнать хотя бы эскизно. Как племена растущего

Человечества расходились из Африки. Через пролив Индийского океана высаживались на берега Аравийского полуострова, доходили через моря до Австралии (уже 70 тысяч лет назад!). На чем? Но ведь добрались!

Наиболее активная и многочисленная, наверное, часть Вида Мыслящих вышла в Палеолите к Средиземному морю и постепенно расселилась вокруг него. На северо-западном побережье Средиземного, в горных пещерах Испании и юга Франции обнаружены самые древние знаки солнца, рисованные и воплощенные в предметах. Там, в тех краях возникло солнцепочитание.

(Создаваемый Институт Солнца проведет анализ всех знаков божественного светила, дошедших до нас:

➤ *ut (ud)* – «солнце» (шум., IV тыс. до н.э.);

⊕ *utu (udu)* – «бог солнца» (шум.);

⊙ *Ra* – «бог солнца» (Др. Египет, III-I тыс. до н.э.);

⊙ ? – «солнце» (древ.-кит., II тыс. до н.э. Название не сохранилось);

☐ *ri* – «солнце» (кит., I тыс. до н.э. – наши дни);

☼ *kiŋ (kin, king)* – «солнце» (мая, I тыс. до н.э. – XV в.);

Ⓓ *jaj – 1*) «солнце»; 2) «лук» (древ.-тюрк., ? – VIII в.).

Накопленный опыт уже позволяет восстановить названия древ.-кит. иероглифов и прочесть имена знаков солнца из палеолитических пещер: ☼ ☉.

Этим именам около пятидесяти тысяч лет. Возраст религии Солнца. Первые названия, конечно, отличались от тех, что дошли до исторического времени. Но семантика священных знаков и основные формы графем сохранились вплоть до эры новейших религий, выросших из Солнечной, которая возникла как отрицание Лунной. Ночи на северном берегу Средиземного моря холодные. И теплое светило утра стало богом! Но как изобразить солнце? Окружность начертить? Но ведь и луна – круг!

Нашли выход – отринутая, убитая луна стала символом солнца!:



– «луна и копье»;

– «луна и рана».

Открытие в области исторических знаний являются, по сути, воспоминанием забытого. Как назывались «копье» и «луна» в палеолите, мы уже вспомнили.

II

Анализируя знаки солнца, мы восстанавливаем («вспоминаем») грамматику сложного иероглифа.

Первое правило: «Соединяя знаки, соединяй их названия».

Это правило действовало все время, пока создавались сложные образные графемы. Дожило и до алфавитов.

В бронзовом веке, когда  *aj* – «луна» (тюр.) и  *i* («стрела»). Создавался иероглиф  *jaj*. С него в Институте Солнца мы и начнем общую тему – «Тюрки в Древнем Средиземноморье»³.

Культ Солнца-сына

Древнее Средиземноморье и близкие к нему территории в Европе, в Передней Азии, Малой Азии, Кавказа – эти места долго были промежуточной прародиной Человечества. Там почти до бронзового века обитало почти все человечество. Там сформировались культуры, языки, первобытные письменности всех этносов. (В т. ч. и тюрков, и славян. Это подсказка – для тюркологов и славистов.)

Если на западе Европы находят памятники культуры, которым более 10 тысяч лет, то восточней Индии не

обнаружен ни один старше II тысячелетия до н.э. Индию представители вида *Homo Sapiens* начали заселять только в конце III тысячелетия до н.э., когда жрецы повели племена солнцепоклонников на восход, на поиски родины Солнца. Тогда возник культ юного Солнца – «сына Луны».

...Знак солнца , светивший в Древнем Египте, дошел до Тихого океана во II тысячелетии до н.э.: обнаружился в числе древнекитайских иероглифов. А с точкой, обретшей лучистость, перебрался через океан. Грамматисты майя переосмыслили значение окружности. Они увидели в ней не Луну, а небо, в котором сияет солнышко. А небо – не идеальный круг: горизонт, когда плывешь по океану – замкнутая, но весьма волнистая линия: .

Китайцы дошли до берега Тихого океана. Японцы прошли дальше и остановились на островах. «Хватит! Это и есть страна восходящего Солнца!».

Когда китайцы в квадратном письме превратили «солнце» с точкой в «солнце» с чертой  *ři* – «солнце» (I тыс. до н.э.) тогда и японцы перечертили  и превратили свой путеводный знак в герб и знамя!

А фанатичные жрецы майя, инков, ацтеков увели поколения своих неистощимых племен в каяках и пирогах через тайфуны до первых островов, потом оставшихся выносило на следующие, пока через века единицы, десятки не достигли Утреннего континента. Может быть, там некоторые морепроходцы и согласились, что линии горизонта достичь невозможно.

Почему не все этносы из «промежуточной прародины» ушли на Восток? Древние европейцы, шумеры, семиты... Неужели они уже знали, что Земля – шар, а у шара краев нет?

Причина другая, о ней скоро поговорят студенты Института Солнца.

Каирский музей

Лет пятнадцать назад побывал в Египте. До этого только читал. Часы

³ В книгах по истории письма древнетюркскому алфавиту уделяется внимание на несколько строк. Сказано, что этот алфавит, скорее всего, заимствован у согдийских купцов, караваны которых доходили от Средней Азии до Монголии, и никакого, даже сравнительного, анализа. Иначе заметили бы уникальную особенность этого алфавита – несколько букв-иероглифов:  *ab* – «юрта, жилище»,  *oq* – «стрела»,  *jaj* – 1) «солнце», 2) «лук»,  *tan* – «восход» и др.

провел в музее. Постоял у изображения Гора-сына. Вполне себе молодой человек, но с головой сокола. Я тогда уже пытался проводить сравнения Гора-сына с тюрко-огузским *Gör-ogly* (*Gör-сын*), с греческим *Ger-akl(os)*, но пока ничего, кроме некоего фонетического сходства имен героев в активе не наблюдалось. Увидел в музее изображение Гора-сына в римских латах, верхом на коне, копьем поражающего змея. Это уже конец I тысячелетия до н.э. Осталось пару столетий до начала эры христианства. И эта скульптура поможет жрецам новой религии создать образ святого Георгия-Победоносца, поразившего Змея.

В моем блокноте сохранились записи от той экскурсии. *Gör-ogly* > *Gior-gl* > *Gior-gi*...

Работая над книгой «Язык письма» (Рим, 1998 г.), я увидел то, чего не заметили европейские лингвисты – нефонетическое чередование *l/i*, которое произошло в годы освоения латинского алфавита. Буква **L** в текстах, вероятно, путалась с похожей рукописной **l** «i». И чаще всего это отражалось в итальянских словах. Наше посольство⁴ разместились в центре Рима на площади Фарнезе. Немец скажет – плац Фарнезе. Итальянец – пиацца Фарнезе. Бланк – бианко, плюс – пью... Десятки таких слов с «итальянским акцентом»!

А одним из самых первых таких прочтений могло быть *Gior-gL* > *Gior-gi*.

II

В том же блокноте наброски передачи «аппенинцами» мягкого *ö*:

Gior

Gör Gor

Ger

Знак солнца ☉ имел разные названия в Египте. Нам известно – *Ra*, но было и тюркское *Gör* – 1) «солнце»; 2) «день»; 3) «глаз».

Возможно, сохранилось во фр. **Giur* – «день» – нынешнее написание *joure* и ит. *giorno* – «день». (Бон жюр! Бон жёрно! – звучит уже более 2 тыс. лет.) Но итальянец обозначил этим словом деталь сложного знака. Точку.

Я в то время работал над воспоминанием Третьего правила грамматики иероглифа: «Чтобы назвать деталь сложного знака, заимствованного вместе с названием, отрицай общее название». ☉ *Gör* > *Gior*. Точка – **gior-no* – «день» (ит.).

Славяне заимствуют знак вместе с итальянским названием Точки, но с потерей первого смысла: *giorno* > *čorno* – «чёрно». И слово становится определением цвета Точки.

Этот же знак достается протолатинам. Они тоже интересуются Точкой, применяют то же правило, но отрицание – предлогом: ☉ *Gör* > *Ger*. Точка: *ni-ger* – «черное» (лат.).

Эти примеры добавляли уверенности сравнениям

Gior-gl > *Gior-gi*

Gör-ogly

Ger-akl...

Фараон и коршун

В одном из залов музея среди десятков предметов, извлеченных из пирамид, я увидел скульптурную группку – маленький фараон. Просто мальчик в одежде фараона, сидит на корточках под опущенными крыльями коршуна. Спросил у проходящего экскурсовода: «Что это обозначает?». «Просто игрушка такая была.» Как отмахнулся. И ушел со своей делегацией.

«Игрушка» излучала какую-то негативную энергию. Мрачный коршун, конусом опущенные крылья. И под ними маленький, вовсе не веселый мальчик в царском обличи.

Потом, через годы, я перевел эту художественную композицию в лексический ряд: *per-o* – «фараон», *mut* – «коршун» (древ.-егип.).

⁴ Был первым Послом Казахстана в Италии, Греции, на Мальте с 1995 по 2001 г.

Консонантным письмом эти два слова изображались в подписи – *prmt*.

Я полагаю, что эта скульптурная картина была художественным сообщением о кончине фараона – сына Солнца или Солнца-сына, то есть маленького Солнца. Той самой Точки в центре круга. Зрачка в оке.

Сколько ушло фараонов, столько было таких сообщений. Кому? Людям, богам, истории?

Крылья коршуна (птицы Смерти) повторяли очерк пирамиды – .

Пирамида, Прометей и Олимпийские «игры»

Греки видели графическое и художественное воплощения знака Смерти Фараона: . И слышали или читали его египетское наименование: 1) *per-o-mut*; 2) *prmt*.

В византийское время грамматисты совершили ошибку. Создавая пары букв – заглавная, строчная – они прикрепили к большой Y – «и-грек», т.е. и-греческий (лат.) «малую» , сделав ее строчной. И с тех пор древнегреческие слова, содержащие в письме букву , читаются с византийской ошибкой.

И *peromut* прочлось – *peromyt*.

Поэты, толкую египетский знак и название, сложили прекрасную легенду в духе платоновского социализма.

Бого-герой Прометей (**Promyt-tey*) поднимается на вершину священной горы *Olimp*, где у костров пируют боги. Крадет головешку, чтобы донести огонь людям, мерзнувшим у подножья, но не донес. Его схватили на спуске, приковали к середине горы, и **коршуны** выклевали ему печень.

Видимо, в разные времена у разных народов греки узнавали названия этой фигуры Смерти Властителя.  
**per-o-mut* > *per-o-myt*; *prmt*.

Тюрки перевели на свой язык: *Ölim-pij* – «Смерть Властителя»

Ölim – «смерть», *pij* – «властитель» (общетюрк.)

В каз.: *bij* – 1) *«властитель»; 2) «судья». *Bijlik* – «власть».

Как произошли Олимпийские игры?

Они происходили всюду в Древнем Средиземноморье и Древней Передней и Малой Азии, где обитали тюркские племена – огузов, кипчаков, карлуков, болгар... Эти «игры» случались сразу после смерти племенного вождя. От старости тогда правители не умирали, и власть по наследству его отпрыскам не переходила. Поэтому требовалось немедленно избрать нового. самого сильного, меткого, быстрого, выносливого. Искусного оратора. От этого зависела судьба племени.

И выигравший во всех этих состязаниях считался избранным на племенной (государственный) трон. Тогда появилось слово Первый, то есть высший, лучший.

От обряда (тризна – выборы) осталась только традиция спортивных состязаний (Олимпийские игры в Греции, а ныне – в Море).

В среде тюрков-кочевников до XX века сохранялся обряд спортивных состязаний на тризне. И айтыс – спор, диспут, дискуссия – выявлявшие ораторские и поэтические способности человека. Тогда такие прения были необходимы для выборов. А ныне это просто забава, зрелище, состязание острословов.

Первые

Какое еще наследство оставили первые Олимпийские «игры»?

Лексические следы тюркского присутствия в Древнем Средиземноморье. На Аппенинском полуострове в I тысячелетии до н.э. отметились болгары (*vulgar*) и общетюрки. Болгары были культурно активным компонентом полиэтничного населения города-государства *Lati* (ныне – итальянская провинция Лацио). Оттуда – латины, которые оказались самым воинственным народом Латии. Они захватили молодой Рим, разгромили Этрусскую Федерацию, в исход ушли многие этносы, в том числе и болгары, и их со-

седи по Латии, которые дошли до Балтийского моря (латыши, литовцы).

Эту начальную страницу истории Римской империи надо изучить во всех неожиданных подробностях, чтобы понять даже это – происхождение порядковых чисел в индоевропейских, и конкретно, первого порядкового.

Нынешняя лингвистика не отвечает на вопрос, почему европейское порядковое 1-й никак не родственно количественному – 1?

Сравните латинские *unus* – «1», *primus* – «1-й». Общего – только окончание м.р. *-us*.

Схожая картина расхождений количественных и порядковых во всех языках Европы: *one* – *first* (англ.), *один* – «первый» (рус.) и т.д.

во Франции. Но не в России и СНГ. Сначала были контакты в основном с западными литераторами, манила и увлекала западная литература, потом восточно-европейская, а сейчас, как мне кажется, интеллектуалам независимых стран, ранее входивших в СССР, настало время обратить внимание друг на друга, восстановить утерянные конструктивные связи. Ведь у нас до сих пор очень много общего. А вместе деятелям культуры легче выживать в этом окончательно обезумевшем мире Третьего тысячелетия. Мире, наполненном глупостью, нетерпимостью и враждой. «Интеллектуалы всех стран, соединяйтесь!» – перефразировал бы я прежний коммунистический лозунг.

– Какова сегодня, на Ваш взгляд, роль национальной литературы? Меняются ли ее задачи от века к веку?

– Каждая национальная литература сохраняет духовные ценности своего народа. Всегда. В самых разных формах. У вас были средневековые певцы и сказители, были Абай и Шакарим, продолжатели их мыслей и идей сейчас – Олжас Сулейменов, Роллан Сейсенбаев. Извините, я многих казахских литераторов не знаю. Переводы-то почти исчезли.

– Кто для Вас «герой нашего времени» сегодня?

– Простой человек, который сохраняет здравомыслие несмотря ни на что. Заботится о близких, о родине. Не реагирует на вранье, пропаганду и провокации. Воспитывает детей. Помнит о предках. Эти люди – соль земли. А во все не модные политики, нувориши или развязные телевизионные клоуны.

– Евгений Анатольевич, с кем из казахстанских или российских писателей Вы бы хотели поговорить?

– С Олжасом Сулейменовым. Он – легендарная личность и в России. Я знал его старых друзей – поэта Андрея Вознесенского, актрису Татьяну Лаврову. Зачитывался в юности книгой «Аз и я». А русских писателей – так получилось! – я многих знал и со многими успел поговорить. Это и ушедшие классики Валентин Катаев, Вениамин Каверин, Юрий Домбровский, Виктор Астафьев, и «шестидесятники» Аксенов, Ахмадулина, Бродский, Шукшин, и ныне живущие Битов, Евтушенко. Много общаюсь с молодыми литераторами. Некоторые из них за эти годы тоже стали литературными «звездами». Фамилии называть не буду из педагогических соображений.

– Как Вы относитесь к современной журналистике? Есть ли в ней место для писательской журналистики – публицистики?

– Есть. Я много работал для известных у нас в стране газет и журналов, когда настали новые времена и отпала необходимость врать. Эссе, воспоминания, путевые очерки, беседы с известными и неизвестными людьми, начиная от Михаила Горбачева и заканчивая слесарем-сантехником Володей Хомяковым, умнейшим, хотя и пьющим человеком. Часть этих журналистских материалов вошла в мои книги, где я их монтирую с «чистой» прозой.

– Как Вы относитесь к гляцевым журналам?

– Хорошо. Глянцевые журналы больше платят (шутка). Хотя и истина – за рассказ одного и того же объема я получил в гляцевом журнале 1000 долларов, а в знаменитом литературном – 20. Но меня, слава Богу, уже никто не учит писать, что любят проделывать «гляцевые» с молодыми литераторами. Должно быть наоборот – писатели

должны вырабатывать вкус у гляцевых журналов, оберегая их от пошлости и «желтизны». И такие журналы у нас уже есть. Например, журналы «Сноб», «Эскавайр».

– Победит ли интернет (телевидение) печатные газеты?

– Нет. В газету можно завернуть селедку (колбасу), а в интернет (телевидение) нельзя. Это шутка, но, если серьезно, печатная газета еще долго будет символом цивилизации.

– Вы знаете Роллана Сейсенбаева 40 лет. Расскажите, пожалуйста, о Вашей дружбе. С чего все начиналось? Что связывает Вас сейчас?

– Мы сверстники. Мы были молоды. Мы встретились в Москве. Мы жили в тоталитарном государстве, но нас интересовала только литература. Тогдашняя литературная власть, как я уже говорил, сдуру объявила меня литературным диссидентом, хотя я таковым никогда не был, а просто писал все, что я хочу. И Роллан, занимавший тогда официальный пост, не отшатнулся от меня, тайно подбрасывал мне литературную работу. Мы много говорили о литературе, вообще о культуре, о русских и казахах. Я хорошо знаю его замечательную семью. Жену Клару-ханум. Ныне повзрослевших Мархабу и Дархана помню красивыми детьми. Я ценю его книги – и новые, и старые, о чем неоднократно писал и говорил. Мы долгие годы не делились, но я всегда ощущал незримую связь с ним. Мы встретились, и нам снова стало интересно общаться, говорить, рассуждать. Он – незаурядная, уникальная личность.

– Евгений Анатольевич, что связывает Вас с Казахстаном? Почему Вы решили принять приглашение и приехать в КазНУ?

– Потому что я давно хотел побывать в Казахстане, где жили жырау и акыны, где прославили на весь мир вашу землю аль-Фараби, Шокан Валиханов, Абай, Шакарим, Сейфулин, Нурпеисов, Ауэзов и другие мудрецы.

Алматы – город, о котором я так много знал и читал, мне очень понравился своим «лица необщим выражением» и грандиозным видением мощного снежного заилийского Алатау. О современном Казахстане я пока что не смею судить, был только в Алматы. Хотя уже сейчас несколько по-другому, более зримо воспринимаю тексты, связанные с Казахстаном. Например, прозу Юрия Домбровского, которого я в юности хорошо знал.

Университет огромный, красивый, мирового уровня. И студенты, с которыми я общался, читая лекции по русской литературе, ему под стать. Любопытные, жаждущие узнать что-то новое для того, чтобы укорениться в этой жизни. Талантливые! Как пели и танцевали на юбилее журнала «Аманат»! Потрясло, что ваш ректор не только ученый, но и


поэт. Приятно, что аспиранты, преподаватели разных кафедр эрудированы, умны, точны без всякого налета так называемого «провинциализма». Я мог говорить с ними свободно, зная, что они меня поймут без оговорок.

– Ваши пожелания читателям журнала «Айқап».

– Счастья, мира и покоя. И это не расхожие слова. Мы все русские и казахи, интеллектуалы и простые люди, «левые» и «правые», «почвенники» и «космополиты» – должны успокоиться и продолжить цивилизованную жизнь на земле. А самому журналу желаю упрочения его благородной просветительской деятельности, которой он занимается вот уже более столетия.

– Спасибо за беседу!

Елена Дудинова
07-19.10.2016
Алматы – Москва



Об авторе: украинский писатель и журналист, редактор, издатель, переводчик, президент Международной Академии литературы и искусства Украины, автор более 60-ти книг, член Национального Союза писателей Украины, ряда зарубежных академий, лауреат международных и национальных литературных премий.

About the author: Ukrainian writer and journalist, editor, publisher, translator, president of the International Academy of Literature and Arts of Ukraine, author of more than 60 books, a member of the National Union of Writers of Ukraine, a number of foreign academies, the winner of national and international literary awards.

Автор туралы: украин жазушысы, журналист, редактор, баспагер, аудармашы, Украина өнер және әдебиет халықаралық академиясының президенті, 60-тан астам кітаптың авторы, Украина Жазушылар Ұлттық Одағының, бірқатар шетелдік академиялардың мүшесі, ұлттық және халықаралық әдеби сыйлықтардың лауреаты.



Сергей ДЗЮБА

У НАШИХ НАРОДОВ И ЛИТЕРАТУР МНОГО ОБЩЕГО

Аннотация: Интервью посвящено творчеству и плодотворной общественной деятельности президента Международной Академии литературы и искусства Украины Сергея Дзюбы. С особым чувством Сергей Викторович говорил о своем опыте переводов поэзии Галымкайыра Мутанова, называл любимые стихотворения. Мысли журналиста, редактора, издателя созвучны современному пониманию культурного просветительства и пропаганды литературы и искусства среди молодежи.

Sergej DZJUBA

OUR PEOPLES AND LITERATURE HAVE MUCH IN COMMON

Summary: Interview devoted to creativity and fruitful public activities of the President of the International Academy of Literature and Arts of Ukraine Sergei Dziuba. With a special feeling Sergey Viktorovich spoke about his experience of translations of poetry rector of Al-Farabi Kazakh National University academician Galymkajir Mutanov, called favorite poem. Reflections of a journalist, editor, publisher in tune with the modern understanding of cultural enlightenment and promotion of literature and the arts among young people.

Сергей ДЗЮБА

БІЗДІҢ ХАЛЫҚТАР АРАСЫНДА ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТІМІЗДЕ ОРТАҚ НӘРСЕЛЕР КӨП

Андатпа: Сұхбат Украинаның Әдебиет және өнер халықаралық академиясының президенті Сергей Дзюбаның шығармашылығы мен қоғамдық қызметіне арналған. Сергей Викторович әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректоры, академик Ғалымқайыр Мұтановтың өлең-жырларын аудару тәжірибесі туралы әңгімелеп, сүйікті шығармаларын атап өтеді. Журналист, редактор, баспагер ойлары мәдени ағартушылық және жастар арасында әдебиет пен өнерді насихаттауға қатысты қазіргі көзқараспен үндес.

– Сергей Викторович, спасибо, что согласились на интервью. Миссия посланника украинской литературы – не лёгкая ноша, а веление души. Вы согласны?

– Безусловно! Как то, принимая писателей из Словении, мы с супругой с удивлением обнаружили, что наши весьма образованные гости ничего не слышали про украинскую литературу. Ни про Тараса Шевченко, Ивана Франко, ни про Лесю Украинку... Зато они знали албанских, македонских писателей. Это было обидно. Возникла мысль – объединить народы путем переводов лучших литературных произведений. Многие считали это пустой фантазией. Такая миссия потребовала от нас полной отдачи. Я стал языковедом, стилистом, страноведом, дипломатом. Когда отдыхал, не помню. Сначала бились, как говорят, «лбом об стену». Ничего не получалось. Поворотным моментом стала поездка в Варну на международный фестиваль, где мы убедили несколько человек участвовать в нашем проекте литературных переводов. Мы переняли опыт работы других международных литературных академий. Прошло всего четыре года, а результаты ошеломляющие. Сегодня у нас есть возможность выйти на самые престижные информационные площадки. Нас знают и ценят во многих странах.

– Мы знаем, какой весомый вклад в науку, литературный процесс вносит ваша супруга, Татьяна Анатольевна Дзюба – писатель, журналист, учёный, доктор наук по социальным коммуникациям, профессор. Ее образ, видение и понимание ситуации способствуют Вашей трудоспособности?

Это большое счастье – найти родного человека, единого с тобой мыслями и чувствами. Мы с Таней дышим одним

воздухом. Все мои произведения посвящены ей (по мнению специалистов, это единственный случай в истории мировой литературы). Во всех моих достижениях присутствует супруга. Наши произведения переведены на 61 язык мира. В США, Польше, Франции публикуются книги стихов. В Великобритании вышло уже второе издание «Стихов для Тани» на пяти языках: английском, украинском, русском, польском и сербском.

Недавно и в Казахстане увидел свет поэтический сборник «Последнее кочевье любви» на казахском и русском языках. Изумительный и тонкий перевод на казахский язык сделал талантливый литературовед и писатель Ауэзхан Кодар, а на русский – замечательный поэт Владимир Ильин.

– Каким был Ваш путь в литературу?

Я, как и многие писатели, прошел журналистские университеты. Начинать корреспондентом областной молодежной газеты «Гарт» в 1989 году. Был собкором газеты «Молодёжь Украины», собкором радио «Свобода», возглавлял общественную организацию «Черниговский медиа-клуб», информ-агентство «Медиа-пространство», Черниговский корпункт журнала «Украина». Поработал на радио не только в качестве журналиста, но и драматурга, режиссера-постановщика и даже актера. В эфир вышло 36 радиопьес. С 2016 года – заместитель главного редактора Черниговской областной газеты «Деснянская правда».

Писал об украинских миротворцах и соотечественниках, воевавших в советские времена в Афганистане, Египте, Вьетнаме и других странах. Культура, искусство, литература, спорт – мои любимые темы. Мне всегда был интересен экстрим, мистика, детективные истории. Постепенно начал писать художественные книги, стихи, публиковаться.

В свет вышло уже 63 книги. Поэтические сборники: «Когда-то я напишу последнее стихотворение», «Солнце пахнет снегом и яблоками», «В июле наших лет» и другие. Книги пародий «Любовь с троллейбусом», «Зима такая маленькая, как японка», «Каждой женщине хочется... на Марс». Романы-сказки: «Кракатунчик – кленовый бог», «Гопки для Кракатунчика» и др. Сегодня много времени занимает переводческая деятельность.

– Что вам нравится в работе переводчика?

Сделать возможной коммуникацию между людьми, не имеющими общего языка общения. Моя супруга Татьяна Анатольевна профессионально переводит с немецкого языка. А я переводческой деятельностью занялся неожиданно, постепенно втянулся и получаю от этого процесса удовольствие. Я перевожу со славянских языков. За 4 года переводческой деятельности мы получили 30 престижных наград.

Убежден, что необходимо сохранять мелодику и ритмику стихотворения, его особое звучание на родном языке. Я работаю в основном с оригиналами и подстрочниками. Так я переводил с персидского, туркменского, армянского, казахского. Мой опыт художественного перевода показывает, что выработанные в его процессе методы требуют тщательного отбора для получения адекватного результата. Переводы научных работников – это просто подстрочники. Чтобы переводить стихотворный текст, переводчик сам должен быть поэтом, чувствовать образы, внутренний ритм.

– Как Вы относитесь к высказыванию «Перевести произведение с одного языка на другой – все равно что снять с него кожу, перевезти через границу и там нарядить в национальный костюм»?

Жестоко сказано. По-моему, процесс перевода – это стремление понять другую культуру. Передача национального своеобразия подлинника, его особой окраски, связанной с создавшей его этнической средой, относится к числу основных проблем и одновременно целей переводческой деятельности.

Переводчик – связующее звено между народами. Он стремится адаптировать текст перевода к ментальности своей нации. Это должно быть понятно, музыкально, гармонично. Я считаю, что перевести адекватно текст значит пропустить его через свою душу. Тогда читатель не различает, где переводчик, а где автор, ему легко и комфортно читать такой перевод.

Переводы на украинский язык звучат как музыка. Украинская литература, в том числе переводная, достойна своих читателей. Только почитайте наших современных авторов: Лину Костенко, Бориса Олійника, Василя Голубородько. Прозаиков Валерия Шевчука, Василя Слупчука.

– Почему Вы заинтересовались Казахстаном?

Мне кажется, у наших народов и литератур много общего. И сейчас, разговаривая с казахстанцами, мы часто произносим: «И у нас так же!» После распада СССР связи, в том числе и литературные, были утрачены.

Сначала нам пришлось искать единомышленников по интернету. Нас никто не знал, нужны были рекомендации. Мы обратились к поэту Бахыту Кенжееву, ныне живущему в США, с просьбой познакомить нас с казахстанскими переводчиками. Он порекомендовал Ауэзхана Кодара, талантливого литературоведа, поэта, философа и переводчика. Мы стали очень хорошими друзьями, подготовили переводы, выпустили книги. Ауэзхан Кодар говорил о двойном юбилее: ему исполнялось 55

лет, а журналу «Тамыр», редактором и учредителем которого он являлся – 15. У нас были планы, новые идеи. Олег Гончаренко перевел произведения Кодара на украинский язык.

Но, пришла страшная весть. В июле 2016 ушел из жизни наш Ауэзхан. Это невосполнимая потеря. Мы привезли почетную награду имени Григория Сковороды, которую вручим посмертно.

Сегодня мы активно работаем с Ролланом Сейсенбаевым. Много планов, творческих идей. Надо продолжить дело Ауэзхана, сближать наши культуры через литературу.

Здесь, в Казахстане я открыл для себя, а затем и украинского читателя нового интересного и самобытного автора Галыма Мутанова. Меня увлекли его произведения, видение и чувство ученого и поэта. Оказывается он уже публикуется в Турции и Азербайджане.

Стихотворения Г. Мутанова я перевел за месяц. Скоро в лучшем украинском журнале «Вселенная» выйдет его книга стихов, завораживающих своей лиричностью. Мне особенно нравятся его «След на песке» и «Сорванный листок».

Интерес к Казахстану, его культуре, литературе за границей огромен. Мне кажется, казахстанская сторона не может выйти на международный рынок из-за отсутствия хороших переводов, литературных агентов. Например, Ауэзхана Кодара переводят не в Казахстане, а в Великобритании, его книги продает лондонское издательство «Пингвин».

– Какие впечатления у Вас от праздничного мероприятия, посвященного 15-летию Международного клуба Абая и литературного журнала «Аманат»?

– Эти даты совпали с 70-летним юбилеем учредителя литературного клуба – Роллана Шакеновича Сей-

сенбаева, что было приятно вдвойне. Деятельность клуба Абая и значимый вклад в культуру Казахстана журнала «Аманат» вызывают уважение во всем мире. Радует, что современные молодые люди ценят и понимают важность и присутствие такого издания в медийном поле страны. Так старшее поколение передает свои знания, духовный опыт младшему.

В завершение вечера были вручены заслуженные награды и медали выдающимся поэтам и писателям стран СНГ. Мы были награждены медалями Международного клуба Абая, что для нас очень почетно.

От имени Международной Академии литературы и искусства Украины мы вручили Роллану Сейсенбаеву Международную литературную премию имени Николая Гоголя «Триумф» за произведение «Мертвые бродят в песках». Роллан Шакенович стал Академиком Украинской Академии литературы и искусства. Почетную награду получил ректор КазНУ имени аль-Фараби Галым Мутанов за вклад в философскую поэзию.

– Что Вы скажете о нашем университете, казахстанских студентах?

– Ваш университет – уникальный вуз, мощный и современный, с богатыми традициями. Мы были прикреплены к филологическому факультету, что расширило наши представления о казахстанской литературе. Для нас провели очень интересную экскурсию, мы осмотрели студенческий кампус, центр «Керемет». Все компактно, более 500 услуг! За 5 минут студент может сделать массу дел. Решить многие вопросы. Такого я не видел нигде.

Мы много говорили со студентами неформально. Читали лекции. Были на совместных экскурсиях. У вас очень хорошие студенты. Не отвлекаются на посторонние разговоры, внимательно

слушают, задают интересные вопросы о войне, положении в стране, литературе, переводческой деятельности. С некоторыми из них мы обменялись адресами с целью дальнейшего общения на ниве переводов. Правдивой информации об Украине мало, поэтому такое общение дорогого стоило.

– *Какие воспоминания о Казахстане Вы увезете с собой?*

– Теперь мы с Татьяной – друзья Казахстана. Для нас честь пропагандировать вашу литературу. В плане культурных коммуникаций мы можем сделать больше для наших стран, чем официальные органы. Нам очень нравятся инициативы вашего Президента.

Сейчас хорошее время, чтобы прийти на украинский рынок. Наша задача – наладить общение на уровне национальных элит.


Мы были во многих странах. Но нигде нас не принимали так, как в Казахстане. Радушные, дружелюбные люди. К гостям относятся уважительно и трепетно. Очень хорошие и теплые воспоминания увозим мы с собой и, конечно, надежду на дружбу и сотрудничество.

– *Большое спасибо за интервью!*

От имени редакции желаю всего хорошего Вашей семье и успехов в работе!

*Беседовала
Лариса Мухамадиева*





КЕНЖЕҒАЛИ САҒАДИЕВ

Өскелең ұрпаққа өнеге

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті еліміздің мемлекет және қоғам қайраткерлеріне, ұстаз, ғалымдарға, Қазақстан ғылымы мен білімінің бастауында тұрған тұлғаларға арналған «Өнегелі өмір» атты сериялық кітап шығаруын одан әрі жалғастыруда. Ірі ғалым, педагог, жоғары мектеп ұйымдастырушыларының бірі, көрнекті қоғам қайраткері, экономика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ғылым

академиясының толық мүшесі Кенжеғали Әбенұлы Сағадиев 1938 жылдың 18 ақпанында Қостанай облысы Жангелдин ауданының 1-ауылында дүниеге келген. 1955 жылы Әулиекөл орта мектебін күміс медальмен бітірген ол қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің экономика факультетіне түсіп, 1960 жылы оны үздік тамамдайды. Еңбек жолын өзі білім алған университетте оқытушылық қызметтен бастады.

К.Ә. Сағадиев – Қазақстанның төрт бірдей жетекші оқу орнының ректоры қызметін атқарған көреген басшы. Өзі басшылық еткен жоғары оқу орындарында оқу-тәрбие үдерісінің сапасын көтерудің тиімді тәсілдерін таба білді, өз ұжымының ғылыми мекемелермен және өндіріспен байланысын ұлғайтты, материалдық-техникалық базасын нығайтуға үлкен күш салды.

Ғылыми шығармашылық интеллигенция К.Ә. Сағадиевтің ғалымдық және ұйымдастырушылық қабілетін жоғары бағалап, оны 1994 жылдың 2 ақпанында Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым академиясының Президенті етіп сайлады. Қазақстан ғылымы мен жоғары мектебінің тарихында бірінен кейін бірін жалғастыра республиканың төрт ірі жоғары оқу орнын және ҚР Ұлттық Ғылым академиясын басқарған адам жоқ. Бұл құбылыс К.Ә. Сағадиевтің асқан кәсіби шеберлігін, ұйымдастырушылық қабілетін танытса керек.

2004-2007 жылдар аралығында К.Ә. Сағадиев ҚР үшінші және төртінші шақырылым Парламенті Мәжілісінің депутаттығына сайланды. Еліміздің білім-ғылым саласын дамытуға зор үлес қосқан халқымыздың біртуар азаматы – Кенжеғали Әбенұлының өмір жолы, ғылыми мұрасы өскелең ұрпаққа өнеге болар деген ниетпен осы кітапты ұсынып отырмыз.

*Бас редактор ректор
Ғ. Мұтанов*

Автор туралы: қазақ халқының көрнекті ақыны, жазушысы. Журналист-баспагер. Халық мұрасын жинаушы, зерттеуші, жариялаушы. Сталиндік-голощекиндік репрессия құрбаны болған.

About the author: Famous Kazakh poet, writer, journalist and publisher. The researcher and collector of folk art. Victim of repression.

Об авторе: известный казахский поэт, писатель, публицист-издатель. Исследователь и собиратель народного творчества. Репрессирован.



Ілияс ЖАНСУГІРОВ

ЖАРКЕНТ ҮЙЕЗІНДЕ

Андатпа: Автор бұл зерттеу мақаласында 1916 жылы тәуелсіздік үшін болған көтерілістің Жаркент уезінде қалай басталып, қалай өрбігенін және соңы немен аяқталғанын нақты деректерге жүгіне отырып баяндайды. Жазушының жазу мәнері сол калпында сақталды.

**I'jas ZHANSUGUROV
INDZARKENTCOUNTY**

Summary: The author studied the causes, stages and consequences liberation uprising of 1916 in Zharkent district, based on primary sources. The author's style is saved.

**Ильяс ЖАНСУГУРОВ
В ЖАРКЕНТСКОМ УЕЗДЕ**

Аннотация: Автор исследовал причины освободительного восстания 1916 года в Жаркентском уезде, этапы и последствия на основе первоисточников. Сохранен авторский стиль.

Жаркент оязындағы Албан қонысында Қарқара деген жәрмеңке бар еді. Бұл жәрмеңкеге күнбатыс Қытай мен Ресей саудасы тоқайласатын еді. Жәрмеңкенің саудаға салынған сомасы кей жылы миллионға жететін. (Көтеріліс туралы сол күнде баяндама жазған әскербасы Недизбетский деген Жетісудағы көтерілістің Герман, Түрік агенттерінің Қытай арқылы азғыруымен болды дейтіні бар. Онда ол: «Герман, Түрік агенттері Қашқар, Құлжа маңында тұрып, Қарақолдан, Жаркенттен апиын кесуге келген қытай жұмысшылары және Қарқара жәрмеңкесіне қатынаскан қытай саудагері қырғыз-қазақ ішіне орысқа қарсы көтеріліс жасауға құтыртты», дейді. Онысы жалған жорамал).

Жаркент оязы Қытайға шектес болған соң, оған өкімет өте сақ болған. Казак-орыс, Қарақол қалаларын қаруландырған. Июнь жарлығы жарияланарда Крапшенко дегенді бас қылып, Қарқараға атрет жіберген.

Жаркенттегі алғашқы төңкеріс ұшқыны ағұстің 12-сі ұшқындады. Бұған дем берген Алматы оязындағы Қызылбөріктердің көтерілісі. Шелек, Меркі және басқа болыстардың қазақтары жиналып, ағұстің 12-сі күні шет Меркідегі Нашебкин деген крестиеннің тиірменін талап (тиірмен қазақ жеріне басып салынған), өзін өлтіріп, әйелін байлап, тиірменді өртеп жібереді. Онан Жалаңаш қаласына соқтықты. Қаладағы казак-орыстар мылтық атып кіргізбеді. Егіннен ұстап алып екі казак-орысты өлтіріп, қаланың малын тиіп әкетті және сол күні Шелек басына салынған Нобо-Апон қалашығына қазақ тиіп, қаланың бәрін өртеген. Қала адамдары старыстаның қорасына жиналып, кешке дейін атысқан. Жалаңаштан шыққан прапорщик Берг атреті қаланы арашалаған. Қазақтар тауды бауырлай Кегенге қарай жүріп, жолдағы орыс қыстауларының, зайымкерлерінің барлығын өртеген.

Бұл жолда Спетсебкий деген поселкені отқа жағып, қазақ қолы со бетімен Қарқарадағы Албанға қосылған.

Ағұстің 13-і күні Қарқараға шабуыл жасалды. Жәрмеңкені қамады. Бірақ күні бұрыннан дайындалып тұрған атрет қазақтың түтінін тұман қылды. Бергтің атреті қазақтың артынан Кеңсу өрлеп түсіп, Крапшенконың артеті Қарқарадан, бір жағынан Қырғызстанның казагі – үшеуі тоқайласып, қазаққа ойнақ салды.

Қазақтар мылтыққа шыдай алмай быт-шыт боп қашып, Кеген, Текес басына кетті. Көп мал, үй, шаруа иесіз шашылып далада қалды. Оны орыс олжа қылды.

Бұл уақытта қырғыздар Қарақолды алуға қам қылды. Қарақолда орыс күші аздық қылды. Сондықтан Қарқарадағы Крапшенкоға жылдам Қарақолға жету керек болды. Ағұстің 14-і түннен жәрмеңкені тастап, саудагерлер мен орыс атреті Қарақолға үркіп кетісті.

Жаркент оязында қазақ соқтыққан қалалар: Спетсебки, Табришски, Бладислабски, Красниарски, Нобо-Апонски, Медански, Шолақ, Медет, Жалаңаш қалалары. Бұлардан басқа жеке тиірмен, займке, хутыр, омарталар да көп болды. Бірақ қаланың үйлері өртеніп, үйі таланса да адам өлуден саябыр болды. Бұл қаланың адамдары переселен қарауында болып, сол жылы қыстай қазақ малымен асыралынды. Ағұстің 10-і күні сәскеде Қарқара жәрмеңкесіне Санташ жақтан және Жалаңаш жақтан қазақтың қалың қолы көрінді. Осы екі қол келіп Қарқараның күнбатыс жағындағы жазыққа кеп қосылысты.

Берг казак-орысты алып алдын тосуға бұйырылған еді. Ол 30 шамалы казак-орысты алып алдын тосты. Оқтың оңтайына келгенде екі-үш рет оқты жаппай жібергенде қазақтар быт-шыт болып қашып кетті. 4 адам оққа ұшып қалды. Ағұстің 12-і күні қазақ Қарқараға соқтығуға Иірсудың бойына

және құралды. 5000 қаралы кісі болды. Қолындағы қаруы – сойыл, бақан, найза, балта еді. Бұған қарсы 25 қазақ-орыспен Берг және прапыршик Моргоның рота-сы шықты. Бұлар қазақты қамап алмақ болып екі бөлінді. Бергтің атретінің алдынан жаяу қазақтар оқ атқан соң, Берг атреті атысып кетті. Қазақтар атыса-атыса тауға қашты.

Берг қорыққан қазақты қуайын десе де оған бұйрық болмады. Сөйтсе де түс мезгілінде Берг өз бетімен шауып кетіп, қалың қазақтың сыртқа беттеп, үріккен көшіне тиді. Түтінін түтінге қосып шапты. Қазақтар жиналып, біресе тиіп, біресе шегініп ұйқы-тұйқы болды. Берг қазақ қолының ішінде жүрген ақ жалау көтерген күміс ер-тоқымды көк атты-ны дәлдеп атты. Сонда бұл атты қолын бұлғап шауып таудан аса жығылды. Бұл өлген болыс екен. Мойнында III-Александрдың алтын медалі бар екен.

Ту ұстаған өлген соң қазақтың жиналғаны быт-шыт боп қашты. Олардың соңына орыстар түсіп, қозы құйрық [қылып] қылышпен қырды. Аяғында Берг атреті 10 000-нан астам сиырды, 40-50 мыңдаған қойды, 40 түйелі мүлікті (бірнеше мылтықты) Қарқара жәрмеңкесіне айдап келді.

Ағұстің 13-і күні Қарақол жағындағы жолдан бір топ қол көрінді. Алдынан Берг тағы қарсы шықты. Бұлар 300-дей Қарақолдағы апиын кесуге келген қытай, дүңген кедейлері екен. Орыс атреті бұлардың алдынан оқ атып, быт-шытын шығарды. Олар Қарқараны өте қашты. Соңына тағы орыс түсіп, 11-інен басқасын тегіс қырды. 11-ін Қарқараға ұстап әкеліп, оларды да 14-і күні таңертең Жаркент жолының үстінде Серікбайлармен бірге атып тастады.

Ағұстің 14-і күні Қарқарадағы барлық атрет саудагерлерімен қоса Қарақолға көшті. Бұларға Санташ асуында қырғыздар және соқтықты. Бірақ

қырғыздар бірнешеуі оққа ұшқан соң қайта серпіліп тауға кіріп кетісті. Бұл соқтығыста қырғыздың 23-і оққа ұшты.

Ағұстің 15-інде осы атретті Жырғалаң суын өтерде және көп қырғыз қамады. Көпір бүлінген еді. Екі жақтан атыс болды. Қырғыздар жедел тиіп жіберсе де, жаппай атылған оқ олардың бетін қайтарып тұрды. Аяғында көп өлік қалдырып, қырғыздар тауға тағы қашты.

Орыстар бұл қырғыздардан қанмен жазылған бір ту түсіріп алды. Жаркент оязындағы көтеріліс Албанда болды. Іленің оң жағында қоныстайтын Суан деген ел Қытай шегіне барып, қайта қайтты. Суандар консул арқылы Алматы жандаралынан рұқсат алып, жігіт бермек болып жеріне көшіп келді. Бірақ бұлар да көп шашылды. Жаркент оязында Албан үркіп кетіп, қазақтан қалған Суанға барлық алым-салық кеңірдектен басты. Үй басына айналдырып ат алды. Ояздағы барлық қалған астықты Суан мен қолына түскен Албанға орғызды. Қыстай неше түрлі шығыннан ел ығыр болды.

Жаркент оязындағы тараншылар да алғаш уақта жұмысшы бермейміз деген сөздері болған. Бірақ қазақтай көтеріліп кете алмаған. Оған себеп болғаны, олардың отырықшылығы болыңқырады. «Бала бермейміз» деген тараншының бірсыпыра ақсақалдарын әкеп Қарқарадағы түрмеге тығады. Мұның бірнешеуі Албан Серікбайлармен бірге Қайқыда атылды.

Жаркент үйезінен үріккен елдің жайы өте нашар болды. Қытай шегіне барған жерде қытай шерігі өткізбей, бер жағынан орыс қуып орасан тарлық көрді. Аяғында тарту-таралғысын беріп жүріп, қашып-пысып Қытайға қараған Құлжа ауданындағы Қызай мен Албан қазағының жеріне барды. Осы жерде адамы сатылып, ауылы таланды.



Қабылахат СЕЙДАХМЕТ

Автор туралы: «Қазақстан-Қостанай» телеарнасының редакторы. Республикалық және облыстық телебайқаулардың жүлдегері. Екі әдеби жинақ пен «Ақ келін» драмасының авторы. Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі.

About the author: Editor of TV channel «Kazakhstan Kostanay». The author of the play «Ak-Kelin» and two literary anthologies. Member of the Union of Journalists of Kazakhstan

Об авторе: редактор телеканала «Қазақстан-Костанай». Автор пьесы «Ақ келін» и двух литературных сборников. Член Союза журналистов РК

АЗАТТЫҚ ҮШІН АТҚА МІНГЕН...

Аңдатпа: Мақала Торғай өңіріндегі 1916 жылы болған ұлт-азаттық көтерілістің аз зерттелген мәселелеріне арналған. Автор мұрағат мәліметтер мен халық жадында сақталған акпаратқа көңіл аударады. Жеке тарихи тұлғалардың рөлі жана көзқараспен бағаланады.

**Kabyлахат SEJDAHMET
FOR FREEDOM SAT ON A HORSE**

Summary: The article is devoted to little-studied details uprising of 1916 in Turgai. The author draws on archival sources and the information preserved in folk memory. A researcher assesses the role of individual historical figures.

**Қабылахат СЕЙДАХМЕТ
РАДИ СВОБОДЫ СЕДЛЯЯ КОНЯ**

Аннотация: Статья посвящена мало изученным деталям восстания 1916 года в Тургае. Автор опирается на архивные источники и сведения, сохранившиеся в народной памяти. Дается оценка роли отдельных исторических личностей.

Торғай қазақтарының 1916 жылғы патшаның тыл жұмыстарына адам алуына қарсы көтерілісі туралы бір карағанда аз жазылмаған тәрізді. Сонау 1926 жылдан бері коммунистік партия тарихы туралы жазылған еңбектерде бұл оқиға туралы айтылмағаны кемде кем. Алайда, ол басылымдардағы жасалған тоқтам – көтерілістің шынайы тарихына жатады ма, ол тіпті өзге тақырыптағы әңгіме. 1916 жылғы Торғайдағы көтерілістің тарихы коммунистік партия құжаттары мен сол кезеңде жарияланған тарихи әдебиеттерде «қызыл» саясаттың әсеріне ұшырағаны белгілі. Бұған Қазақстанда 1917 жылдары өнеркәсіп орындары аз, жұмысшы табы әлсіз болып, өздерінің төңкерісшіл идеясын таңатын топты іздеген Кеңестік тарихшылардың көзқарасы себеп болған еді.

1914 жылғы 1 тамызда басталған 1-дүниежүзілік соғыс көп ұзамай-ақ, Ресей империясының бұл саяси-әлеуметтік сынға дайындығы нашар екенін айқындап берді. Майдандағы патша армиясындағы қару-жарақ пен киім-кешек, тамақ жетімсіздігі халықтың арасында билікке наразылықты туғызды. «Ресей зауыттары майдандағы армияның қару-жараққа қажеттілігін толық өтей алмағандықтан, амалсыздан Англия мен Францияға әскери жабдықтарға сұраныс түсіруге мәжбүр болдық. Ол елдер өздері де соғыс жағдайында болғандығына қарамастан Герман армиясының біраз бөлігіне қарсы соғысып жатқан Ресейдің бұл өтінішін жерге қалдырмай өтеуге тырысты. Әрине, бұдан Ресейдің көптеген материалдық шығын шеккендігі айтпасак та түсінікті» деп жазды 1914-1917 жылдары Ресей империясының Франциядағы елшілігінде әскери атташе міндетін атқарған граф, генерал-майор А.А. Игнатьев өзінің «Елу жыл әскер қатарында» атты мемуарында. Қанша тырысқанымен майдан даласында герман әске-

рінен бірнеше рет үлкен жеңілістерге ұшырап, қатары селдіреп қалған Ресей армиясы өзінің қатарын жаңа жауынгерлерді әскерге шақыру арқылы толтыруға тырысты. Алайда, әскери өмірге дағдыланған жауынгерлерінің қатары селдіреп қалғандықтан Ресей империясының соғыс басталғанға дейінгі шекарасына шейін шегінуге мәжбүр болған патша генералдары «тылда жаңа қорғаныс шептерін дайындау қажет» деген тұжырым жасады. Мұны осыған дейін әскери міндет жүктеліп көрмеген Орта Азия халықтарының өкілдерін де тыл жұмыстарына шақырып, соларға атқарту көзделді. Николай II-патша осы мақсатты жүзеге асыру үшін 1916 жылдың 25 маусымында: «Сырдария, Ферғана, Самарқанд, Ақмола, Торғай, Жетісу, Семей, Орал және Закаспий облыстарында тұратын 19-бен 43 жастың аралығындағы бұратана халықтарды майдандағы армияның қорғаныс шептерін салу жұмыстарына шақыру» туралы Жарлыққа қол қойды. Осы Жарлық бойынша «400 мың адамды майдандағы армияның тыл жұмыстарын атқаруға тарту» көзделсе, оның «240 мыңы қазақтардан алынатын болып белгіленді». Алайда жергілікті патша үкіметінің атқарушы органдары «бұл жарлыққа сәйкес жергілікті билік өкілдері – қазақтан шыққан төменгі дәрежелі шенеуніктерді майдандағы тыл жұмыстарына жіберетін болсақ қазақтарды басқару жүйесін әлсіретіп аламыз» деген қауіпте болды. Атап айтар болсақ, генерал-губернатор Н. Сухомлинов Ресей империясы кеңесінің төрағасы Штрюмерге: «қазақтардың кейбір әлеуметтік топтарын (болыс басқарушыларын, жергілікті халықтан шыққан төменгі шендегі полиция қызметкерлерін, имамдар мен молдаларды, ақсүйектер (төрелер) мен құрметті азамат құқығы барларды) тыл жұмыстарын атқарудан босату» туралы ұсыныс жасады. Бұл ұсыныс талап қолдауға ие болды. Осыған сәйкес генерал-губернатор

Сухомлинов: «ақсүйектердің тобына жататын, әрі бұл туралы қолында оны нақтылайтын арнайы куәлігі бар ақсүйек қазақтар тыл жұмыстарына алынбасын» деген бұйрыққа қол қойды. Бұл қарапайым халықтың қатты наразылығын туғызды. Олар болыс басқарушыларының «тыл жұмыстарына жіберілетіндерді» жазған тізімдерін жойып жіберуге тырысты. Кейбір болыс басқарушылары мен ауыл басшылары (ауылнайлар) олардың іс жүргізушілері мен аудармашылары тыл жұмысына алынатын тұрғындардың тізімін жасап, қарсылықты ұйымдастырушылар туралы патша үкіметінің жергілікті жерлердегі басқарушы өкілдеріне хабар берумен айналысты. Олардың бұл мәлімдеме хаттары мұрағат қорларында сақталған. Би-болыстардың бұл сатқындықтары қалың бұқара халықтың, әсіресе кедейлердің ашу-ызасын туғызды. Тыл жұмысына шақырылғандардың тізімін жазып, оған, иешілік жасаған болыс басқарушылары мен олардың хатшылары, ауыл старшындары бұл құжаттарды өз пайдасына сәйкес жиі өзгертіп отырды. Көбінесе, олар бұған дейін қазақтардың жеке төлқұжаттары болмағандығын да өздерінің жеке мүдделері үшін пайдалануға тырысты. Өздеріне пара берген ауқатты қазақтардың жарлыққа сәйкес майдандағы тыл жұмысына шақырылатын балаларының жастарын кемітіп көрсетіп, тыл жұмысына алынуудан заңсыз босатса, кедей-кепшіктен шыққан жасы елуден асқан адамдардың өзін осы тізімге қосты. Мұндай заңсыздықтарды өз көздерімен көрген қарапайым халық, көбінесе, болыс басқарушыларының тізім жасауына кедергі жасауға тырысты. Олар заңсыз жасалған тізімдерді тартып алып, оны жойып жіберіп отырды. Кей жерлерде мұның соңы қарулы қақтығыстарға және билік өкілдерін жаралап, тіпті өлтіруге де әкеліп соқтырды. Мұндай жағдай кең байтақ қазақ даласының барлық аймақтарымен қатар, сол кезең-

де Түркістан генерал-губернаторлығының құрамына енген өзге Орта Азия елдерінде де орын алды.

Дүниежүзілік соғыс басталған соң қазақ халқына, оның ішінде Торғай уезі тұрғындарына салынатын салықтың көлемі де бұрынғы кезбен салыстырғанда бірнеше есе өсті. Атап айтар болсақ, «1915 жылдан бастап Торғай уезіндегі әр шаңырақтан жиналатын түтін салығы – 4 сом 50 тиын, земство салығы – 3 сом, болыстың салығы – 3 сом болған» екен. Осы міндетті үш салықтың үстіне 1915 жылдан бастап «әскерге бармауына кепілдік түрінде белгіленген арнайы әскери салық» та енгізілді. Бұдан тыс «майдандағы патша әскеріне елдің таңдаулы аттары еріксіз тартып алынып, жылы киім мен арнайы жабдықталған киіз үйлер жинақталған». Осылайша, маңдай терімен тірнектеп жинаған мал-мүлкін патша ұлықтарының көмекейіне тығындап келген қазақ халқы енді бауыр еті баласына ауыз салғанда бұл қысымға төзе алмады. Патшаның маусым жарлығы туралы естіген Торғай уезінің тұрғындары ерекше толқиды. Халық тағдырдың бұл тұйығынан шығар жол іздеп, елдің сөзін ұстаған азаматтардан шешім күтті. Тосын жағдайға тап болған елдің бетке ұстарлары да екіге жарылды. Смағұл Төкеұлы, Әбдірахман Иманқұлұлы, Әбдіқапар Жанбосынұлы, Оспан Шолақұлдары «у ішсең руыңмен» деген атадан балаға мирас қағидамен патша жарлығы шыққан күннен бастап, өз тағдырын халқымен байланыстыруға бел буды. Алғашқыда ел басқарған би-болыстар биліктің ауқымынан шыға алмай, патша жарлығын орындауға бел шеше кіріскен еді. Кейін олардың біразы «жалғыз жүріп жол тапқанша, еліңмен бірге адас» деген бабалар дәстүрін ұстанып, патшаға қарсы көтерілген ауылдастарын басқарды. Мұны сол дәуірде орын алған оқиғалардың сырын бізге жеткізген сарғайған архив деректерінен айқын аңғаруымызға болады. Патша жарлығы туралы естіген Торғай

уезіндегі 13 болыс елдің азаматтары жиналып, әуелі ел арасында түсінбеушілік туғызған бұл істі патша үкіметінің өкілдерімен бейбіт келісім жасау арқылы шешу жолдарын іздейді. Олар өз орталарынан Шұбалаңның болысы Смағұл Токинді Орынборға аттандырып, губернатор Эверсманмен келіссөз жүргізуді міндеттеді. Бұған дейін де Торғай уезі тұрғындарының арасындағы толқуды осы өлкеде болыс-тілмаш болып істейтін «салпаңқұлақтарының» жасырын мәлімдемелері арқылы біліп отырған губернатор Торғайға келіп, уездегі белгілі азаматтармен кездесті, олардың «қалай болғанда да патша жарлығын орындауға міндетті екендігін» кесіп айтты. Бізге бұған дейін де жарияланған тарихи деректер арқылы мәлім болған А. Имановтың губернаторға «Торғай казактары тыл жұмысына барғанша, туған жерінде өледі» деген сөзі осы кездесу барысында айтылған. Әлі де болса мәселені бейбіт жолмен шешу үмітін үзбеген Торғайлықтар Шұбалаң болысының басқарушысы С. Токин мен Майқараудың болысы С. Қабаковты Петербургке елшілікке жіберген. Олардың мақсаты: сол кездегі Ресей империясының Министрлер кеңесінің төрағасы Штрюмерге жолығып, майданға тыл жұмысына адам жіберудің орнына өздерінен алынатын соғыс салығын көбейтуді ұсынбақ болған. Алайда, олардың бұл елшілік сапары сәтсіз аяқталды. Профессор К.В. Харлампович «Восстание Тургайских казак-киргиз 1916-1917 гг.» атты еңбегінде бұл туралы «Депутация от казак-киргиз Тургайской области, действительно, отправлялось в столицу и там околочивала пороги высокопоставленных лиц... Но его поездка с этой целью совпало с нападением тургайских казак-киргиз (у озера Татыр, 21 октября), и дело было испорчено. Часть депутатов после того вернулась домой, а другая оставалось в Петрограде до января, но опять-таки без результатов» деп жазған болатын.

Ал осы кезде Торғай облысы әскери губернаторының бұйрығына сәйкес «уез аумағындағы қоғамдық тәртіпті сақтау үшін» деген желеумен Торғайға уез бастығының орынбасары Ткаченко «Орынбор казактарының 5-ші жүздігімен 2-ші Науырзым болысының №2 ауылында қарулы казактармен қақтығыс кезінде бір жергілікті тұрғын өлтірілгенін» мәлімдеген болатын. Ткаченконың осы баяндау-хатында: «тыл жұмыстарына жіберілетіндерді тізген тізімді казак-қырғыздарға беріп жібергені үшін 1-ші Науырзым болысы басқарушысының хатшы-орынбасары Иса Баймұхамедовтің уақытша қамауға алынғандығы» да жазылған. Бұдан соң ол Қарақоға болысының №6 аулының үш тұрғынын тұтқынға алып, өз отрядына көмекке келген Дон казактарының 97-ші айрықша жүздігін қосып алу үшін Шолақсайға келді. Қару-жарағы жеткілікті, әскери дайындығы мол, «арнайы жүздікті» басқарған Ткаченко «жол бойындағы Майқарау, Қарақоға, Шұбалаң болыстарының тұрғындарын тыныштандыра отырып» уез орталығы Торғайға аттануды көздеген. «Қырғыздарды қорқыту арқылы тыныштандыруымыз қажет» деген желеумен Ткаченконың отряды жол бойындағы қазақ ауылдарының бағалы заттары мен жүйрік аттарын тартып алумен айналысқан. Олардың бейбіт ауылдардың халқына көрсеткен қиянатына шыдамаған уез тұрғындары Торғай өзені бойындағы Сорша деген жерге жиналып, қарулы жасақтар құра бастады. Алғашында оларды Хакімбек Токин, Кәрібоз Қабақов тәрізді тұрғын халыққа сыйлы адамдар басқарғанымен, кейін жасақ басшысы-сардар болып Аманкелді Иманов тағайындалады. Татыр көлінің жағасында өткен шайқаста Шұбалаң, Аққұм, Қарақоға, Майқарау болыстарынан жиналған сарбаздар Ткаченко мен есаул Моргуновтың басқарған отрядын қоршап алып, жеті сағат бойы соғысты. Солдаттар казактардың мылтығы жоқ-

тығын пайдаланып, алыстан атысқан. Шайкас кезінде төрт көтерілісші қазақ оққа ұшады, екі қазақты қарсы шабуылға шыққан казактар шауып өлтіріпті. Көк темірге құрсанып, өздеріне пулемет оғын тынымсыз жаудырған жазалаушылармен қайтпай соғысқан сарбаздар Ткаченконың отрядының төрт солдатын өлтірді. Жазалаушы отряд Науырзым мен Шолақсайдан ұстап, Торғай түрмесіне қамауға әкеле жатқан жазықсыз тұтқын қазақтарды «қашуға әрекет жасады» деген желеумен осы жерде ешбір сотсыз өлтіріп, мәйіттерін көмусіз тастап кетеді. Ізінен қалмай қуған сарбаздардан түн жамылып сытылып шығып, Торғайға қашып кірген Ткаченко Орынборға телеграф арқылы: «уездегі жағдайды тұрақтандыруға күшіміз жеткіліксіз, қосымша әскери бөлімдер қажет» деген хабар жолдайды. Татыр көлінің жағасындағы осы қақтығыс Торғай қазақтарын ерекше рух бергендігі аңғарылады. Уездің барлық болыстарынан патшаға қарсы шығуға бел буған жігіттерден бір жерге жиналып, олардан сарбаздар жасағы түзілді. Оларды жорыққа бастайтын онбасы, жүзбасы, мыңбасылар тағайындалды. Уездегі алты болыс арғындарға – Шақшақ Жәнібек тарханның ұрпағы Оспан Шолақов, ал алты болыс қыпшақтарға – Нияз бидің ұрпағы Әбдіғапар Жамбосынұлы «хан» сайланады. Арнайы мергендер тобы құрылып, оған құралайды көзінен атқан атқыш жігіттер таңдап алынды. Ат үстіндегі ұзақ жүрісті төзімді жігіттерден барлаушы (алғыншы) жасақ құрылды. Байланыс қызметі – «үкілі почта» жасақталып, оларға уез аумағында болған өзгерістерді хандар мен сардарға жедел жеткізіп тұру міндеті жүктелді. Осындай ұйымшылдықтың арқасында Торғай қазақтары өздеріне қарсы жіберілген жазалаушы жасақтарға қиналмай қарсы тұра білді. Олар тіпті уездің орталығы Торғай қаласын қоршауға алып, оған шабуыл жасады. Дегенмен, кезінде Кенесары ханның жасағына

қарсы тұрғызылған Торғайдағы патша қамалын бұзып енуге қаруы кем, әскери дайындығы аз көтерілісшілердің шамасы келмеді. Ал бұл көтерілістің азғана әскер жіберіп басып тастайтын қозғалыстардан өзгеше екендігін түсінген патша үкіметі Торғай қазақтарына қарсы арнайы жазалаушы корпус жіберуге мәжбүр болды. Бұл арнайы бөлімнің құрамы туралы Қазан әскери округінің командашысы генерал Сандецкий 1916 жылғы 24 қарашада Ресей империясы әскерінің Бас Штабы бастығына жолдаған баяндамасында: «... генерал Лаврентьев басқаратын экспедициялық корпусның құрамына 17 рота, 19 жүздік пен эскадрон, 14 зеңбірек, 17 пулемет енді», – деп хабарлаған болатын. Бірақ, осындай көк темірге құрсанған патша әскерінің өзі Торғай уезіндегі көтерілісшілерді жеңе алмай, уез орталығы – Торғай бекінісін бақылауға алудан артық қимылға бара алмапты.

Торғай көтерілісшілерін бағындыру үшін Қостанайдан шыққан жазалаушы отрядтың командирі полковник Кислов генерал Лаврентьевке: «Шолақсай мен Торғай арасындағы елдің көбі көшіп кеткендігін, ал қалғандарын қару күшімен үкіметке бағынуға мәжбүр еткендігін» хабарлайды. Осы жазалаушы отрядтың басшысы өзінің келесі мәлімдемесінде: «1917 жылдың 14 қаңтарында «Күйік қопа» деген жерде өздерінің көптеген атты бүлікшілердің қоршауында қалғандығын, ұзаққа созылған соң атыстан соң олардың тез арада шегініп кеткендігін» жеткізген. Ал полковник Кисловтың отряды бұдан соң уез орталығы Торғайға бет алғанда «1917 жылдың 16 қаңтарында «Шошқалы қопа» деген жерде» оқыс қарсылыққа тап болған. «Бізден бірнеше есе көп бүлікшілер тобы қаймықпай соғысып, кейін жүйрік аттарымен тез арада ұйымдасқан түрде шегініп кеткендіктен оларды толық жою туралы тапсырманы орындау мүмкін болмады» деп хабарлайды ол жазалаушы корпусының штабына. Шарасы генерал

Лаврентьев Қазан әскери округінің басшыларына хабарламасында: «бұл екі уездегі (Торғай мен Ырғыз уездері) көшпелі халықтың саны 450 мың адам, ал бүлікшілердің саны Торғай мен Ырғыз уездерінде 50 мың әскерге жетті. Олар әзірше болыстар бойынша бытыраңқы жатыр, бірақ олар ірі тобырға бірігуге ұмтылуда. Қырғыздардың орасан зор шапшаң қимылы жағдайында тез соққы беріп, жедел табысқа жетеміз деп есептей алмаймыз. Олар атылған оққа қарамастан алға ұмтылады, бірбеткейлік көрсетуде. Өлгендері мен жараланғандарын да дереу өздерімен бірге алып кетеді» деп еріксіз мойындауға мәжбүр болған. Ол өзі басқаратын жазалаушы әскердің «бір мыңға жуық бүлікшіні жойғанын» да «аса қанағаттанушылық сезіммен» хабарлаған екен. Қазан әскери округінің командашысы генерал Сандецкий болса жазалаушы корпустың қолбасшысы генерал Лаврентьевке 1916 жылдың 31 желтоқсанында жазған жауап хатында: «Бұл рапортыңыз Сіздің әскери абыройыңызға нұқсан түсіреді. Жабайы тобырдың қарулы әскер бөлімдеріне қарсылық жасауы адам сенбейтін іс. Сіз бұратаналарды тез арада тәртіпке келтірген Орал казактарынан үлгі алуға тиіссіз» деп ескертпе жасапты.

Әрине, қару-жарағы сайлы, зеңбірек пен пулемет сүйреткен патша әскеріне сойыл мен жалаң қылышпен қарсы шығу қазақтарға да оңайға түскен жоқ. Торғай уезіндегі Татыр көлі, Ақшығанақ, Доғал мен Үрпек, Құмкешу ауылдарының маңындағы шайқастар аса қантөгіс жағдайда өтіп, екі жақтан да адам шығыны көп болды. Әуелде «көтерілісті тез арада қанға бөктіріп басып-жаншымыз» деп дәмеленген патша әскер басшылары кейін Торғай уезінде қалыптасқан жағдайды түсінген соң, өздерінің азаттық үшін шыбындай жанын құрбан етуге дайын халықты жеңуге шамасы жоқтығын сезіп, бұл ниетінен еріксіз бас тартуға мәжбүр болды. Бұған генерал

Лаврентьевтің Қазан әскери округінің командашысы генерал Сандецкийге жолдаған баяндамасында: «Өлкедегі жағдайды сабасына түсіру үшін кем дегенде 1-2 жыл қажет екендігіне күмандануға болмайды. Сол себептен жүйелі түрде ұзақ науқанға дайындалуымыз керек. Жекелеген роталар мен жүздіктер өзінің көлігі мен медициналық бөлімдері бар ұйымдасқан полктердың орнын баса алмайды. Шағын құрамды бөлімдер жібергеннен гөрі орыс үкіметінің беделін түсірмеуіміз үшін бірден қажет болып отырғаннан да артығырақ күш жіберу керек» деп жазуы дәлел болғандай.

Сол кезде 1-дүниежүзілік соғыстағы әскерінің қатарына да әр әскери бөлімді санап жіберуге мәжбүр болып отырған Ресей армиясына мұның оңайға түспейтіндігін генерал Лаврентьев те жақсы түсінетін. Бірақ, оның осы мәлімдемесі арқылы өзі басқарған жазалаушы корпустың көтерілісшілерді тізе бүктіруге күші жетпейтіндігін амалсыздан мойындағаны байқалады. Ал көтерілісшілер патшаның ірі жасақтарына қарсы соғысуға қаруы жеткіліксіз болғандықтан көбіне олармен каша ұрыс салу тәсілін қолданды. Жазалаушыларға сайын сақарада еркін жортып туған жерінің соғыс қимылдарын жүргізуге ыңғайлы, ұрымтал тұстарын ұтымды қолдана білген сарбаздарға қарсы тұру қиынға түсті. Олар өздерінің бұл шарасыз халдерін «жолдың ауырлығы мен қыстың суықтығы кедергі келтірді» деген желеумен түсіндіруге тырысқаны аңғарылады. Сарбаздардың тактикаға жетіктігін патша генералдардың өздері де мойындауға мәжбүр болған. Ресей армиясы бас штабының бастығы генерал Аверьянов Николай-2 патшаға 1916 жылғы 2 желтоқсанда жолдаған мәлімдемесінде: «Қазан соғыс округінің командашысы генерал Сандецкийдің баяндауынша, генерал Лаврентьев басқаратын арнайы корпустың бөлімдерінің Торғай қаласына жылжуы аса



зор қиыншылыққа және шығынға түсуде. Оларға азық-түлік жеткізу де өте қиынға түсуде. Сол себептен Қазан округінде құрылып жатқан артиллерия дивизиондарының есебінен 10 жүк машинасымен азық тасуға рұқсат етілді. Әскери бөлімдердің жергілікті үкімет органдарымен үздіксіз байланыс орнатуы үшін Орынбор қаласына жылжымалы 3 радиостанция жіберілді. Мұнымен қатар, анықталып отырған жағдайға байланысты Торғай облысында тәртіп орнатуға бөлінген әскердің санын күшейту үшін Жоғарғы Бас Қолбасшы штабының жарлығы бойынша соғыс театрынан 2 казак полкы мен 3 пулемет ротасы Орынбор қаласына аттандырылды» – деп жазған болатын.

Торғай казактарының көтерілісі 1916 жылғы маусымнан 1917 жылдың ақпан айына дейін жалғасты. Тек ақпан төңкерісінен кейін ғана Уақытша Үкімет Ресейдегі демократияшыл күштердің ықпалымен көтерілісшілерге қарсы жіберілген жазалаушы әскерді кері қайтару туралы шешімге келді. Ресей армиясы бас штабының бастығы генерал Аверьянов 1917 жылғы наурызда соғыс министріне: «Сіздің берген нұсқауыңызға сәйкес генерал Сандецкийге телеграф арқылы экспедициялық отрядтардың соғыс қимылын тоқтатуы туралы бұйрық берілді» деп хабарлаған екен. Алайда, Торғай облысының губернаторы Эверсман Қазан әскери округінің командашысына 1917 жылдың 13 наурызында жолдаған мәлімдемесінде: «жағдай

By every day hard tests Jan becomes close to his clearing and blooming. He begins dreaming, goes into multilevel ecstatic Trans, returns to his childhood and sees, that the Fear which pursued him for years, was nothing but the summons (call) of the single Life.

The final stage of the initiation, as to M.Eliade, is the death in the afterlife. The visionary can be killed and divided by the spirits, which then eat him and collect him from his bones giving him a new flesh, or by the divinity.

In one of the last of his after lives, Jan receives an image of a malicious demon-asur and fights a dreaded goddess, Sarasvati, who overtakes him with a flaming vajra. In this part in the Turki myth this concept was taken from a fragment of the Buddhist religious view of the world, however the «scenario», the development of the events remains unchanged. Having been killed in the world of spirits, Jan returns to the earth in a new quality.

The universe has been reformed for me. Unseen walls have been ruined. The world has been full with other light, and I have to know this novelty. Koke (father), the mountains are crying, can you hear? (4).

Jan's heart has been full with gratitude for the old man, baksy; he doesn't need any wine and is able to consciously penetrate the Eternity. Into his ecstasy, flows of conscious are merging together, koke, the dear dead father and Koke, the creator, the Heaven and merciful, returning to the World Mountain (the symbol of Cosmos, the center of the world that means harmony and order).

In the boundary, at the river Khorgos, Jan is found by the frontier guards; he is taken to the hospital. He is visited by his wife, but then, in this synchronic section, she is not a part of his Ego-complex, his shadow, summoning to his renewal. She

becomes a representative of the other, already experienced world. And now, we can reply to the question given before in the beginning. Sinking into the language culture space of the text has allowed us to

come out beyond the plot and decipher the complicated system of internal motives of the hero, which in accordance with them; he embodied his life trajectory and gained the freedom.

References

1. Yu. M. Lotman. O metayazyke tipologicheskikh opisaniy kultury. Izbrannyye stati v 3-kh t. Tallin, 1992. – T.1. – p. 386
2. I.Yu. Markovina i Yu.A. Sorokin. Kultura i tekst. Vvedeniye v lakunologiyu: ucheb.posobiye. GEOTAR-Mediya, Moskva, 2010, p. 45.
3. A.A. Zaliznyak. Grammaticheskiy slovar russkogo yazyka: Slovoizmeneniye. Russkiy yazyk, Moskva, 1980, p.745
4. A.Zh. Zhaksylykov. Sny okayannykh: trilogiya. Almatinskiy Izdatelskiy Dom, Almaty, p. 27, 28, 46, 60, 96.
5. G.M. Alimzhanova. Sopostavitelnaya lingvokulturologiya. Current contents, <http://gendocs.ru>, December 2011
6. M. Eliade. Istoriya very i religioznykh idey. Tom 3. Ot Magometa do Reformatsii. Current contents <http://www.e-reading.co.uk>
7. Z. Naurzbayeva. Otuken: Kazakhskaya kultura, mifologiya i muzyka. Current contents, <http://otuken.kz/index.php/mythzira/49-2010-06-20-07-04-43>, 2010
8. Zh.K. Karakuzova, M.Sh. Khasanov. Kosmos kazakhskoy kultury. Yevraziya, vyp.2: 106 – 112 (2001)
9. M.-L. Fon Frants. Fenomeny Teni i zla v volshebnykh skazkakh. Nezavisimaya firma «Klass», Moskva, 2010, p. 9.



Автор туралы: белгілі қазақ тарихшысы, тарих ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА мүше-корреспонденті (2013). Халықаралық Сократ сыйлығының лауреаты, Венадағы халықаралық университеттің құрметті профессоры.

About the author: Famous Kazakh historian, Doctor of Historical Sciences, corresponding member of the Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan (2013). Winner of the International Socrates Award, an honorary professor at the International University in Vienna.

Об авторе: известный казахский историк, доктор исторических наук, член-корреспондент Академии наук РК (2013). Лауреат Международной премии Сократа, почетный профессор Международного университета в Вене.



Мәмбет ҚОЙГЕЛДИЕВ

ӘЗІМХАН АХМЕТҰЛЫ КЕНЕСАРИН НЕ ҮШІН ЖАЗАЛАНДЫ

Аңдатпа: Мақала авторы бүгінгі тарих ғылымында әлі де болса толық жауабын ала қоймаған мәселелердің бірі патшалық жүйеден бергі уақыттағы отарлық тәртіптің ымырасыз қарсыластары мен олардың ұрпақтарына деген советтік биліктің қатынасына тоқталады. Советтік биліктің бұл мәселеде сабақтас ұстанымда болып, тіптен ұлт-азаттық күштерді жояуда алдыңғысынан асып түскені жөнінде тұжырым жасаған автор биліктің осы мазмұндағы ұстанымда болғандығын Кенесары хан Қасымұлының немересі Әзімхан Ахметұлы Кенесаринге қатысты жүргізілген тергеу ісінен байқауға болатынын атап көрсетеді. Мақалада фактілік деректер мол пайдаланылған.

Mambet KOYGELDIEV

FOR WHICH AZIMKHAN AHMETULY KENESARIN WAS PUNISHED

Summary: The author focused on one of the problems of modern history, has not yet been fully lighting, namely resistance to the system by the opponents of the colonial regime and their descendants. The Soviet authorities in this regard have succeeded in the elimination of the national-liberation forces. The author conducted a study on the sources questioned Azimkhana Ahmetuly - grandson Kasymov Kenesary Khan, during the Soviet era.

Мәмбет ҚОЙГЕЛДИЕВ

ЗА ЧТО ПОНЕС НАКАЗАНИЕ АЗИМХАН АХМЕТУЛЫ КЕНЕСАРИН

Аннотация: Автор статьи остановился на одном из вопросов современной истории, до сих пор не в полной мере освещенном, а именно: сопротивление системе со стороны противников колониального режима и их потомков. Советские власти в этом вопросе преуспели в ликвидации национально-освободительных сил. Автор провел исследование источников по допросам Азимхана Ахметулы - внука Касымова Кенесары хана, в советское время.

Бүгінгі тарих ғылымында әлі де болса толық жауабын ала қоймаған мәселелердің бірі патшалық жүйеден бергі уақыттағы отарлық тәртіптің ымырасыз қарсыластары мен олардың ұрпақтарына деген советтік биліктің қатынасы. Советтік билік бұл ретте өзін патшалық билікпен салыстырғанда мүлдем басқа, прогрессивті ұстанымда екендігін ылғи да мәлімдеп келгенімен, өмірлік тарихи фактілер шын мәнінде оның антиколониалдық күштерге байланысты патшалық үкімет ұстанымынан ұзап кете қоймағанын, белгілі дәрежеде бұл мәселеде сабақтас ұстанымда болып, тіптен ұлт-азаттық күштерді жоюда алдыңғысынан асып түскенін байқау қиынға түспейді. Биліктің осы мазмұндағы ұстанымда болғандығын Кенесары хан Қасымұлының немересі Әзімхан Ахметұлы Кенесаринге қатысты жүргізілген тергеу ісінен байқауға болады.

Әзімхан Кенесары ханның Тайшық және Сыдық есімді ұлдарынан кейінгі ұлы – Ахмет Кенесариннің ұлы. Ахмет сұлтанның бес ұлы және бір қызы болған: Исмайл, Ыбырай, Мұқан, Әзімхан, Шырынхан деген ұлдары және Қамаш деген қызы. Қызы Қамаш өзбектің ишанына ұзатылған [1].

Кенесары хан тұқымының ишандармен құдалық қатынасқа түсуі осы жағдайға байланысты болса керек. Тергеу материалдарында Әзімхан Ахметұлының Сайрамдық ағайынды ишандар Ишанханов Насырхан және Ишанханов Гүлтөреханмен жылы қатынаста болғандығы айтылады.

Әзімхан Ахметұлының саяси қуғын-сүргінге ұшырау тарихын баяндауға көшпес бұрын қысқа болса да оның өмір жолына тоқталып өткен жөн.

Қамауға алынған Ә. Кенесаринге толтырылған анкетада оның Шымкент қаласында уездік полиция бастығының көмекшісі Ахмет Кенесариннің отбасында 1877 жылы 19 ақпанда өмірге келгендігі айтылады. 1896 жы-

лы қалалық училищені аяқтап, революциялық өзгерістерге дейін әкесі жұмыс жасаған уездік полиция бастығының кеңесінде жазба түріндегі аудармашы және хатшылық қызмет атқарған. Революциядан кейінгі уақытта су жүйесіне қызметте болады. Гидротехник қызметін Әзімхан Ахметұлы шамасы өз бетінше игерген сияқты [2].

Советтік билік жүйесі орнағанға дейінгі кезеңде Әзімхан Ахметұлының өмірінде терең із қалдырған бірнеше оқиғалар болып өтеді. Патшалық билік құлаған соң белсенді саяси өмірге араласа бастаған Әзімхан Ахметұлын әулиеаталықтар Уездік ұлттық Кеңеске төрағалық қызметке сайлайды [3].

Бұл әулиеаталықтардың Кенесары хан әулетіне көрсеткен құрметінің, сондай-ақ Әзімхан Ахметұлы сияқты биік парасатты тұлғаға артқан сенімінің белгісі еді.

1917 жылы шілде айында Орынбор қаласында бірінші жалпықазақ съезі өтіп, оның жұмысына қатынасуға Түркістан өлкесінен шақырылған делегаттардың қатарында Әзімхан Кенесарин де болды. Съезде ол ұлттық-демократиялық ұстанымдағы Алаш партиясын құру туралы шешімге дауыс береді.

Әулиеата уездік Қазақ Комитетінің төрағасы қызметінде өңірдің саяси өміріндегі өзгерістерге белсенді түрде атсалысқан Әзімхан Кенесарин 1917 жылғы желтоқсанда Орынборда шақырылған екінші жалпықазақ съезіне қатынасып, съезд төрағасының орынбасарлығына сайланып, Алашорда үкіметін құру және болашақта Алаш автономиясын жариялау туралы шешімді қабылдауға атсалысады. Осы жылы 2-5 тамыз күндері Ташкент қаласында болып өткен Түркістан аймағы қазақ-қырғыздарының жалпы жиналысына қатынасып, президиум төралқасына сайланған ол «Рүсия федеративті-демократиялық парламенттік республика болуы тиіс», ал «қазақ-қырғыз облыстары националды-территориялды

федерация алсын» деген ұстанымды қабылданған қаулыны қолдап дауыс береді [4].

Осы ретте 1917 жылғы желтоқсандағы екінші жалпықазақ съезінің қазақ тарихында түрлі саяси ұстанымымен танылған әулеттердің (Әбілқайыр хан, Абылай хан, Құнанбай қажы, Бірімжановтар әулеті ж.б.) жаңа буын ұрпақтарының заман сұранысына лайық берген жауабындай бас біріктіруі болғандығын айтқан жөн. Олардың басын біріктірген ұлт басына төнген қауіп, яғни жердің қоныс аударушылар үлесіне кете бастауы, ұлттық мәдениет пен діннің құнсыздануы т.б.с.с. Соған байланысты ұлттық мемлекеттілік идеясы төңірегіне бірігу тарихи қажеттілікке айналғандығын олар жақсы түсінді.

Міне, осы 1917 жылғы жалпықазақ съездері арқылы күш біріктіру жолына түскен әулеттердің өкілдері артын ала советтік билік тарапынан түгелдей қуғын-сүргінге алынып, 30-ншы жылдары ең жоғарғы жаза түрі ату жаза-сына бұйырылды. Бұл жағдайды да жеңіл-желпі кездейсоқ құбылысқа, немесе саяси басшылықтың «асыра сілтеу» ұстанымына жатқыза саламыз ба? Басқаша айтқанда, егер осы ұстанымды да теориялық тұрғыдан негіздеу жолына түссек, онда шынымен де біздің ұлттық жадымыздың біржола айықпастай ластанып біткенін мойындауға тура келеді.

Сонымен, Әзімхан Ахметұлының тергеу 1937 жылғы ОГПУ тарапынан қамауға алынуы оның бірінші рет тұтқындалуы емес-тін. Бұдан бұрын ол 1930 жылы екінші топ алаш зиялыларымен (М. Тынышбаев, Ә.Ермеков, Ж. Ақпаев ж.б.) бірге қамауға алынып, жазалауға фактілік негіз болмаған соң босатылған еді. 5) Ә. Кенесаринді келесі, екінші рет қамауға алу туралы ордерді (№24) НКВД-ның Шаян аудандық бөлімі беріп, оны Жомартов деген қызметкеріне тапсырады.

Жомартов Омарбеков деген қызметкермен бірге 1937 жылы 15 тамызда Шымкент қаласындағы Бекет батыр көшесіндегі №8 үйдің 2 пәтерінде тұратын Ә.А. Кенесариннің үйінде тінту ісін жүргізіп, қалалық мемлекеттік қауіпсіздік басқармасына тапсыру үшін мына заттардың тізімін жасайды:

1. Түрлі хат алысулар мен анықтамалар – 200 баспа бет.
2. Қырғыз-қазақ халқының тарихына қатысты кітаби материалдар – 1.
3. Еңбек кітапшасы – 1.
4. Профбилет – 338468.
5. Паспорт № 187339.
6. Материалы к истории казахско-киргизского народа, 1925 г. автор М. Тынышбаев, 62 б.
7. «Ақтабан-Шұбырынды, автор Тынышбаев 17 б.
8. Подлог Ходжей. Автор Тынышбаев 6 б.
9. Өлеңдер. Қазақ тілінде 21 б.
10. Өлеңдер. Қазақ тілінде 26 б.
11. Өлеңдер жазылған дәптер 1 б. [6].

Осы ретте айта кеткен артық емес, кезінде тәркіленген бұл материалдар Ә. Кенесариннің қызы Напуса Кенесаринаға қайтарылған [7].

Ә. Кенесариннің жеке кітап қорында қазақ тарихына қатысты материалдардың, сол сияқты М. Тынышбаевтың еңбектерінің болуы, әрине, кездейсоқ нәрсе емес. Біріншіден, Әзімхан Ахметұлының әкесі Ахмет Кенесарин тарихи тақырыпта еңбектер жазған білімді адам ретінде ұлы Әзімханның да тарихи танымының қалыптасуына ықпал жасағандығы байқалады. Екіншіден, Әзімхан Ахметұлы М. Тынышбаевпен өзара жылы да жақын қатынаста болған. Соған байланысты оның кітап қорынан М. Тынышбаевтың еңбектерінің табылуы сол қатынастың көрінісі болса керек.

Тұтқынның анкетасындағы кейбір мәліметтерді біз жоғарыда бердік. Оларды қайталамай-ақ Ә. Кенесариннің өмір жолына қатысы бар деген бір-

екі фактілерге ғана тоқталайық. «Ақтар мен контрреволюциялық әскер, бандиттік және Совет билігіне қарсы құрамалардағы қызметін» деген графадағы сұрауға «Ходжанов басқарған (сөз Сұлтанбек Қожанов туралы болып отыр – автор) к-р зиянкестік ұлтшылдар ұйымының мүшесі» деген жауап жазылған. Бұл, әрине, тергеуші тарапынан белгіленген факті. «Бұдан бұрын Советтік билік тұсында қандай репрессиялық, сотқа, тұтқындалу актілеріне тартылдың» деген сұраудың тұсында «1930-ншы жылы Шымкент қаласында ОГПУ-дың опер-секторымен 58/10 статья бойынша тұтқындалған, кепілдік хат бойынша босатылған» деген жазу бар.

Отбасының құрамы деген графадағы мәліметтерге қарағанда Әзімхан Ахметұлының отбасы үлкен болған: жұбайы Зухра Батыршақызы 39 жаста, үй шаруасында, ұлы Натай 29-да, Мәскеу қаласында гидрогеология институтының студенті, ұлы Мұхамедхан 24 жаста, Әндіжан қаласындағы ерекше темір жол бөлімшесінде қызметте, ұлы Мәдияр 18 жаста Мәскеу қаласында оқуда, ұлы Тәуке 12 жаста, Шымкент қ. мектепте оқуда, қызы Халида 26 жаста, Ташкент қаласындағы педтехникумда студент, қызы Напуса 9 жаста, Шымкентте мектепте оқиды, қызы Аян 7 жаста мектепте оқиды, қызы Баян 5 жаста. Анкетада Ә. Кенесариннің 1937 жылы 15 тамызда НКВД қызметкерлері тарапынан тұтқынға алынып, осы мекеменің ішкі абақтысында отырғандығы айтылған [8].

Осы арада абақтыдағы тергеу барысы жөнінде бір-екі ауыз сөз. Ә.Кенесарин жоғарыда айтылғандай 1937 жылы 15 тамызда қамауға алынғанымен, оның тергеу ісінде 20 қыркүйекке дейін алынған тергеу хаттамасы жоқ, істе тіркелген жалғыз тергеу хаттамасы 1937 жылдың 20-26 қыркүйек күндерімен белгіленген.

Істегі материалдардың көрсетуіне қарағанда тіркелген хаттама бірінші емес екінші тергеуге тиесілі. Алғашқы тергеуден оны жүргізушілер өздеріне қажет жауап ала алмаған сияқты [9].

Яғни, 1 ай 5 күн тұтқынды сындыруға, айтқанға көндіруге кеткен уақыт ретінде белгіленгені дұрыс. Тек 20 қыркүйектен бастап тергеуші өзі қалағандай мазмұнда даярланған тергеу хаттамасынан Әзімхан Ахметұлына қол қойдыра бастаған. Бұл сол тұстағы ОГПУ – НКВД мекемелерінде тұтқындарға байланысты кең түрде қолданыста жүрген әдіс-айлалардың бірі болатын.

Сонымен, 1937 жылы 20-26 қыркүйек аралығында Ә. Кенесаринмен жүргізілген тергеу хаттамасына арнайы тоқталған жөн. Өйткені тергеу ісінде басқа хаттама жоқ, сондай-ақ бұл құжат Ә. Кенесариннің ісі бойынша даярланған айыптау қорытындысына негізге алынғандығы байқалады.

Хаттамаға кіріспеді тергелуші туралы мәлімет берген тергеуші Кенесарин Әзімханның тегіне, яғни оның патша шенеунігінің отбасынан, әкесі уездік полиция бастығының көмекшісі болғандығына, ал өзінің революцияға дейін уезд полициясы бастығының жазба аудармашысы қызметін атқарғандығына баса көңіл аударады. Сондай-ақ оның 1930 ж. Қылмыс Кодексінің 58/10 бабы бойынша қамауға алынып, қолхат бойынша босатылғаны туралы мәліметті тағы да келтіреді. Бұл, әрине, айыптау қорытындысын даярлауда есепке алынуға тиісті фактілер еді.

Ә. Кенесариннің тергеу ісінде тіркелген бұл жалғыз хаттама тергелушіге айтылатын мынадай сөздермен басталады: «Қойылған сұрауларға жауап беру барысында Сіз контрреволюциялық ұлтшылдар ұйымы құрамында екендігіңізді жоққа шығарумен болдыңыз. Тергеу орнында Сіздің контрреволюциялық қыз-

метіңізге қатысты бұлтартпас айғақтар бар, сондықтан да ендігі уақытта қасарысуды доғарып, қойылған сауалдарға ашық көрсетулер беруді ұсынамыз».

Бұл белгілі бір мерзімге дейін тұтқынмен жүргізілген «сындыру» жұмысы аяқталған соң оған қойылатын стандартты сауал-ұсыныс. Бұл тергеу ісінің жаңа кезеңі басталғандығын, яғни тергеудегі адамның, абақты ішіндегі адам жаны төзгісіз түрлі азапты қинаулардан соң «осы азапты сәт аяқталса екен!» деген тілекпен тергеуші даярлаған хаттамаға қол қоюға әзірлігін білдіретін жағдай.

Сол сияқты тұтқынның да жауабы «мен осы уақытқа дейін контрреволюциялық ұлтшылдар ұйымы құрамында болғанымды жасырып, тергеу ісін жаңылыс жолға салдым. Тергеушілер менің контрреволюциялық зиянкестік әрекетімді біржола әшкерелеген соң ендігі уақытта қарсыласудың қисынсыз екендігіне көзім жетіп, тергеу ісіне ашық көрсетулер беру туралы шешім қабылдап отырмын» – деген мазмұнда болып келеді. Бұл тергеу ісінің абсолютті бәріне болмаса да, басым бөлігіне тән жағдай.

Абақты қабырғасында өткен 1 ай 5 күннен соң Әзімхан Ахметұлы да тергеуші сұрауына «Мен 1921 жылдан бері контрреволюциялық ұлтшылдар ұйымында мүше екенімді мойындаймын, бұл ұйымға мені Қоқан автономиясының бұрынғы төрағасы, бұрынғы Уақытша үкімет мүшесі инженер Тынышбаев Мұхаметжан тартты», – деген мазмұндағы жауап бере бастайды.

Тұтқынды өзара диалогқа тартқан тергеушінің сауалы да, сол сияқты оған тұтқынның берген жауабы да үйреншікті, стандартты мазмұнда болып келеді. Өйткені хаттама екі жақтың өзара табиғи диалогы нәтижесінде өмірге келген құжат емес, ол екеуара кездесулер барысында тергеушінің тұтқыннан алған мәліметтерге сүйене

отырып құрастырған мәтіні. Тұтқыннан алған фактілерге тергеушінің берген (трактовкасы) түсіндіруі. Түсіндіру, әрине, шындықты анықтау, оған жету тұрғысынан емес, «қоғамда осы уақытқа дейін жасырын, құпия түрде советтік билікке қарсы әрекет жасап келген контрреволюциялық ұлтшылдар ұйымын, оның жеке мүшелерін ашу, әшкерелеу» тұрғысынан жазылады. Одақтағы репрессия машинасының әрекет логикасы міне осы ұстанымға сүйенді. Оған қарсы келетін, оны тоқтата алатын күш мемлекеттік жүйеде жоқ-тын. Өйткені жүйеге мұндай дүлей күш оны құрушылардың болмысынан дарып, мемлекет басында отырған солардың қолдауына сүйенді, яғни оның тек солармен бірге ғана кетуі мүмкін еді.

Ә. Кенесариннің тергеуші сұрауларына берген көрсетуі, анығырақ айтқанда тергеушінің Ә. Кенесариннің атынан, оған тек қол қою үшін даярлаған хаттамасында Ә. Кенесариннің контрреволюциялық ұйымға келіп қосылуы және оның осы ұйым құрамында Совет билігіне қарсы әрекеті мынадай мазмұнда баяндалады: шыққан әлеуметтік тегі тұрғысынан Кенесары ханның тұқымы болып келетін ол Совет билігі орнаған 1917-1918 жылдарға дейін жиырма жыл бойы Әулие-Ата, қазіргі Мирзоян атындағы қаладағы полиция басқармасында тәрбиеден өтіп, оның аса сенімді қызметкері болғандықтан коммунистік партияның басқаруымен орнаған Советтік биліктің алғашқы күннен-ақ ымырасыз жауына айналады. Совет үкіметінің ұзақ өмір сүретініне сенген жоқ. Әлихан Бөкейханов бастаған Алаш қайраткерлерімен, Мұстафа Шоқайев бастаған Қоқан автономиясын құрушылармен жеке таныс және жылы қатынаста болуы оның контрреволюциялық ұстанымын нығайта түседі. «Осы аталған және басқа ұлтшылдармен бірге Совет өкіметімен

ашық түрде айқасқа түсіп, оны құлатып, орнына КСРО орыстарынан бөлек буржуазиялық-ұлтшыл ұстанымындағы мұсылман мемлекетін құруға күш» салады [10].

Тергеушінің «Алашорда және Қокан автономиясы үкіметтерімен қандай қатынаста болғандығы» жөнінде қойған сұрауына: «Алашорда үкіметінің құрылуына мен белсенді араластым, ал Алашорданы құрған съезге бұрын болыс басқарушысы болған Байзақов Мәуленкұл және Шоқаев Мұстафамен бірге Түркістан өлкесінен өкіл ретінде қатынасып, Алашорда үкіметінің құрылғандығын жария етуге дауыс бердім. Уақытша құрылған Қокан автономиясы үкіметі құрамында болдым», – деп жауап береді.

Бұл тарихи фактілерді тергеушінің Ә.Кенесариннің өз аузынан естуі де әбден мүмкін. Бірақ, бұл арада бір жағдай бұрмалауға ұшыраған. Ә.Кенесариннің Түркістан автономистерінің съезіне (Қоқандағы) қатысқандығы рас, дегенмен ол съезде сайланған Мұхтарият Кеңесі мен үкіметіне мүше болған емес. Тергеуші хаттамаға мүше болды деп істі қоюлата түсу үшін көрсеткен сияқты.

Осы көрсетудегі мынадай фактіге көңіл аудару қажет-ақ. Ә.Кенесарин Алашорда үкіметін сайлаған екінші жалпықазақ съезіне Байзақов Мәуленкұлмен бірге Түркістан өңірінен өкіл ретінде қатынасқанын айтады. Ал осы Байзақов Мәуленкұл кім еді?

Ә.Кенесарин оны болыс басқарушысы болған деп көрсетеді. Мәуленкұл Байзақов – бұл атақты әулие-аталық Байзақ датқа Мәмбетұлының ұрпағы. Ия, Қокан хандығының зорлығына қарсы Әулиеата қазақтарын көтерген, Торғайдан соң Жетісуға келген Кенесары ханға қолдау көрсеткен Байзақ датқа. Ол жөнінде Кенесары хан жорығына арналған тарихи жырда хан қолына: «Қокан жақтан көп сан дулатты бастап Мәмбетұлы Байзақ келді», – деп көрсетеді [12].

Тарихи деректер Байзақ датқаның немересі Мәуленкұлдың XX ғасырдың басындағы Түркістан, жалпы Қазақ өміріне қатысты саяси оқиғаларға белсенді түрде атсалысып, мемлекет ісі, ұлт еркіндігі, жер мәселесі сияқты мәселелерде алдыңғы көзқарастық ұстанымда болғандығын көрсетеді [13]. Яғни, Кенесары хан мен Байзақ датқаның ұрпақтарының XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы қатарынан табылуы, әрине, кездейсоқ нәрсе еместігі анық.

Хаттамада Ә.Кенесариннің контрреволюциялық ұлтшылдар ұйымына тартқан адам ретінде М.Тынышбаев аталады. Тергеушіге мұндай тұжырым жасауға негіз болған жағдайлар, біріншіден, тінту барысында Ә.Кенесариннің үйінен М.Тынышбаевтың қазақ тарихына байланысты жазған еңбектерінің табылуы еді. Тергеушінің осы жағдайға байланысты тұтқыннан жауап алғандығы, әрине, өзінен-өзі түсінікті. Екіншіден, Мұхамеджан Тынышбаевтың Әзімхан Кенесарин отбасымен жақын қатынаста болғандығы жөнінде Әзімхан Ахметұлының қызы Напуса Әзімханқызы жоғарыда аталған кітабында жазды [14].

Әрине, ОГПУ-дың облыстағы тергеушілеріне керегі «орталығы Ташкент қаласында орналасқан к-р ұлтшылдар ұйымына» Оңтүстік Қазақстан облысынан мүшелерді анықтап, оларды қылмыскер ретінде үкімет пен халық алдында «әшкерелеу» екендігі түсінікті. Бұл «міндетті» «абыроймен» орындап шығуға Ә.Кенесарин сияқты қазақ қоғамында кең танымал тұлға ОГПУ тергеушілеріне таптырмайтын «олжа» еді. Ә.Кенесарин арқылы облыстан к-р ұйымға «мүшелерді» анықтау оларға қиынға түскен жоқ. Олар патшалық билік тұсында Охранное отделение, совет өкіметі тұсында ОГПУ-НКВД органдарының көз алдына бақылауда жүрген жергілікті халықтың

аты мәлім саяси тұлғалары болатын. Тергеуші, мемлекеттік қауіпсіздіктің кіші лейтенанты Жанахметовтың даярлаған хаттамасында Ташкенттегі Х. Досмұхамедов, Ж. Досмұхамедов, М. Дулатов басқаратын орталыққа мүше ретінде облыстан Қоңырқожа Қожықов, Садық Өтегенов, Мәуленкүл Байзақов, Әлмұхамет Көтібаров (Құрамшин), Алдабек Малгелдиев (Мангелдин), Серікбай Ақаев, сондай-ақ олармен бірге Мұхамеджан Тынышбаев пен Сұлтанбек Қожановтың да аты аталады.

Тергеушілердің ұстанымында қамауға алынуға тиіс адамдардың тізімі мұнымен аяқталмайды, яғни оның жалғасы болуға тиіс. Олар бұл ойды «ұлты өзбек к-р ұлтшылдар да бар, олардың аты-жөнін Тынышбаев атаған болатын, бірақ қазір еске түспей тұр» деген сөздер арқылы білдіреді [5].

Тергеу барысында оны жүргізушілер үшін негізгі мәселе Ә. Кенесариннің оңтүстік өңірдегі дін басылармен байланысын көрсететін фактілік материалдар іздеп табу, сол арқылы мұсылман дін басыларының алаштық зиялылармен «контрреволюциялық қатынаста болғандығын» негіздеп мәскеулік басшылық алдында НКВД органдарының өңірдегі қызметі мақсатты және кешенді сипат, мазмұнда жүріп жатқандығын көрсету болды.

Осы мақсатта Ә. Кенесаринге Ташкенттегі к-р орталықтан «қандай к-р тапсырмалар алдыңыз» деген сұрау қойып, оған мынадай мазмұндағы жауап алады:

«а) көтерілісті басқара алатын кадрларды іріктеп, жергілікті мұсылмандар қауымын Совет өкіметіне қарсы қарулы көтеріліске даярлау, генерал Әнуар пашаның көмегімен Совет өкіметін құлату;

б) мұсылман қауымын қарулы көтеріліске даярлау үшін үгіт-насихат жұмысын жүргізу, осы мақсатқа Аппақ ишан, Мәди ишан және басқа

осы сияқты ел арасында аса беделді ишандардың ықпалын пайдалану туралы тапсырма берілді. Осы мақсатта, Тынышбаев айтқандай, к-р ұлтшылдар ұйымы жеке аудандарға мына ұйым мүшелерін белгіледі:

1. Құрымшин-Көтібаров Әлмұхамедті Қызылорда бөліміне
2. Байзақов Мәуленкүлді Түркістан бөліміне
3. Мангелдин Алдабекті Шымкент бөліміне
4. Бұралқин Керімбайды (көрсетілмеген. – авт)
5. Сарымсақов Ниязбекті және
6. Мені – Кенесарин Әзімханды Мирзоян бөліміне» [16].

Ә. Кенесариннің емес, тергеушінің тарапынан даярланған хаттамадағы бұл жауаптың ішкі қисыны әлсіз екендігін түсіну, әрине, қиынға түспейді. Егер тергеу ісінің 1937 жылы жүргенін есепке алсақ, онда тұтқындағы Ә. Кенесаринге таңылған «қылмыстық істердің» өткен кезеңдерге тиесілі оқиғалармен байланысты екендігін айтқан жөн. Мәселен, Әнуар паша басқарған Түркістан халықтарының ұлт-азаттық қозғалысы 1922 жылы тамызда оның өлімімен бірге аяқталған [17]. Басқаша айтқанда, Ә.Кенесарин мен оның серіктерінің 20-ншы жылдардың басындағы тарихи оқиғаларға қатынасын анықтау тіптен де мүмкін емес-тін.

Ә. Кенесариннің советтік тарихнамада «басмашылар қозғалысы» атанған, ал шын мәнінде Түркістан халықтарының ұлт-азаттық қозғалысына қатынасын растайтын фактілік материалдың жоқ екендігін айтқан жөн.

Сол сияқты, 1930 жылы ОГПУ тарапынан қамауға алынып, қылмыстық ісі дәлелденбеген күйде Павлодар абақтыларының бірінде 1931 жылы өмірден қайтқан Аппақ ишанның Совет өкіметіне қарсы жүргізілген үгіт-насихат ісіне тартылғандығын білдіретін бірде-бір құжат немесе көрсету тергеу ісіне тартылған жоқ еді.

Хаттамада Ә. Кенесариннің контр-революциялық ұлтшылдар ұйымына сайрамдық Ишанханов Насырхан мен Ишанханов Гүлтөрехан ишандарды тартқандығы, сол сияқты Ишанханов Насырханды соңғы рет 1936 жылы кездестіргені жөнінде айтылады [18]. Ал шын мәнінде ағайынды ишан Ишанхановтардың контрреволюциялық қызметке ешқандай да қатынасы болмағандығы жөнінде жоғарыда айтылады. Тергеу органдары бұл арада Кенесариндердің өзбек ишандарымен құдалық байланыстарын өз мүдделеріне пайдалануға тырысқандықтары байқалады.

Ә. Кенесаринге таңылған қылмыстардың бірі оның «учаскелік гидротехник қызметін атқара жүріп Қожанов Сұлтанбектің тапсыруы бойынша зиянкестік әрекетпен айналысқандығына» байланысты. Бұл ретте тергеуші Ә. Кенесаринге «Су шаруашылығындағы зиянкестік қызметіңіз туралы нақтырақ баяндаңыз» деген сұрау қойып, оған мынадай мазмұндағы жауап алғандай болады: «Қожановтың к-р тапсырмаларын мен су шаруашылығында белсенді түрде орындап, мынадай зиянкестік істер атқардым:

1.1932 жылы Қарабұлақ су шаруашылығында учаскелік гидротехник қызметінде жүріп зиян келтіру мақсатында «Сай» каналын жөндеу жұмысына шектен тыс материалдар және жұмыс күшін жұмсап, аяқтау мерзімін создым, сол арқылы мақтаны суғару кестесін бұздым, соның нәтижесінде мақта түсімі төмен болды, мемлекетке мақта өткізу жоспары орындалмады.

2.1935 жылы тура осындай мақсатта мен Шаян ауданы Төрткүл ауыл-советіне қарасты колхоздардың тұсынан Арыс, Талды, Шаян өзендері өтетін маңда 2-3 жерде дамбы көтеру мәселесін қойдым, ал канал магистралының орналасу тәртібі бойын-

ша ондай әрекетке жол берілмеуге тиіс.

Бұған қосымша, Бөгеннен шығатын көктемгі тасқын суды Шаян өзеніне бұру туралы ұсыныс жасап, ал дамбыларды проектилеу және Нивелирлеу, сонан соң тасқын суды жеткізуді 1937 жылдың басына дейін созып, соның нәтижесінде колхоздар сусыз қалып, мақтадан күткендей түсім ала алмады».

Бұдан басқа Сайрам ауданында гидротехник қызметінде жүріп, осы жоғарыда баяндалғандай мазмұнда мақта шаруашылығына зиян келтіргендігі жөнінде фактілер береді. Осы зиянкестік істердің барлығы да облыстық су шаруашылығының бастығы Тасыбеков басқаратын топ арқылы жүргізілгендігін «мойындайды». Міне бұл «көрсету» арқылы тергеушілердің «жаңа» адамдарды жауапқа тарту мүмкіндігі кеңейе түскендігін байқау, әрине, қиын емес. Оңтүстік Қазақстан өңірі су шаруашылығы жүйесі ауқымды, дамыған өңір, облыстың экономикалық өмірінде алатын орны ерекше. Сонымен, не керек, жауапқа тартылуға тиіс жаңа топтың тізімі жасалынды. Олар:

1. Иногамов – Арыс құрылыс басқармасының бастығы.

2. Лимов – инженер.

3. Асыллов (Байсейитов – басқа аты-жөні) – техник.

4. Күсебаев – аға инженер.

5. Куриленко – инженер.

6. Конев – инженер.

7. Беркімбаев – аудандық инженер.

8. Тасыбеков – облыстық су шаруашылығының бастығы.

9. Волков – бақылаушы, кулак, Темирланов ауылынан.

10. Кенесарин Ә. – учаскелік гидротехник.

Бұл аталған су жүйесіндегі қызметкерлердің совет өкіметіне қарсы екендігіне дәлел ретінде олардың бір кезде айтыпты деген сөздері келтіріледі. Мәселен, Асыллов: «Совет өкіметі көп ұзамай құлайды, ал

фашистермен және капиталистермен соғыста жеңіске жете алмайды», ал мен өз тарапымнан Волковқа: «сендер орыс мұжықтары ақымақсындар, совет өкіметінен жер аласындар деген үгітіне сеніп қалдыңдар, шын мәнінде сендерге ешқандай да жер тиген жоқ, совет өкіметі бәрін де өз меншігіне алды» – деген сөзді айттым» [19].

Осы тізімге байланысты мынадай жағдайды айтқан жөн. 50-ші жылдары даярланған ақтау материалдарының көрсетуіне қарағанда тізімге ілінгендердің арасында жауапқа тартылған деп қамауға алынғандағы Асыллов, Иногамов, Күсебаев және Тасыбеков [20]. Асыллов Ғапар Байсейітұлы (1884 ж.) үш айға жуық абақтыда отырып, сонан соң босатылған. Қалған үш кісінің ісі немен аяқталғаны жөнінде фактілік материалдардың болмауына байланысты ештеңе айта алмаймыз.

Сонымен, жоғарыда баяндалған хаттамадағы фактілік материалдарды негізге алып, тергеуші Жанахметов 1937 жылы 25 қарашада Ә. Кенесариннің ісі бойынша айыптау қортындысын даярлап, оны үштіктің қарауына тапсырады. Өз ретінде УНКВД-ның Оңтүстік Қазақстан бойынша үштігі бұл істі 1937 жылы 28 қараша күні, яғни Ишанханов Гүлтөреханнның ісімен бір күнде және бір сағатта қаралып, екі іс бойынша да бір жаза, яғни ату жазасын қолдану туралы шешім қабылдайды. Имандар мен Ә.Кенесаринге байланысты ату жазасы бір күнде, яғни 1937 жылы 29 қараша күні орындалады.

Бұл арада мынадай жағдайды ескеруге тура келеді. «Сопы» операциясына байланысты оңтүстік өңірдегі жетекші дін басылардың (Хансейітов Сыдық ишанды 16 маусымда, Ишанханов Гүлтөрехан ишанды 1 қыркүйекте және Жәңгірқожаев Әлкен ишанды 9 қазанда) және Алаш қозғалысына қолдау көрсеткен қазақ қоғамындағы саяси белгілі тұлға Кенесарин Әзімханды (1937 жылы 15 та-

мызда) шамамен бір мезгілде тұтқынға алып, оларды тергеу жұмыстарының қатар жүргізілетінін есепке алсақ, онда тергеушілер алдында осы қоғамдық қозғалыстар арасынан өзара байланыс барлығын анықтау, ал егер ондай байланыс жоқ болып шықса, онда оны «орнату» міндеті тұрғандығын байқау әрине қиынға түспейді.

Сонымен Ә. Кенесариннің ісінің соңы жөнінде 1956 жылы сәуір айының ортасында Түркістан әскери округінің прокурорына Ташкент қаласында тұратын (Кафанов көшесі, Тихий тупик 9) Кенесарин Натай Әзімханұлынан арыз түседі. Арызда:

«Менің әкем Әзімхан Ахметұлы Кенесарин мамандығы бойынша Оңтүстік Қазақстан облыстық су шаруашылығында учаскелік гидротехник қызметінде жүріп, 62 жасында 1937 жылы Шымкент қаласында НКВД органдары тарапынан халық жауы ретінде тұтқындалып, сондай-ақ оған тиесілі мүлкі мен Шымкент қаласындағы Бекет батыр көшесіндегі №8 үйі конфискіленген. Сол уақыттан бері, біз, яғни оның балалары әкеміз туралы ешқандай да мәлімет алған емеспіз.

Әкеміздің тұтқынға алынуы және оның беймәлім тағдыры ұзақ жылдар бойы оның балаларының адамгершілік келбетіне жағылған дақтай еңсемізді басып келеді.

Советтер Одағы Комунистік партиясының XX съезінің шешімдері мен материалдарына байланысты Сізден прокурорлық бақылау аясында менің әкем Әзімхан Ахметұлы Кенесариннің ісін қайта қарап, оның нәтижесін жоғарыда көрсетілген мекен-жайға хабарласуыңызды өтінемін».

13.IV.1956 ж. қолы [24].

Шамамен осы мазмұндағы шағым енді КСРО-ның бас прокуроры Руденконың, КСРО Министрлер кеңесінің Төрағасы Булганиннің атына Ә. Кенесариннің зайыбы Кенесарина Зухра Батыршақызынан да түседі. Ша-

ғымда отбасының жағдайына байланысты мынадай фактілер келтіріледі: «Күйеуім қамауға алынған соң, 1937 жылдың аязды қысында НКВД қызметкерлері мені төрт жас балаларыммен бұрынғы Бекет батыр, қазіргі ВЛКСМ-ның 30 жылдығы көшесіндегі №8 үйден (Шымкент қаласы), яғни жекеменшік үйімізден халық жауының отбасы ретінде қуып шығып, үйді өздеріне алды. Күйеуімнен және үйімнен айырылған мен жас балаларыммен Шымкент қаласынан тұруға пәтер іздеп, көшеде қаңғырып қалдым, бірақ бізді, халық жауының отбасын үйлеріне кіргізуге қорқып ешкім де қабылдай қоймады, сондықтан да әйтеуір табылған қуыс, ескі үйлерде қыстап шықтық. Осындай жағдайымды баяндап, ешқандайда кінәсіз төрт баламен қалғанымды ескеріп, үйіміздің бір бөлігін қалдыруды өтініп, Сталинге бірнеше мәрте шағым жаздым, бірақ менің өтінішімнен нәтиже шықпады. Ұзақ рухани күйзелістен соң, 1952 жылы Ташкент қаласына, ол жерден Жамбыл қаласына, сонан соң Алматыға көшіп бардық.

Қазір мен 56 жастамын, 19 жылдан бері бір қаладан екінші қалаға баспана-сыз ауысып жүрміз. Соңғы уақытта қайтадан Шымкентке көшіп келіп, уақытша танысымыздың үйінде тұрып жатырмыз».

Шағымның соңында Зухра Батыршақызы Кенесары Әзімхан Ахметұлын ешқандай да кінәсіз жазаланған адам ретінде ақтап, жергілікті билік орындарына Шымкент қаласындағы ВЛКСМ-ның 30 жылдығы көшесінің бойындағы үйлерін отбасына қайтару жөнінде тапсырма беруді өтінеді [25].

Мәскеудегі басшылықтан тапсырма алған Түркістан Әскери Округінің прокуратурасы 1956 жылы 23 маусымда (№4-30\4756) Оңтүстік Қазақстан бойынша Мемлекеттік Қауіпсіздік комитетінің Кенесары Әзімхан Ахметұлының ісін қайта қарауды тапсырып,

өз ретінде облыстық басқарма аталған іс бойынша жұмыс жүргізіп, мынадай жағдайларды анықтайды.

1937 жылы ату жазасына бұйырылған Ишанхан Гүлтөрехан Ишан өз көрсетуінде Кенесаринді антисоветтік ұйымға тартқан Тынышбаев емес, Иманханов Насырхан ишан екендігін айтқан. Ә. Кенесариннен алынған тергеу хаттамасында оны антисоветтік ұйымға тартқан М. Тынышбаев екендігі айтылған. Аталған көрсетудегі қайшылықты жіберген, әрине Ишанханов Гүлтөрехан ишан да емес, сондай-ақ Ә. Кенесарин да емес, хаттамаларды тұтқындағыларға қол қоюға даярлаған тергеушілердің өздері екендігін аңғару қиын емес. Яғни, ешқандай да антисоветтік ұйымның болмағандығы, ал ишандар ісі мен алашордашыл Ә. Кенесариннің ісін қолдан жасаған «Сопы» операциясын жүргізушілер екендігі ешқандай күмән тудырмайтыны ақиқат.

Ә. Кенесарин ісіне қатысты фактілерді тексеру барысында тергеу хаттамасында зиянкестік топ мүшелері ретінде көрсетілген. Коневтер, Куриленкодан, Волковтан және Асылловтан іс бойынша куәгерлер ретінде жауап алынады. Сондай-ақ олар Ә. Кенесариннің антисоветтік ұйымға мүше, сондай-ақ Оңтүстік Қазақстан облыстық су шаруашылығы мекемесінде контрреволюциялық топтың болғандығын қуаттап, ешқандай да куәлік бермеген. Керісінше аталған кісілер Ә. Кенесаринмен біраз жыл су жүйесінде бірге жұмыс жасап, оны тек жақсы қызметкер тұрғысынан білетіндіктерін айтқан. Енді сол куәгерлердің көрсетулерінен бірнеше үзінділер келтірейік.

«Іске тіркелген тергеу хаттамаларынан. 1956 ж. 8 тамыз.

Конев Алексей Дмитриевич 1898 ж. туылған, орыс, партияда жоқ, білімі – орта, мамандығы – гидротехник, қызметі – Ақсу Бадам суландыру

жүйесінде суды тұтыну (водопользование) бөлімінің бастығы.

... Мен Кенесаринге саяси мінездеме бере алмаймын, өйткені онымен жақын қатынаста болған емеспін, ал оның қызметі туралы тек жағымды пікір айтқан болар едім. Есімде, Кенесариннің суландыру ісі бойынша арнайы білімі жоқ, ал бірақ тәжірибесі мол, гидротехник ретінде өз жұмысына зор жауапкершілікпен қарайтын. Қызмет бабымен оның жұмысын тексеруге тура келетін дегенмен жағымсыз кемшіліктер байқалмайтын. Бөген-Шаян каналын салу алғашқылардың бірі болып ұсыныс жасаған осы Кенесарин болатын. Бұл канал Шаян ауданындағы Төрткөл ауыл советіне қарайтын колхоздарды сумен қамтамасыз ету ісінде үлкен пайда келтірді...».

Куриленко Иван Павлович ұлты – украин, 1956 ж. 9 тамыздағы көрсетуінде: Кенесаринмен Оңтүстік Қазақстанның су шаруашылығы жүйесінде 1928 жылдан ол қамауға алынған күнге дейін бірге жұмыс жасағанын айтып, осы мезгілде «Кенесарин өз жұмысына үлкен жауапкершілікпен қарады, оның атына колхоздардан немесе жеке адамдардан суландыру ісіне байланысты шағым болған емес, ол өз жұмысын білетін және ұжымда беделді және сыйлы болды.

Оңтүстік Қазақстан облысының су шаруашылығында антисоветтік ұйым болғандығы ештеме білмеймін, естігенде емеспін...», – деген ойын білдірді.

Ә. Кенесариннің Оңтүстік Қазақстан облысындағы суландыру жүйесіндегі қызметіне байланысты жағымды мінездемені оның әріптестері П.А. Кретов, Ғ.Б. Асыллов және С.С. Волков та береді [26].

Сәл өзгеше мінездеме Волков Сергей Степановичтің көрсетуінде берілген: «Кенесаринді 1935 жылдың қамауға алынғанға дейін білемін, оның қарамағында жұмыс істедім. Кенесарин өз жұмысын жақсы меңгерген, оған жауапкершілікпен қарайтын. Маған және басқа учаскелік гидротехниктерге ол көмегін аямайтын. Ал оның саяси ұстанымына қатысты жағымды пікір айта алмаймын. Мен оның партия және совет үкіметінің шараларына жаулық ұстанымда болғандығын білемін, екеуара әңгімеде өзінің антисоветтік пікірлерін жасырмайтын, ылғи да революцияға дейінгі Ресей өмірін мақтайтын [27].

Түркістан Әскери округының әскери прокуроры міндетін уақытша атқарушы әділет полковнигі И. Пастревич Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитетінің Басқармасы даярлаған қорытынды анықтамаға сүйене отырып, 1956 жылы 29 қарашада «НКВД-ның Оңтүстік Қазақстан облысындағы үштігінің 1937 жылы 28 қарашадағы осы іс бойынша Қаулысы жойылсын, ал Кенесарин Әзімханның қызметінде қылмыс құрамы болмағандықтан РСФСР ҚПК-нің 4 және 5 баптарына сәйкес қылмыстың ісі тоқтатылсын», – деген шешім қабылдайды.

Ескертулер

(«Сопы» операциясы Ә.А. Кенесаринге де жетпіс және осы фактінің астары жөнінде)

1. Кенесарина Н.А. О деятельности Кенесары хана по царским документам. – Алматы, 2001. – 227 б.
2. ҚРҰҚК Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің мұрағаты (бұдан бұлай ҚРҰҚК ОКОДМ-лат) мұр. № 0350, 4-4 бб. п.п.
3. ҚРҰҚК Алматы облысы және Алматы қаласы бойынша департаментінің мұрағаты (ҚРҰҚК АОЖАҚДМ), мұр.№06610, 4т, 543 п.
4. Алаш қозғалысы. Движение Алаш. Құжаттар мен материалдар жинағы. – Алматы, 2004. – 386-389, 389-398, 472-482 бб.

5. ҚРҰҚК АОЖАҚДМ, мұр. №06610, 4 т, 336 п.
6. ҚРҰҚК ОҚОДМ, мұр. №0350, 1-3 п.п.
7. Кенесарина.К.А. Аталған кітап, 2 26 б.
8. ҚРҰҚК ОҚОДМ, мұр. № 0350, 5-5 бб. п.п.
9. Ә.Кенесарин бұдан бұрын, яғни 1930 жылы абақтыға жабылып, жылға жуық отырып шыққан. Сонда, яғни 1931 жылы 7 қыркүйекте берген жауабында өз ұстанымын былай білдіреді: «На вопрос могу ответить только одно: ни в какой организации я не состоял и не состою и никогда никакой антисоветской работы не вел. Об этом я сейчас заявляю и всегда буду говорить»/ ҚРҰҚК АОЖАҚДМ, №06610 іс, 4 т, 669 п.
10. Сонда, 10 п.
11. Сонда, 11 п.
12. Казахские чиновники на службе Российской империи: сборник документов и материалов. – Алматы, 2014. – С. 209.
13. Алаш қозғалысы. Движение Алаш: сборник документов и материалов. Т.1. – Алматы, 2004. – С. 389-398, 472-482.
14. Кенесарина К.А. Аталған кітап, 231 б. Әзімхан Ахметұлының соңғы жылдарындағы жақын жолдастары – Мұхамеджан Тынышпаев және Санжар Асфендияров.... Олардың достығын балалары жалғастырған. М. Тынышпаевтың ұлы атақты кинорежиссер Іскендір Әзімханның үлкен ұлы белгілі ғалым-геолог Натаймен дос болған.
15. Ә. Кенесары ОГПУ ісін бақылайтын прокурорға жазба арызында Қылмыс Кодексінің 58\10 бабына сәйкес өзін 1921 жылы қазақ қоғамының Совет өкіметіне қарсы құрылған ұйымына қатысты деген айыптауымен келіспейтіндігін білдіріп: «...В 1917 году при открытии Алашорды я участвовал на съезде в гор. Оренбурге, куда был делегирован населением Аулиеатинского уезда, где в то время служил председателем уездного киргизского совета. На съезде принимал пассивное участие и при голосовании воздержался, что ныне установлено документами. Вот все мое участие как в Алашорде, так и в казакском обществе», – деп көрсетеді.
16. ҚРОҚОДМ, мұр. №0350, 12 п.
17. Туркестан в начале XX века: к истории истоков национальной независимости // Коллектив авт: Р.М. Абдуллаев, С.С. Агзамходжаев, И.А. Алимов и др. – Ташкент: Шарк, 2000. – с. 537-538; Баймаханов Б.К. Түркістан ұлт-азаттық қозғалысындағы Өнуар пашаның рөлі: диссертация. – Алматы, 2008. – 112-114 бб.
18. ҚР ОҚОДМ, мұр. №0350, 16-18 п.п.
19. Сонда, 20-22 п.п.
20. Сонда, 23 п.
21. Сонда, 52-54, 57, 63-63 бб. п.п.
22. Сонда, 31-34 п.п.
23. Сонда, 6к, №01918 іс, 153 п; №0350 іс, 36-37 п.п.
24. Сонда, 41 п.
25. Сонда, 4 8-50 п.п. // В жалобе отмечается: «... прошу Вас истребовать дело моего мужа Кенесарина Азимхана Ахмедовича в порядке надзора и по нему принести протест на предмет отмена приговора суда или особого совещания оправдания его как безвинного. В том случае если он умер (может быть он умер т.к. сейчас ему 81 год) то посмертно оправдать и дать указание местным органам власти о возврате моего домостроения по ул. 30 лет ВЛКСМ в год. Чимкенте.»
26. Сонда, 53-63 бб. п.п.
27. Сонда, 59 п.
28. Сонда, 160-162 п.п.

Автор туралы: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, филология және әлем тілдері факультетінің деканы, филология ғылымдарының докторы, профессор, белгілі алаштанушы-ғалым, педагог.

About the author: Dean of the Faculty of Philology and World Languages, Ph.D., professor. Al-Farabi Kazakh National University

Об авторе: декан факультета филологии и мировых языков КазНУ им. аль-Фараби, доктор филологических наук, профессор, известный алашовец, педагог.



Өмірхан ӘБДИМАНҰЛЫ

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» – ЕЖЕЛДЕН ӘДЕБИЕТТІҢ АЛТЫН АРҚАУЫ

Аңдатпа: Мақалада қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі мен хандық дәуірлеріндегі жыраулар шығармашылығындағы ұлттық идея мен мәңгілік ел ұғымының көрініс табуы қарастырылған. Мұнда дәстүр сабақтастығы, ұлттық идеяны жырлаудың қалыптасу жолдары терең пайымдалады. Ұлттық идея мен Мәңгілік ел идеясын ортақтастыратын басты желі де назардан тыс қалмаған. «Күлтегін», «Тоныкөк» сынды тасқа қашалған әдеби ескерткіштерде елдік танымдардың болмысы ашылып, елдік жырларда этика мен мораль, жақсылық пен жауыздықтың арасындағы тартыс жырланады.

Omirhan ABDIMANULY

«MANGILIK EL» – THE GOLDEN TREASURY OF LITERATURE FROM THE EARLIEST PERIOD

Summary: The author considers the notions «national idea» and «eternal country» and their reflection in the works of zhyrau (improvisers, bards) in the Kazakh literature of the Ancient era and the Khanate Age. It analyzes the continuity of traditions, ways of forming the chanting of the national idea. The stand about the community of the national idea and the idea of the eternal country is paid attention. The ancient literary monuments «Kultegin» and «Tonykok» engraved on the stone reflect the peculiarities of the national world outlook, and the folk songs glorify the issues of ethics and morality, the eternal struggle between good and evil. The trends of praising the national idea in the poetry of zhyrau (folk narrators) of the Khanate age are examined and analyzed by comparing.

Өмірхан АБДИМАНҰЛЫ

«МӘҢГІЛІК ЕЛ» – ЗОЛОТАЯ СОКРОВИЩНИЦА ЛИТЕРАТУРЫ С ДРЕВНЕЙШИХ ЭПОХ

Аннотация: В данной статье рассматриваются понятия «национальная идея» и «Мәңгілік Ел» в творчестве жырау в казахской литературе древней эпохи и эпохи ханства. Дается анализ преемственности традиции, путей формирования воспевания национальной идеи. Путем сопоставления выясняются и анализируются особенности тенденции воспевания национальной идеи в поэзии жырау эпохи ханства. С научной позиции описывается взаимосвязанность идеи «Мәңгілік ел» и литературных мотивов воспевания национальной идеи.

Бағзы заманнан бергі әдебиеттің ұлттық рухын танытар сөз құдіретінің бір арнасы ерлік-елдік ұғымдарымен астасып жатыр. Ұлттың ұлы арманынан қуат алған құдіретті көркем ой-таным қазақ әдебиеті тарихының түркі тектес халықтармен ортақтығының түп негізі болып табылатын ежелгі әдебиет пен қазақ хандығы жеке ту тігіп, өз алдына ел болғалы бергі әдебиеттің барлық кезеңдерінен көрініс тауып отырған. Ел басына қиын-қыстау күн туған небір замандарда тәнге шипа, жанға рух берген ерлік пен елдікті ту көтерген отты жырлар екендігі айдан анық. Олар өз уақытында ғана жырланып қоймай, ертеңге дәстүр қалыптастырды. Ежелгіден желісін тартқан сол жырлардан кейінгі әдебиет үлгі алып, өнеге шашты, тағылым таратты. Олай болса, біздің мақсат ежелгі және қазақ хандығы дәуіріндегі елшілдік ой-танымның әдебиеттегі көрінісі арқылы «Мәңгілік Ел» идеясының әдебиетіміздегі көркем бейнеленуінің танымдық мәнін айқындап, дәстүрлік арналарын саралау. Себебі, бүгінгі тәуелсіз ел әдебиетіндегі ұлттық идеяның бейнеленуін тану үшін ертедегі әдебиет үлгілеріндегі осыған тән көркемдік белгі-бедерді жан-жақты қарастырған жөн.

Қашанда әдеби шығарма өзегі замана тынысынан, қоғамдық ойға көрік басты идеядан тамыр тартып жатады. Белгілі бір шығармашылық тұлға қандай жағдайда болмасын ерікті де, еріктен тыс та өз туындысын нысаналы ойсыз, көздеген мақсатсыз жаратуы мүмкін емес. Олай болса, идеясыз туынды жоқ. Шығармашылық тұлға – ой таным иесі. Ол өз заманындағы қоғамдық үдерісті ой-сана сүзгісінен өткізбей отыра алмайды. Ендеше таным жемісі – сөз өнер туындысы ішкі болмысқа тән үлкенді-кішілі идеялық жүк арқалап, дүниетанымдық сананың өркен жаюына қызмет етеді.

Мәселен, бүгінгі тәуелсіз Қазақстандағы егеменді еліміздің басты

идеясы – «Мәңгілік Ел» – ұлттық идеясы. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің 2014 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауында: «Мәңгілік Ел – ата-бабаларымыздың сан мың жылдан бергі асыл арманы. Ол арман – әлем елдерімен терезесі тең қатынас құратын, әлем картасынан ойып тұрып орын алатын Тәуелсіз Мемлекет атану еді. Ол арман – тұрмысы бақуатты, түтіні түзу ұшқан, ұрпағы ертеңіне сеніммен қарайтын бақытты Ел болу еді. Біз армандарды ақиқатқа айналдырдық. Мәңгілік Елдің іргетасын қаладық» [1] – деп «Мәңгілік Ел» идеясының халқымыздың сан ғасырлық тарихымен сабақтастығының, руханияттық танымының негізгі ұстанымына айналғандығының мән-мазмұнын ашып берді. Ал сол сабақтастықтың алтын жұлгесі – ел жадынан өшпестей орын алып, ұрпақтан ұрпаққа жалғасын тауып келе жатқан өнер асылы – әдебиет.

Жалпы ұлт даналығының асыл қазынасы – сөз өнері – әдебиет. Бабалардан жеткен «Өнер алды – қызыл тіл» деген қанатты сөзі бекер айтылмаған. Қай халық болмасын өзінің аңсаған арманын, көксеген мақсат-тілегін сөз өнері арқылы айшықтаған. Ал, ел арманының түп қазығы – ел бірлігі, ел азаттығы, ел тәуелсіздігі ұғымдарын тұтастырған – Мәңгілік Ел идеясы.

Ежелгіден бүгінге жеткен қазақ әдебиеті сан ғасырлар бойы осынау ұлы мақсат – Мәңгілік Ел ұстанымын шығармашылықтың алтын алқасына айналдырып келді. Айналдыра бермек те!

Мәселен, қазақ әдебиетінің түркі тектес елдермен еншілес ежелгі деп есептелетін әдеби жәдігерлерінің бір шоғыры – «Орхон-Енисей» жазба ескерткіштері. Көнеден жеткен ел мұрасындағы ерлік рухқа толы жазбаларды оқи қалсаң, бойыңа ерен қуат пен қайрат еніп, жан-дүниеге өрлік пен ерлік рух берері анық. Ел рухының күші бірлікте

екенін ұғындыратын осынау замана табы таңбаланған туындылар талай ғасыр өтсе де, халық жадында сақталып, желілес жүз жылдықтар жалғасында туған туындылардың өн бойынан орын тауып, орнығып келгені күмәнсіз. Көп ғасырлардан кейінгі азаттыққа ұмтылған өршіл үнді ұранды жырлардың ұлы сарыны сол тұстан бастау тартып жатқаны да шындық. Олардың идеялық мәні ұлттық мақсатты асқақтату мен «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманды», Мәңгілік Елдікті аңсаған асыл арманда жатыр. Өйткені бүгінгі ұрпақ тілімен сөйлеп кетсе, ол кімді де болса, бейжай қалдыра алмайды. Қараңыз:

Сонау бастан, о бастан
Жаралғалы қара жер,
Жаралғалы көк аспан,
Естеми мен Бумынның
Адамзаттан бағы асқан.
Төрт бұрышы дүниенің
Соларменен санасқан.
Бүкіл түркі үмітпен
Екеуіне қарасқан.
Қол астына жиылып,
Қол астынан тарасқан [2].

Ақын Қ. Мырзалиевтің аудармасындағы «Күлтегін» өлең сөздің өрнегі арқылы қалай-қалай сөйлейді десеңізші?! «Күлтегін» ескерткішінің келешектің керуеніне артқан аманаты, мәңгілікті аңсаған рухани қуатының мәңгілігі осы жолдардан анық ұғылып, айқын таңылмай ма?!

Осы «Орхон-Енесей» ескерткіштерін әдеби мұра ретінде қарастыру, қазақ әдебиетінің түп төркіні содан тамыр тартып жататындығын зерттеу мен дәлелдеу ХХ ғасырдың 60-жылдары профессор Бейсембай Кенжебаевтың бастауымен қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жүзеге асқандығы белгілі. Ежелгі ел жәдігерін әдебиеттану тұрғысынан алғаш зерттеген қазақ ғалымы Мырзатай Жолдасбеков «Жоқтау-Мадақ» жыры деп атау берген [3, 23 б.] «Күлтегін» жәдігерінің құдірет күші – оның Елдік пен Ерліктің

ұлы дастаны болуында. Ол сан ғасыр бойы ұрпақ көзінен таса болғанымен, гендік жадыда жатталып, межелі мезетте жан тебіренісінің тереңінен қайнап шыққан жырлардың болмысынан талай рет бой көрсетіп, бейнелі сөздің қуатын арттырғанына еш күмән жоқ. Бұған кезінде қазақтың біртуар данасы М. Әуезов те назар аударған екен. Осы жырлардың сипатын анықтай келіп, ол төмендегідей ой айтады: «Күлтегін, Тоныкөк немесе Суджа жазуларында қанша адам, қанша ерлік бейнеленген десеңізші?! Оларда әр алуан рулар, тайпалардың кескілескен шайқастарының, соғыс суреттерінің, батырлар ерлігінің, жорықтардың шежіресі бар» [4, 136 б.]. Ендеше Орхон ескерткіштері – қазақтың ерлік пен елдік жырларының дәстүрін қалыптастырған ұлы мұра. Ал сол тарихи баяндардың түпкі мақсаты не десек, жауабы біреу – еркін елдік мұрат! Ендеше халық даналығындағы: «Бірлік қайда болса, Еркіндік сонда, // Еркіндік қайда болса, Елдік сонда» деген аталы сөз талай ғасырдың толқын-тербелісінен сүзіліп шыққан ой-толғаныстар сығындысы емес деп кім айта алар?!

Жалпы, Мәңгілік Ел ұлттық идеясының тұғыр-тірегі – елдік намыс. Ал намыс – халық, ұлт атты қоғамдастықтың қиналғанда медет тұтар қуат күші. Ол намысты ерді ерлікке бастап, елді теңдікке, теңдік елдікке жеткізеді. Ал, Елдік – қашанда Мәңгілік идеясымен жұптас. «Күлтегін» жәдігеріне қайта бір қайырылсақ: «Өтүкен қойнауында отырсаң, Мәңгі елдігінді сақтайсың сен (Өтүкен йыш олурсар, Беңгі ел тута олуртачы сен)» деген Мырзатай Жолдасбеков аудармасындағы жолдар [3, 45 б.] – сан ғасырды көктей жеткен Мәңгілік Елдіктің аманаты! Ол – туған ел, ата жұртқа деген ұлы сүйіспеншіліктің көрінісі! Ата-баба бізге отбасының ошағының оты жалынды, түтіні түзу шығар Мәңгілік Елдің нәрлі тамыры – «Құт мекенде» жатқандығын өсиет етіп отыр емес пе?!

Ендеше Орхон ескерткіштері мемлекеттіліктің қорған-қамалы – Мәңгілік Ел идеясын жырлаудың бастау көзі екендігіне қандай күмән болуы мүмкін. Осы тұста назар салар тағы бір жайға көңіл аударар кетейік. Аталмыш жәдігерлердің қай-қайсысында болсын «ЕЛ» ұғымы көп аталады. Осы «Ел» сөзінің Орхон мұраларындағы мәні туралы зерттеуші С. Қаржаубай осы мұраны алғаш зерттеген В. Томсен, В.В. Радлов, С.Е. Малов т.б. пікір таластыра отырып: «ЕЛ» сөзінің аудармасын жоғарыдағы зерттеушілердің көбі «племенный союз» (тайпалық одақ) деп аударған. Бұл аударма дәл келмейтіндіктен «мемлекет» деген мағынамен алдық» [5, 241 б.] – деп түсіндіреді. Жанды пікір!

Мәңгілік Елді арманының берік тұғырына айналдырған бабаларымыз жыр-өсиет етіп қалдырған аталмыш «Күлтегін», «Білге-қаған», «Тоныкөк» тасқа қашалған Мәңгілік ескерткіш болып бізге біршама түгел күйінде жетті. Сондықтан, біз оны Теңдік, Еркіндік, Елдік ұғымдарын тұтастырып, түгел жұртты ұйытқан Мәңгілік Ел ұлттық идеясы бейнеленуінің арғы бастау көзі ретінде қабылдаймыз. Бір сөзбен айтқанда, біз сөз етіп отырған ежелгі ескерткіште жүректі қан жылатқан мұң-зар да, көкіректе кек қайнатқан қаһармандық рух та, тыз етпе ашуды сабырға жеңдірген ой-толғам да – бәрі бар. Олар түгел тоғыса келіп, бір бүтінге айналғандағы бедерлі сөз, бейнелі ойдың айнымас «Темірқазығы», асыл тұтқасы – біреу – «тәуелсіздік» пен «береке-бірліктің» Мәңгілігі. Өлмес мұра болашаққа осынау Мәңгіліктің сенімін сыйлаған.

Бүкіл түркі халқына ортақ әдебиеттен енші бөлген тұсымыз – «Хандық дәуір» әдебиеті. Құпиясы көп, қатпары терең тарихты жайына қойып, төл еншіміз әдебиетке келер болсақ, аласапыран дәуір бедері туған әдебиеттің бетінде жатыр.

Қазақ әдебиеті тарихының байырғы дәуірлерінен егемендік алған тұсымызға дейінгі уақыттарда, одан кейін де Ұлттық идея – Мәңгілік Ел тұжырымдамасы әдеби көркемдік тұрғыдан негізделді десе болады. Осы қос ұғым, егіз ұстаным белгілі бір кезеңдік тұстарда түрлі реңкпен бейнеленіп отырды.

Жалпы алғанда, әдебиет ежелгіден бүгінге дейінгі аралықта қашанда болсын елдік мұрат пен мүддені көздей отырып, Мәңгілік Ел болуға ұмтылған текті жұрттың қилы кезеңдеріндегі азаттық, тәуелсіздік жолындағы күресінің қуатты құралына айналды.

Қазақ қазақ болғалы, ел болып ұйысқалы, ұлт болып орныққалы сыртқы жаудың шапқыншылығына, аласапыран мезгілдер әкелген жаугершілік пен үркіншілікке аз ұшыраған жоқ. «Ата жұрты бұқара, // Өз қолында болмаса, // Қанша жақсы болса да, // Қайраты туған ер ғаріп» деп, Асан Қайғы, «Қайран да менің Еділім, // Мен салмадым, сен салдың, // Қайырлы болсын сіздерге // Менен қалған мынау Еділ жұрт!...» деп, Қазтуған жырау «Ой түбіндегі асыл сөзді шер толқыта шығарған» небір алмағайып замандар да өтті. Ой толғаудың өрісін ашып, көкейге сары уайым ұйытпай, санаға серпіліс әкеліп, туған ел, туған жер сағынышын ұранғып көтерер, азамат намысына от жаныр бұл жолдар – ұлт боп ұйысудың, ел болып бірігудің мәйегіне айналған жырлар.

Осы кезеңнің ұлы тұлғасы – Асан Қайғы жырлары, тұтастай алғанда, осыған қызмет етеді. Ол – болашақты болжап, келер күннің алдан шығар кесепатын кейіптей білген данагөй. «Алғашқы тар заманының құбыжығын сезіп, тұспалмен белгі беріп, болжал айтқан Асан Қайғы. ... өлең сөзді қауымның қызметіне жаратуға кіріскен тағы да сол» [6, 201 б.], – дейді М. Әуезов дала данасы туралы. Ендеше кейінгі жаңа тарихтың – қазақ

хандығы дәуірінің болашағына ой жіберген Елдік жырының бастау көзі – Асан Қайғы жырлары. Жыраудың бай мұрасы бізге, әрине, там-тұмдап ғана жетті. Әйтсе де, соның өзі зерделей қарағанға Асан Қайғы «қайғысының» сырларын толық сезінуге жетерліктей. Ол «қайғы» ғалым-жазушы М. Мағауин айтқандай «... бүгінгі тіршіліктің, ертеңгі болашақтың қамын ойлағандықтан туған қайғы» [7, 176 б.]. Мұны «Мәңгілік Елді» аңсаудан тумады деп кім айта алады?!.

Асан толғаулары – туған ел мен туған жердің кешегісі, бүгінгісі, ертеңгісі жайлы терең пайымдаулардың, өз тұсындағы елдің ері мен ел көшбасшысының жақсысын асырмай мен жаманын жасырмай шындығын ашып айтқан қатты да ащы ұстындар жиынтығы. Жыр-толғауларының қай-қайсысында болмасын ол бүгіннің жайын айтады, кешегінің нәтижесін бүгіннен шығарып, ертеңінің сұлбасын болжайды. Бұл – сәуегейлік емес, данагөйлік. Көзбен көргенді ақылмен екшеп, келешектің келбетіне көкірек көзімен үңілу.

Ендеше XV–XVIII ғасырлардағы жыраулардың қай-қайсысы да осы таптаптан табыла білген.

Сөйлесе қызыл тілдің шешені,
Ұстаса қашағанның ұзын құрығы,
Қалайылаған қасты орданың сынығы,
Билер отты би соңы,
Би ұлының кенжесі,
Буыршынның бұта шайнар азуы,
Бидайықтың көл шайқаған жалғызы,
Бұлұт болған айды ашқан,
Мұнар болған күнді ашқан,
Мұсылман мен кәуірдің,
Арасын өтіп, бұзып дінді ашқан
Сүйінішұлы Қазтуған!!! –

деп ұранды жырдың үлгісін салған Қазтуған да, өзін «Азаулының Аймадет ер Доспамбет ағасы» деп бағалаған Доспамбет жырау да – өткеннен бізге үзігі жеткен азаттық пен ерлікті, еркіндік пен елдікті ұштастырған отты жыр дәстүрінің тарлан боздары. Тәуелсіздікті ту көтерген, оның мәңгілігін

аңсаған жыр үлгісі солардан қалған. Олар – ел қорғаны, елінің тағдырын өз тағдырымен еншілес деп білген жаужүрек жыраулар. Қажет тұсында қол бастап, бейбіт кезеңде сөз бастап, ел еркіндігі – ер мерейі деп білген ел ағалары. Жұрттың қамы жолында шейіт болар өлім де оларды өкіндіре қоймайды.

Доспамбет жыраудың «Айнала бұлақ басы тең» деп басталатын ұзақ толғауында:

Арғымаққа оқ тиді
Қыл майқанның түбінен,
Айметекке оқ тиді
Отыз екі омыртканың буынынан...
...Жара бір қатты, жан тәтті,
Жара аузына қан қатты...
...Жағдайсыз жаман қалып барамын
Жанымда бір туғанның жоғынан!...

дейтін жолдар бар. Мұхтар Мағауин «Жорықшы жырау» деп атаған Доспамбет жырының біз мысалға келтірген соңғы екі жолында аһ ұрған өкініш табы бардай. Бірақ толғаудың аяқталар тұсындағы өршіл жолдар бұл күмәнді ойды жоққа шығарады. Өзінің өмір жолын, жау жүрегін шайлықтырар ерліктерін жырлай келіп, жырау қас батырға тән өжет мінезбен өлімге бас тіккендігіне өкінбестігін білдіреді.

Бүгін, соңды өкінбен,
Өкінбестей болғанмын,
Ер Мамайдың алдында
Шаһид кештім өкінбен!..

Толғаудың соңғы түйінінде ел бірлігін өмірінен артық көрген жыраудың тұғырлы тұжырымы жатыр. Ноғайлы жұртының бірлікке келген тұсын көзбен көрген жорықшы-жырау өзіне ел бірлігінен артық бақыт тілемейді. Толғаудағы өршілдік рухы да осыдан өріс алады.

Ел бірлігі – жырау арманы. Ел тәуелсіздігі – жырау толғауларының арналы тақырыбы. Ендеше Доспамбет толғауларындағы қаһарман-жырау

танымын бірлік түбі – Мәңгілік Елдік тұрғысынан ұғынған жөн.

Ерлік жыры мен азатшыл рухтың белең алып, әдебиеттің басты тақырыбына айналған тұсы – XVIII ғасыр. Жоңғар басқыншылығына қарсы күрестің жыр байрағы осы тұста биікке көтеріліп, асқақтай түседі. «Осы дәуір әдебиетіндегі сырт жауларға қарсы күрес, ерлік сарыны Ақтамберді, Тәттіқара, Үмбетей жыраулардың творчествосынан, ал қазақ даласында болған кейбір өзгерістер негізінен Бұқар жырау творчествосынан өз көрінісін тапты» [8, 34 б.] – дейді М. Мағауин.

Қазақ әдебиетіндегі азатшыл ой, азаттық рухтағы жыр-өлеңдерінің арғы бастауларына назар салған тұста XVIII ғасыр әдебиетіндегі М. Мағауин атаған жыраулардың ішінен Ақтамберді жырау поэзиясының болмысы бөлек, өресі биік. Ақтамберді – әрі батыр, әрі жырау болғандықтан, жауға қарсы жорықтарда ер намысын жаныған жорық жыршысы, ел еркіндігін өзек еткен толғауларын ақыл мен даналыққа толтыра алған данагөй жырау.

Ақтамберді толғаулары көбіне ерлікті әспеттеп, ел тәуелсіздігін ардақтаған тегеуріні тым қатты, рухы биік отты жыр жолдарынан өріледі. Әсіресе, «Күмбір-күмбір кісінетіп» толғауының екпіні ерекше. Жоңғардан туған жерді азат етер арпалыстың от-жалынында туған, ерлердің ертеңгі жеңіске деген құштарлығын оятар, жеңістен кейінгі бейбіт күндердің берекелі шаттығын көзге елестетер жігерлі жыр, ұранды рухымен сүйсіндіреді.

Майданда дабыл қақтырып,
Ерлердің жолын аштырып,
Атасы басқа қалмақты,
Жұртынан шауып бостырып...
...Кеуде бір жерді жол қылсам,
Шөлең бір жерді көл қылсам,
Құрап жанды көп жиып,
Өз алдына ел қылсам!

Бұл жолдар – ерлікті серік еткен жыраудың, ел тәуелсіздігі жолындағы

күрескерлік бағдарының жосығы іспетті. Азаттық жолындағы күрестің басты мақсаты – «өз алдына Ел болу». Міне, көкейді тескен арман діттеген уақыт кезеңі, мезгіл-меже осы. Қантөгіс, қырғын, жас кеткен боздақ – осы бір ұлан мұраттың құрбаны. Жырау сипаттайтын жеңістен кейінгі мамыражай заман суреттері – еркіндікке жеткізер ерлік қайрағы. Ал көңіл көздеген түпкі мақсат – ел қамы, «Мәңгілік Елдің» қамы.

Тобылғы сапты қамшы алып,
Тұмар мойын ат мініп,
Қоныс та қарар ма екенбіз!
Ел жазылып жайлауда
Жақсылар кенес құрғанда,
Мұртымыз өрге шаншылып,
Бұрын да сөйлер ме екеміз?!

Жырау көрер қуанышты, келер бақытты көшпелі жұрттың қызықты өмір салтынан ала отырып, күнделікті күйбең тіршілікті сағалап кетпейді. Елінің жайын ойлайды. «Кеңес құру», «Қоныс іздеу» – осының нақты көрінісі. «Қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған» жұмақ заманды бейнелеп, ел тәуелсіздігінің Мәңгілігін аңсаған ақынды береке-бірліктің құтын қашырмаудың қиындығы қатты толғандырады.

Осындай берген дәулетті,
Көтеріп тұра алар ма екеміз!

Шіркін-ай, десеңші, бұл бүгіннің де өткір сұрағы емес пе?!

Ел бірлігінің өміршеңдігін тілеген осынау үмітті түйіннің айтары көп, берері мол. Жырау азаттық күрестің баяндылығын тілейді. Келер ұрпаққа соны міндеттейді. Ақтамберді толғауында ел еркіндігіне қол жеткізген кезде атқарылуы тиіс істердің бағдары суреттелген. Ол үшін, ең алдымен, «жалаулы найза жанға алып, атасы басқа қалмақты бостыру» керек, сонда ғана арман-тілек орындалады.

Қалың қазағының, ел-жұртының қамын ойлап, жорыққа аттанған батырдың ел тағдырының қиынды тұста-

рында айбарлы азаматы, айбыны болары еш күмәнсіз. Оның сырт тұлғасы ішкі жан дүниесіне сай. Тәні батыр, жаны жырау Ақтамбердінің өзін суреттеген толғауына көз салсаңыз мұны айқын түсінесіз.

Жапанға біткен терекпін,
Еңсемнен жел соқса да теңселмен,
Қарағайға қарсы біткен бұтақпын,
Балталасаң да айырылман,
Сыртым – қылыш, жүзім – болат
Тасқа да салсаң майырылман!

Келісті көркем бейнелеу көз алдымызға ел ісіне қатысты қиындықтан еш қаймықпас, жауды көрсе арсыландай атылар айбынды да айбарлы батырды әкелмей ме?! Ал батырлыққа тұлға мен бірге жүрек те керек. Оның жүрегін жауынан сескендірмес алып күштің қуаты неде?! Ол күштің таусылмас қайнар көзі – Ел. Елден еншісі бөлінбеген ер ғана ерен күшке ие. Ел сенімін арқалаған жан ғана жан алысып, жан берісуге шыдап, қашанда жауынан мысы басым келеді. Ал, жауды жеңіп, еліне еркіндік әкелу мақсаты Мәңгілікпен өзектес.

Жалпы алғанда, ежелгі және жыраулық дәстүрден негіз тартқан азаттықпен күрескерлік рух тұнығынан нәр алған Мәңгілік Елдік – ұлттық идея XIX ғасырдағы қазақ ақындары шығармашылығынан жалғасын тауып, кейінгі әдебиеттерде басты ұстанымға айналды. Бүгінде осынау дәстүрлік үрдісті толыққанды зерттеу – әдебиет-

танушылар алдында тұрған ұлан міндеттердің бастысы.

Қазақ әдебиетіндегі «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын зерделеу мен танып-білу барысында бұрынғы және қазіргі тәжірибелерге сүйене отырып, аталмыш мәселенің мән-маңызын терең байыптау әбден қажет. Бұл – алдағы уақыт еншісіндегі дүние...

Тәуелсіз Қазақ Елінің Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің 2015 жылғы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты халыққа жолдауында: [9]–деп, Мәңгілік Елдіктің тұғырын бекітер сенім рухының белгілерін нақтылап берді. Мұның бүгінгі күнгі қоғамдық санадағы жарқын құбылыстар, эстетикалық және рухани құндылықтар сабақтастығынан тәлім алуға, ұлттық болмыс ерекшеліктерін түйсінуге, еліміздің тарихи, мәдени, саяси даму бағыттарын аңдауға мүмкіндіктер ашатындығы сөзсіз! Сондықтан да қазақ әдебиетіндегі Мәңгілік Ел идеясы көрініс табуының көркемдік қағидаттары терең зерделеніп, соның нәтижесінде шығармашылық тұлға туындысындағы ұлттық идеяның дәстүрлік мәні мен жаңашыл сипаты айқындалып, оны «Мәңгілік Ел» идеясымен тоғыстырар алғы шарттарын анықтау жүзеге асырылуы тиіс. Өйткені, Қазақ руханиятындағы Мәңгілік Елдіктің идеялық мәнін ұрпақ санасына сіңіру – баршамызға ортақ парыз.

Әдебиеттер

- 1 Назарбаев Н. Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, Бір болашақ // Егемен Қазақстан. – 18 қаңтар. – 2014. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауынан.
- 2 Мырзалиев Қ. Күлтегін // Жұлдыз. – 1970. – №3. – 148-153 бб.
- 3 Жолдасбеков М. Асыл арналар. – Алматы: Жазушы, 1990. – 348 б.
- 4 Әуезов М. Шығармалары: 12 томдық. Мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1969. – 11 т. – 479 б.
- 5 Қаржаубай С. Орхон мұралары. 1-кітап. Тарихи-танымдық этнографиялық әдебиет. – Астана: «Күлтегін» баспасы, 2003. – 241-б.
- 6 Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
- 7 Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 176 б.
- 8 Мағауин М. Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 176 б.
- 9 Назарбаев Н. Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму // Егемен Қазақстан. – 30 қараша. – 2015. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауынан.



Алғашқы «Айқаптың» авторы



Ақбаев Жақым
(1876-1934)

Белгілі қоғам қайраткері, заң маманы. Ол қазақтың әдет-ғұрын заңдарын, соның ішінде семья-неке ирабосын зерттеп, баспасөз беттерінде публицистикалық мақалалар жариялағы. «Айқап» журналында басылған «Қазақ даласынан» атты мақаласы «К. Найманский» деген бүркеншік атымен жарық көрген.



Автор туралы: жазушы, көсемсөзгер, дінтанушы, қоғам қайраткері, «Еуразия» халықтық-патриоттық қозғалысының жетекшісі, ҚР Мәдениет қайраткері, «Қағанат» консорциумының президенті.

About the author: About the author: writer, publicist and public figure, the head of the national-patriotic movement «Eurasia», president of the consortium «Khaganate».

Об авторе: писатель, публицист, общественный деятель, руководитель национально-патриотического движения «Евразия», президент консорциума «Каганат».

Бейбіт САПАРАЛЫ

ҚАЗАҚТЫҢ ЖЕР ҰЙЫҒЫНА КӨЗ ТІККЕН КІМДЕР?

Аңдатпа: Қазақстанды отарлау «бөліп ал да, билей бер!» ұранымен жүргізілді. Патша әкімшілігі хандық ел басқару жүйесін жойып, 1822-1869 жылдар аралығында қазақ жерінде аға сұлтандық және генерал-губернаторлық басқару жүйесін орнықтырды. Мақалада үш ғасыр бойы жүргізілген қазақ сахарасын отарлау жобасы жан-жақты талданады.

Beibit SAPARALY
WHO HAD HIS EYE ON THE KAZAKH LAND?

Summary: Colonization of Kazakhstan was carried out under the slogan «Divide and rule». Destroying Khan's reign system, the imperial administration in the period of 1822-1869-ies established a sultan and general-governor's system of government on the territory of Kazakhstan. In the article is analyzed the project of colonization of Kazakh land for three centuries fully.

Бейбит САПАРАЛЫ
КТО ПОЛОЖИЛ ГЛАЗ НА КАЗАХСКИЕ ЗЕМЛИ?

Аннотация: Колонизация Казахстана была осуществлена под лозунгом «Разделяй и властвуй!». Уничтожив ханскую систему правления, царская администрация в период 1822-1869-х годов установила на территории Казахстана султанскую и генерал-губернаторскую систему правления. В статье разносторонне анализируется проект колонизации казахских земель в течение трех веков.

Толғағы әбден жеткен ЖЕР мәселесін сөз етпестен бұрын, Қазақ жеріне көз тіккендердің нақты кімдер екендігін біліп, олардың көзге көрінбейтін қожайындары нендей мақсатта мемлекет және ұлт қазынасына ғасырлар бойына қол сұққысы келгендіктерін тереңнен саралап алғанымыз жөн. Адам Ата ғ.с. мен Нұх пайғамбар ғ.с., қадымдағы ғұндар мен сақтар, көне түркілер, Алтын Орда мен Дешті Қыпшақ, байырғы Қазақ хандығы заманы сияқты тым әріге бармасақ та, небәрі үш жүз жыл бұрындағы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламадан» бері қарай тартып бағамдасақ бірқанша өзекжарды мәселелердің жалы күдірейіп шыға келгеніне бек куә боламыз. Ойраттардан кейін жоңғарлардың қалың қолы қазақ хандығы сарбаздарын мүлдем титықтатып, 1700-ші жылдарда оты мен суы шүйгін жайылымдық жерлердің басым бөлігін өз иеліктеріне қаратып алады. «Елім-айлап» зар еңіреген халық жер бетінен мүлдем жойылып кетудің шақ алдында тұрады. 1730-шы жылдардан бастап патшалық ресейдің қол астына кіре бастаған Кіші жүз қазақтары бодандықтың жаңаша айла-тәсілдеріне тап болады. Орынбордан басталған әскери бекіністер мен камалдар Орта жүз және Ұлы жүз қазақтарының байтақ өлкелерін де айнала құрсаулап, «ұзын арқан, кең тұсаудың» бұғаулығына аямастан енгізе береді. Еділ мен Жайықтың орталығындағы шұрайлы жерлер 1747 жылғы арнайы жарлықтан бастап әр күзде әдейі өртке оранып, мал жайылымына жарамастай болған соң, енді оның 300 мың десятина жері Петерборлық кінәз Юсуповтар мен граф Безбородьколардың жалға алуына қулықпен беріліп, ал ол екі алпауыт орасан жер телімдерін жергілікті орыс көпестерге қайтара жалға беріліп, өртеңнен кейінгі шұрайлы жерлерге қазақтың малдары әр тұяқ басына салық салынып төленіп, жаз жайлауға қайтадан өткізіле бастайды.

Осылайша, сендей соғылысып сенделген қазақ өз жерінде өзі торға түсіп, Еділ, Жайық, Ертіс, Есіл, Тобыл, Үй, т.б. сарқырай аққан өзендер бойында мал басына салық төлеп, кейінде әр түтінге салықты қоса төлеп, бодандықтағы зарлы күндерін бастан кешіре бастайды. «Еділді тартып алғаны, Етекке қолды салғаны. Жайықты тартып алғаны, Жағаға қолды салғаны. Ойылды тартып алғаны, Ойдағысы болғаны. Қоныстың бар ма қалғаны?» – деп Мұрат Мөңкеұлының күңірене жырлауы сол себепті. Астрахан, Омбы, Сарытау, Түмен, Кемер, Орынбор, Ор, Алтай, Сібір өлкелерінен мүлдем дерлік айырылып, түү сонау Байқалдан – батыстағы Қырымға дейінгі жер байлығы барынша қусырыла тарылып, көшпелі қазақ империясының құрдымға кете бастаған «Зар заманы» жыраулардың көкірегінен шер болып ақтарылатыны да нақ сол тұс. «Адам өседі, мал өседі, ал жер өспейді!» – деген ұлт ұранын қырық жасында айтып кеткен Құнанбай Өскенбайұлының көшпелілер өркениеті біржолата қожырап кетпеуіне жол бергізбей, үш мың жылдық дәстүрлі көш жолдарын сақтата отырып, қаймана қазақты мұхитқа барып құятын Ертіс бойындағы шұрайлы, тұщы сулы, нулы, қалың қарағайлы өзен жағалауындағы кеңге көсілген егіс алқапты жерлерге күштеп үгіттеп қоныстандыра бастауы да сол отырықшылдық мақсатты дйттегендіктен, ешкімге ешқандай жер телімін бергізбеу керек деген саясаттан келіп шығады. Естеріңізде болса, ескіден жеткен «жер дауы, жесір дауы» деген сөз тіркесі ауыз әдебиетінде, шешендік сөздерде, мұрағаттың сарғайған парақтарында жиі ұшырасады. Отарлаушылдық сұрқия саясаттың үлкен зардаптарының бірі сол, қазақты «бөліп ал да, билей бер!» ұранының тезіне тастап, жүз бен жүз, ру мен ру, ата мен атаны бір-бірлеріне үр ит соқтап шағыстырып қойып, көп ретте адам өліміне апарып

соқтыратын қарулы қақтығыстарды өте жиі ұйымдастырады. Жандаралға шағымданып барған кедей-кепшіктерге әр рулардың ішіндегі бай-манаптардың шұрайлы жерлерін сырттай бөліп берген болып, араларына от тастайды.

Патшалық Ресей әуелі көне түркіден келе жатқан хандық елбасқару жүйесі тамырына балта шауып, 1822-1869 жылдар аралығында қазақ жерін аға сұлтандық және генерал-губернаторлық елбасқару жүйесі құзыретіне енгізіп, ал содан соң болыстық тікелей басқару тәртібіне көшіріп, табаны күректей үш ғасыр бойына қазақ сахарасын отарлау жобасын әккілікпен жүзеге асырғанда тек өз бетінше шешім қабылдап іс-әрекет етті десек өрескел қателескен боламыз. Шашыраңқы Патшалық Ресей Алтын Орданың билігінен босанып шығып, Рюриковтар әулетінің үстемдік құруынан кейін 1613-1917 жылдар аралығында Романовтар әулетінің басыбайлы қол астында болғаны белгілі. Тек 1721 жылы ғана Бүкілресей императоры атанған Романовтар 1-ші Петр реформаларынан кейін, батыстың, оның ішінде Лондон-сити қожайындары Ротшильдтер әулетінің тікелей бақылау-назарында болып өлкені өз білгендерінше басқаруға көшеді. Жер байлығы қорларын иемденуді мақсат еткен жаңа жаһандық тәртіп орнатушылар алғашқы бетте қазақ жерлерін жерүсті және жерасты сарқылмас қазына көзі ретінде қарастырып, Ресей империясының отаршыл күшіне дем беру арқылы қатыгездікпен жәукемдей бастайды. Алайда, 1869 жылы Лондон-сити қожайындары рұхсатымен Маркус Голдман жеке банк құрып, 1896 жылы тәжірибелі қаржыгер Самюэл Сакс есімді күйеу баласымен бірге Нью-Йоркте нарық қорына шығуды мақсат тұтып, айдай әлемге танылған Голдман Сакс тобын құрып, Варбург, Морган, Рокфеллер сияқты банк саласы алыптарымен бірге АҚШ ұлттық банктері негізінде 1913 жылы жеке меншік

иелігіндегі Федералдық қор жүйесі – Federal Reserve System, ФРС, Федеральный резерв, FED-ті дүниеге әкелуі әлемдегі қаржы жүйесі қызметіне сәйкес жаңа міндеттемелерді туындатады.

Ротшильдтер әулеті бастаған жаһандағы ең бай 13 әулеттің (басқа мыңдаған алпауыт байлар «Титаник» кемесімен бірге 1912 жылы мұхитқа батып кеткен еді) құрылтайшылығымен ашылған ФҚЖ-ФРС 1913 жылдан бастап 2013 жылға дейінгі жүз жылдық нақты іс-жоспарлармен іске қосылғандықтан соң, жер қорларын айналымға қосудың жаңаша экономикалық сараптамалары жүзеге асырыла бастайды. ФҚЖ-ФРС қарқынды қызмет істей бастаған кезде, яғни 1914-1918 жылдар аралығында 1-ші Дүниежүзілік соғыс орын алып, нәтижеде Ресей, Австро-Венгрия, Осман, Герман империялары құлатылып, Ресей мен Германияның құнды алтын ақшалары тарих сахнасынан жойылып, 10 млн әскер, 12 млн бейбіт тұрғын қаза тауып, 55 млн астам адам жарақаттанады. Қазақ сахарасы да алапат қырғыннан тысқары қала алмай, жаһандық шайтани саясаттың қоламтасына көміледі. 1914, 1916, 1917, 1918 жылдарда қазақ елі мен жері қандай қанды қырғындарға тартылғанын тарих парақтарынан жадыңызға оралта беріңіз. Аумалы-төкпелі саяси ахуал, Алашорда қозғалысының өмірге келуі, қызыл террордың қылаң бере бастауы, патшалық тәртіпті тақтан тайдыру, уақытша өкімет билігін құру, кедей-кепшікті байларға қарсы айдап салу, үшмыңжылдық көшпелілер өркениетін құрдымға жіберіп, сонымен бірге салт-дәстүр, төрт түлікке негізделген тіл шұрайлылығын, діни сенімді, мал шаруашылығы іргетасындағы экономикалық құндылықты жою, т.т. бұрын-соңды болып көрмеген жантүршігерлік үрдістер қазақ тіршілігінен орын алады.

Міне, осыншалықты төңкерілген дүние қасыреттері тасасында бұл

оқиғаларды елу – жүз жыл бұрында тыңғылықтап дайындаған әлем билеуші күштерінің қатыгез әрекет бағдарламасы жатқан еді. Ешкімге есеп бермейтін, ешкім тексере алмайтын әлемдік банк жүйесі мен қаражат баспаханасы қолда болған соң жер шарындағы жетекші мемлекеттерді олай да былай сапырылыстыру оңайдың оңайы болып қала бермей ме?! Осылайша, аса құпия жағдайдағы келісімдер бойынша үш ғасырлық тарихты артқа тастап, Романовтар әулетінің соңғы өкілі Николай-2 патша тақтан тайдырылады. Бейресми деректер бойынша патша әулеті толықтай өлтірілмеген, олар басқа есімдермен бертінгі кезеңге дейін Нижний Новгород маңында өмір сүрген. Ал дімкәс бала Алексей Николайұлы тақ мұрагері болса, кейбір дерек көздері дәлелдеуінше, А.Н. Косыгин ныспысымен 14 жыл бойына КСРО үкіметін басқарған, Сталиннің өзі «құтыдағы адам» деп оны әрдайым құрмет тұтқан. Қазақ жері мәселесі тақырыбынан ауытқып кеткендей көрінгенімізбен, бұнда қысқаша келтіріп отырған дерекнамалардың барлығы да қазақ елі-жері тауқыметіне тікелей қатынасы бар деп білеміз. Және де бұл біз жазып отырғандай сараптаманы еліміздегі бірде-бір ғалым не саясаткердің аузынан ести алмайсыз. Дұрысы мен бұрысын, әр нәрсенің ақиқат болмысын толық білуші Жаратушы Иеміз ғана. Ал біздің уәзипа, Алла тағала берген ақылды ширықтыра отырып, кейбір түсініксіз жағдаяттардың шындық мәнісін ашу. Сонымен, екі ғасыр тоғысында Лондон-сити қожайындары бағдарламасымен кең байтақ қазақ жерін талан-таражға түсіру қарекеттері орасан қарқын ала түседі.

Жер асты байлықтарына шүйліккен Еуропалықтар Ресей патшалығын алдыға ұстана отырып бұйығы жатқан қазақ өлкелеріне тау-кен өндірістерін орнықтыра бастайды. Мәселен, 1902 жылы қазақ даласындағы 197 өнеркәсіп

орнында 20 мыңға жуық жұмысшылар еңбек етсе, өнім өңдейтін 670 шағын кәсіпорындарда күні-түнге жалданған жұмысшылар саны 7 мыңнан асып жығылған. Қарағанды көмір кеніші, шығыс және орталық өлкелердегі металлургия зауыттары, Орал-Ембі мұнай өңдеу кәсіпорындары денінде ағылшын, француз, американдық алпауыттардың толықтай бақылауында болды. Оның ішінде «Спасск мыс кеніші» акционерлік қоғамының төрағасы ағылшын парламентінің мүшесі Артур Фелл болса, ал төрағаның орынбасары Франция президентінің жиені Эрнест Жан Карно болғандығын айта аламыз. «Орыстық-Азиялық» деп аталатын Риддер мен Екібастұз кеніштерінің корпорациясы Ресей империясы тарапынан қазақтардың келісімінсіз ағылшын компаниясының иелігіне беріліп, оған болашақ АҚШ президенті Герберт Гувер мен танымал ағылшын қаржыгері Уркварт үлкен көлемде қаржы салған. Патшалық Ресейдің премьер-министрі П.А. Столыпиннің батыс қожайындарымен келісілген аграрлық реформасына дейін және кейін де қазақтың шұрайлы жерлеріне орыс шаруалары жақсы жағдай жасалып жүз мыңдап көшіріліп әкелініп, басыбайлы орнықтырылған. Мысал үшін айтар болсақ, 1895-1905 жылдар аралығында қазақ өлкесінің далалық облыстарына 300 мыңға жуық орыс мұжықтары қоныс тепсе, ал Столыпин билікке келген 1906-1910 жылдар аралығында ғана жат жерден келіп қоныстанушылар саны күрт өсіп, 770 мың адамға жетіп, соның нәтижесінде 1897 жылғы санақ мәліметтері бойынша Дала өлкесінде келімсек орыстардың үлесі 20% құраса, ал 1917 жылы 1 қаңтардағы есеп бойынша орыс басқыншыларының үлес салмағы күрт өсіп, бірден 42%-ке жеткен. Оңтүстіктегі Түркістан өлкесінде орыс шаруаларының үлес салмағы тиісінше 3,7%-тен 7,9%-ға дейін күрт өскен. Ең сорақысы, 1893-1905 жыл-

дар аралығында қаймана қазақтан 4 млн десятина жер зорлықпен тартып алынса, ал Столыпин содырдың әмірі жүрген 1906-1912 жылдар бедерінде ол көрсеткіш – 17 млн десятинаға, 1916 жылы – 40 млн десятинаға, ал 1917 жылы 45 млн десятинаға дейін жеткен. Өктемдікпен тартып алынған жерлер негізінен – Семей, Ақмола, Орал, Торғай облыстарында орын алған. Бұл өлкелерден барлық жиынтығы 40,5 млн десятина, жер жәннаты Жетісудан 4 млн десятина, Сырдария облысынан 500 мың десятина ең құнарлы жер телімдері тегіннен-тегін орыс мұжықтары жеке меншігіне құжаттастырылып берілген.

Зар заманға кез болған қазақ байғұс ең шұрайлы жерлерін отаршылдарға қолдан беріп, ең жаман деген, оты, суы жоқ, басым бөлігі шөл және шөлейтті, қырлы, таулы өлкелерге қоныс аударып кеткен. Осылайша, Лондон қожайындарының дегені болып, ата мекеннен, ата кәсіптен, дәстүрлі көш жолдарынан ажыраған қазақ ұлты біртұтас ұйысу орнына қожыраған үстіне қожырай бастаған. Ол аз дегендейін, ұлттық рухтан, дін мен тілден айырылған шалақазақтар деп аталынған жартыкеш әлеуметтік топ пайда болып, орыс шаруаларымен қоңсы аймақтарда олардың үлес салмағы жыл санап өсе бастаған. Қазақ халқы не істерін білмей, қайда қосыларын білмей толқып тұрған сәттерде жер-жаһанға әмірін жүргізе бастаған көрінбес топтар, ФКЖ-ФРС қожайындары әккілікпен қимылдап, патшалық Ресейдегі ылаңдар арқылы қазақтың бетке шығар бас көтерерлерін әр түрлі саяси ағымдар аясында топтай бастайды. Алаш партиясы мен Үш жүз партиясы әрекеттерін осы тұрғыда жіті сараптап қарар болсақ, мәселенің түпкі тамыры бірден көзге көрінеді. Бұрында патшалық Ресейдің Думасы мүшелігіне өткен, Лондонның тікелей бақылауындағы масондық ұйым мүшелері болып табылатын қазақтар ұлт жағдаятына байланысты

шынайы жанашырлық танытқанымен, саяси қозғалыстар үдерісінде батыс алпауыттарының бағыт-бағдар сілтеуінсіз өзбеттерінше мүлдем дербес қимылдай алмайтын еді. Сол себепті, 1917-1920 жылдар аралығында Алаш Орда автономиялық қозғалысы аясында сан қатпарлы саяси қитұрқылықтың қазықтары қағылып, кейінде, қызыл террор өкіметі билік басына келгенде осы саяси арандатулардың астарлары біртіндеп ашылып, қазақтың біртуар тұлғаларының бастарына бұлт болып үйіріліп, алысты діттеген мақсатпен жаппай репрессиялар науқаны себепшісі болады. Кадеттерден бастау алған Алаш партиясы Үш жүз партиясы белді өкілдерімен бірлесіп Кеңестер өкіметі большевиктерін қолдай бастағанымен, жақсы ниеттері қара ниетті қарсыластарының арам пиғылдарымен қанға бөгіп, саяси репрессия, байларды кәмпескелеу, жер аудару, ұлт серкелерін Мәскеуге дейін алып кетіп ұйқамаққа отырғызу, мал-мүлікті бірорталыққа ұжымдастыру, мақсатты түрде жаппай ашаршылыққа ұшыратып халық санын мейлінше азайту, т.т. толып жатқан зорлық-зомбылық, небір зұлматтарға апарып соқтырады.

Лондонның жобасы болып табылатын, 1909-1912 жылдар аралығында жаяу-жалпылап бүкіл жер шарын фотоаппаратымен аралап шыққан Әліби Жангелдин – Николай Степнов есімді бүркеншік аттағы қазақтың ғұмырнамасы да нелер бір құпия сырларға толы. Ә. Жангелдин Ленин, Сталинмен Швейцарияда танысып, ертеден өте жақын араласқан, өмірінің соңына дейін Сталинге емін-еркін кіріп-шығып жүрген, Сталин қаймығып, қатты қадір тұтқан қазақ қайраткерінің бірі. 1918 жылы Ленин мен Троцкий, Гитлер, шалғайдағы Жапония басшылары батыстан қомақты қаржы алып, әрқайсысы өздеріне тиесілі жұмбақ жобаларды жүзеге асыруға кірісіп кеткенде, Ә. Жангелдин де барлық жағынан

жабдықталып, Қырым мен Петерборда өткен төңкерістік міндет-мұрат сабақтарын жүзеге асыру үшін қазақ өлкесіне төтенше комиссар уәкілдігімен керуенін шұбалтып аттанып кетеді. Кейінде Кеңес өкіметі орнағаннан кейін қазақ жерінің шекарасы белгіленгенде Ә. Жангелдиннің Ленин мен Сталинге өте көп әсер-ықпалы болады.

ФҚЖ-ФРС қаржыларын әлемдік деңгейде жылдам айналымға түсіру үшін сонау 1878 жылы батыс қаржыгер алпауыттары тікелей нұсқауымен іргетас қалаған Токио биржасы, тарқатып айтар болсақ Токио-?-Лондон-Нью-Йорк тіркестігіндегі қор биржалары қызметтері жыл санап қарқын ала түседі. Токио қор биржасынан таң сәріде бастау алған әлемдік қаржы жүйесі тасқыны Лондонға жеткенше он сағаттай уақыт бойына кідірістеп қалатыны әу бастан жаһандық билеушілер тарапынан ескерілген болатын. Қазақтың Сарыарқасында Токио, Лондон, Нью-Йоркқа тепе-тең келетін дүниежүзілік қаржы орталығын құру жобасы ғасыр басында ФҚЖ-ФРС қожайындары тарапынан әбден пысықталып, белгіленіп қойылған еді. Осы арман жүзеге асырылу үшін әр онжылдық белесінде бірінен бірі өткен күрделі жоспарлар көлденең тартылады.

Азамат соғысы, «ақтар» мен «қызылдар» деп алма-кезек бір-бірлерін қыру майданы, большевиктер алғаш билікке келген тұстағы ашаршылық, егіндік жер мен мал бас санының күрт азайып кету кезеңінен соң 1920-1930 жылдар аралығында жаңа экономикалық саясат – НЭП науқаны жүргізіле бастайды. 1928 жылғы байлардан малдарды тәркілеу қарсаңында 40 млн дейін өсіп жеткен мал бас саны 1933 жылы 4 млн күрт кеміп кеткен. Егіндік молайып, Кеңестер Одағының басқа аймақтарынан үлкен көлемдегі астық еуропа, АҚШ-қа экспортталып жатса да, қазақ сахарасында алапат

ашаршылық орын алып, 4 млн жуық қазақтар аштан қырылап, млн астамы шет шығандап босқындап кетеді. Сөйтіп, қызыл террор тұсында 60 пайыздан асқан қазақ саны, 1939 жылғы санақта небары 38 пайызға төмендеп кетеді. Лондонның тапсырмасын асыра орындаған Сталиннің ескі танысы әрі әпербақан қолшоқпары Ф.И. Голощекин қазақ автономиясын басқара отырып, орталыққа жалған мәліметтер жіберуді машыққа айналдырып, шетелдік мамандармен сыр білдіртпестен ауыз жаласып, ашаршылық құрбандары санын барынша төмендетіп көрсетуге тырысады. Мысалы, батыстық зерттеуші Р.Конквест ашаршылық зұлматында жаппай қырылған қазақтарды 1 млн адам көлемінде деп хатқа түсірсе, оның әріптестері Р. Дэвис пен С. Уиткрофт қазақтардың 1931-33 жылдарда аштықтан бұратылып өлгендерін 1 млн адамнан астам, ал басқа ұлттарды қосқанда бұл көрсеткіш 1,3-1,5 млн адам шамасында ғана деп өтіріктен пайымдайды. Ал тәуелсіздіктен бұрынғы кезеңде зерттеу жүргізген қазақстандық тарихшылардың бір тобы (Б.Төлепбаев, В. Осипов) осы аштықта 1,5 млн адам қырылғанын дәлелдесе, тарихшыларымыздың және бір тобы (М. Қозыбаев, Ж. Абылғожин, М. Тәтімов) – 1 млн 750 мың адамның өлгенін айғақтайды. Бұл деректер болжамдар түрінде айтыла тұрса да, олар Қазақстан тарихынан жазылған іргелі зерттеулерге ғана емес, бергіндегі мектеп оқулықтарына да нақты көрсеткіштер түрінде тексерілместен енгізіліп кеткен. 1931-1933 жылдардағы қазақ қасыретінен кейін 1936 жылы Қазақ автономиясы Кеңестер Одағы құрамындағы одақтас республика статусы дәрежесіне көшірілгенмен, Қазақ елі құрамындағы Қарақалпақ автономиясы сұраусыз, келісімсіз Өзбек республикасы қарауына өткізіліп жіберіп, қазақ мемлекетінің жер көлемі әжептәуір деңгейде тағы да орталанып қалады.

Қазақ Одақтас республика дәрежесіне көтеріліп, мәртебесі өсе түсуі батыс тарапынан тағы да басқа таксыреттерге әкелдіріп соқтырады. Өте күшейіп кетпес үшін, дербестікті талап етпесі үшін, ата тарих өрескел бұрмаланып жазылып, 300-ден астам қазақ әндері «сотталғаны», сот шешімімен мәтіні өзгертілгені өз алдына, «Үштік» деген пәлені ойлап тауып, қазақтарды бір-бірлеріне айдап салып, бетке шығар ұлт перзенттерін абақтыларға тоғытып, ол аз болғандайын ең мықты қазақ тұлғаларын үш қана адам қол қоюымен тергеусіз, сотсыз, дәлелсіз жүз мыңдап аттыртқызып жібереді. Сталиннің төңірегіне топтасқан репрессиялық қандықол топ қазақ екеш қазекеңді тағы да бір оңдырмай белін сындырып, ұлт ретінде қабырғасын аяусыз сөгіп кетеді. 1936 жылы Мәскеуде қазақ өнері мен мәдениетінің, әдебиетінің онкүндігі, яғни декадасын өткізген кезде Сталин, Ворошилов, Молотов бастаған мемлекет басшылары рухани іс-шараларға тікелей өздері қатынаса отырып, қазақ мәдениеті жеткен жетістікті барынша мақтап-мадақтап, орден-медальдарды үйіп-төгіп беріп шығарысып салады, ал екінші тараптан біртуар ұлт зиялыларын сұраусыз, есепсіз үштіктің жаласымен түрмелерге тоғытып, 1936-1937 жылдың қанды қырғынын асқан қатыгездікпен ұйымдастырады. Екінші дүниежүзілік соғыс сұрапылы да қазақ еліне өте орасан салмақ салады, айықпас қасырет әкеледі. Екі млн жуық Қазақстан жауынгерлерінің жартысына жуығы қан майдан даласында жер жастанады. Бірнеше млн босқындар мен күштеп қоныс аударғандарды паналатқан өлке жергілікті ұлт тұрғысынан тағы да қайталап демографиялық ауыртпашылыққа түседі. Отыншы жылдардағы Кеңестер Одағын индустрияландыру үрдісіне 10 млрд көлемінде жойқын қаржы құйған Ротшильдтер әулеті мыңдаған өндіріс ошақтарын еуропалықтар мен

американдықтардың тікелей қатынасуымен өркендетіп жіберген болатын. Міне, соның жемісін көрген қазақ елі майданның алғы шебін бар керекті заттар мен қару-жарақтармен, киім-кешекпен тағаммен үздіксіз қамтамасыз етіп отырады. Өздері қандай қиналса да қазақ елі-жері бар ауыртпашылықты мойымастан, қасқая көтеріп алады. 1943-1953 жылдар аралығында алдыңғы берген уәдеден тайқи берген ФКЖ-ФРС қожайындары мен Сталин арасындағы текетірес шырқау шегіне жетеді, тіпті кейбір тұстарда асқынып кетеді. Нәтижеде, Қырым Израйылға бұйырмай, әл-Қудс тарапы жаңа мемлекет іргетасы қалануына негіз болады. 1944 жылы мақұлданған Бреттон-Вудс жүйесі бойынша АҚШ доллары құндылығы алтынмен қамтамасыз етіліп, демек қанша доллар валютасы басылса, сонша алтын қоймада сақталып, ал әлемдегі өзге валюталар бағамы доллармен салыстырылып, халықаралық қаржы жүйесі қызметін жандандыру үрдісі қызу қарқын ала түседі.

1938-1951 жылдар аралығында атақты Әліби Жангелдиннің бейресми қолдау білдіруі себебімен Сталинге жақсы танылып, білгір-іскерлігімен Сталиннің талай қатал сынынан өткен, 13 жыл бойына ең сындарлы кезеңде Қазақ республикасы халкомсовы төрағасы қызметін атқарған аса көрнекті мемлекет қайраткері, қайталанбас болмысты ұлы тұлға Нұртас Оңдасынов одақтық және әлемдік деңгейдегі қазақ мәселесі қандай тұрғыдан болмасын дұрыс тұрғыдан шешілуіне көзсіз батырлық және табандылықпен атсалысады. 1943 жылы сырттан уәделі көмек келмеген дағдарыстағы Сталинге Кеңес халқына діни сенім тұрғысынан біршама еркіндік беріп, шіркеулер мен мешіттерді ішінара қайта қалпына келтіртіп, Орта Азия мүптілігін құрғыздыртып (САДУМ), 85 жастағы ислам ғұламасы шейх Бабаханды Тәшкеннен алдыртып

Сталинге қабылдатқызып, тап сол жылы Ақмолада жаңа шағын мешіт тұрғыздыртып, кеңестер одағы және қазақ халқының рухын көтеруге, неміс фашистерімен шешуші айқаста жеңіске жетуге басты себепші болады. 1943 жылы Атырау мұнай өңдеу зауыты іске қосылып, 1944 жылы Семейдегі ет комбинатына КСРО Қоғамыс комитетінің ауыспалы Қызыл Туы Сталиннің нұсқауымен мәңгілікке сақтап қоюға беріледі. Кентау мен Теміртаудың атын қойып, аса ірі өндіріс ошағын іске қосып, Семейдегі Дегелең Атом полигоны, Байқоңыр ғарыш айлағы аты мен заты орнықтырылуы, Маңғыстау-Атырау мұнай-газ кеніші жаппай игеріле бастауы, Ақмола облысындағы Тың және тыңайған жерлерді игеру науқаны, бір сөзбен айтқанда қазақ жеріндегі барлық орасан құпия жобалар Премьер-министр Н. Оңдасыновтың қатаң ой елегінен өткізілуімен тып-тинақтай сарапталып, алдына адам баруға тайсалатын Сталиннің талқысына батыл әрекетпен ұсынылып жатады. Әрдайым өз ұлтының мүддесін жоғары қоя білген Н.Оңдасынов Лондондағы алпауыттардың ФҚЖ-ФРС негізіндегі Трансұлттық корпорациялар талап-тілектерін де тыңғылықты сараптамадан өткізіп, кейбір жағдайда ілкімділікпен алдарын да орап кетіп, талай өркеуделерді сан соқтырып кетумен болады. Ұлы Отан соғысы жылдарында АҚШ вице-президенті Қиыр Шығыс арқылы КСРО-ға келіп, жолшыбай арнайы тапсырыстармен Алматыға тоқтағанда халкомсов Н.Оңдасынов әуежайдан қарсы алып, кеткенге дейін ашық сұхбат құрып бірге болған сәттері халықаралық мәселелерге деген таным-білігін арттыра түседі. Алпысыншы жылдар басында Кеңес делегациясын басқарып Шам-шәрифке, яғни Сирияға барғанында Түркістан тумасы, Қожа Ахмед Яссауи діни мектебі өкілдері екенін естіп-білген Димашық ғұламалары, мемлекет қайраткерлері

дереу қатты құрмет көрсетіп, облыс басшысы компартия қайраткерінің қолын сүйіп шынайы ықыластарын білдіргені балалық шағында медіреседе дәріс тыңдап, арабша және парсыша хат таныған Нұртас Оңдасыновтың туған-өскен ел тарихына деген құрмет-ілтпатын онан сайын арттыра түседі.

1951-1953 жылдар аралығында Нұртас Оңдасыновты білімін жетілдіру мақсатында деген желеумен талай жаһандық алпауыттар тайсалған Сталиннің өзі Мәскеуге алдыртып, қаншама оңаша кездесулер, сыр сақтаған сұхбаттасулар өткізіп, Сталин өз өмірінің соңғы сәттеріндегі құпия өсиеттерімен бөлісіп, Молотов, Суслов, Косыгин, Громыко, Ворошилов, Андропов сынды нағыз сенімді серіктерінен құрылған, арасында бөтен ұлттан жалғыз қазақ бар өте құпия мемлекет билеушілері тобын құрып, СМЕРШ жанкештілері көрінбес жасақтарын осы бейресми ықпалды топқа бағындырып қояды. Кейінде бұл құпия топ Мәскеу мен Лондон қожайындарын таң қалдырған талай-талай астыртын әрекеттерді жымын білдірмей жүзеге асырады. Батыс қожайындарына бағынған Н.С. Хрущев билік басына келе салысымен Израиль мемлекетіне беріледі деген Қырымды Ресейден жұлып алып, бірінші қадамда Украинаға қосады, Сталинді барынша қаралап, сталинсіздендіру науқанын үлкен белсенділікпен жүргізеді. Хрущев Сталиннің қадір тұтқан кадрі Н.Д. Оңдасыновпен оңашада кездесіп, тың және тыңайған жерлерді игеру бағдарламасы аясында Орталық және Солтүстік Қазақ жерлерін автономияландыру желеуімен алдымен Ресейге бағындырып, одан әрі тіпті Кеңестер Одағы құрамынан шығарып-ақ жіберуге дейін көмек ететін болса, Қазақ мемлекетін бір өзі қалағанынша басқарып тұруға бар қолынан келетінін жасайтындығын айтып нақты ұсыныс білдіреді. Бұндай шайтани жобаға

үзілді-кесілді қарсылығын білдірген Н. Оңдасыновқа әбден жауыққан, кектене өштескен Н.С. Хрущев Брежнев, Қонаев, Юсупов секілді республика компартия басшыларын Оңдасыновқа қарсы әрдайым айтақтап салып, кейінде Атырауда басшылық қызметте жүргенде Мәскеуден, СОКП Орталық Комитетінен жалған жала жапқандар, домалақ арыз жазғандар желеуімен әртүрлі құрамда қатаң түрде тексерту мақсатында отыздан астам комиссия жібертеді. Еш ілік таппаған комиссия мүшелері «қызмет телефонын жеке мүддеге пайдаланып, неге Мәскеудегі әйел-балаларыңмен сөйлесесің» дегендей кінәрат тағады. Ақыры, небәрі 58 жастағы Оңдасыновты Атырау облысы бірінші басшысы лауазымынан қудыртып, басқа еш қызмет ұсындырмай, зорлықпен 58 жасында зейнеткерлікке шығартқызып тынады. Тыңды игеру сылтауымен қазақ жерін ай-күннің амаанында қазақтардан күштеп тартып алу авантюрасы жүзеге аспай қалған Хрущев Оңдасыновтың Қ. Сәтпаев, Ж. Тәшенов, Д. Қонаев, Ш. Есенов сияқты шәкірттеріне шүйлігіп, табаны күректей он жыл бойына еш тыным бермейді. Арқаның жері, Ақмола облысы тың игеру науқаны нәтижесінде басқаша мәртебеге ие болып кеткен соң Хрущев батыстағы демеушілері алдында оңды есеп беруі үшін Маңғыстау мен Атырауды күштеп тартып алып Түркменстанға қосу әрекетіне көшеді, арнайы қаулы да дайындаттырып қояды. 1957 жылы Хрущевті билік басынан кетіруге сәл ғана қалған Молотов, Ворошилов бастаған Мәскеудегі Сталин құрған құпия топ ұрымтал сәтінде Юсупов пен Есеновті Хрущевқа дайындап кіргіздіртіп, артынан саяси бюро мүшелері арасында жалпылай талқыға сала келгенде басым көпшілікпен бұл асыра сілтеушілікке тосқауыл қойғаннан кейін барып, әбден ызаға булыққан Хрущев ұйғыр И.А. Юсуповтың атын желеу етіп,

ретін тауып, Оңтүстік Қазақстандағы бірнеше ауданды себепсізден себепсіз, саяси-экономикалық дәлелсіз Өзбекстан құрамына өткіздіртіп жібереді. 1960 жылғы археологиялық қосын зерттеулері нәтижесінде мықтап дәлелденген, ежелден қазақ хандарының қасиетті мекені болған, жер бетіндегі он млрд адам баласы топан судың құрбаны болғаннан кейін Нұх пайғамбар ғ.с. кемесі түкпілікті осында келіп тоқтаған, жер шарына адам ұрпақтары тарауының ең соңғы бесігі болған қасиетті Нұр тау, Нұр Ата тауы өлкесі, міне, осылайша әділетсіздікпен көрші өзбек ағайындардың мемлекеттік меншігіне өткіздіріліп жүре береді. Хрущевтің ең соңғы мәрте Алматыға келген сапарында көпшілік көзінше Н.Оңдасыновқа мазақтаған, намысына тиген сөздер айтып, өзбекке берілген жерден басқа да жерлерінді тартып алып, басқа көршілеріне үлестіріп беремін деген сандырағына тайсалмастан, қаймықпастан батыл жауап қайтарған Оңдасынов тұжырымдарынан кейін ашу-ызаға булыққан Хрущев дайын тұрған дастархан дәміне де қарамастан ұшағына мініп Мәскеуге ұшып кетеді. Дүние кезек деген, Хрущевтің жеңілтек, әпербақан іс-әрекетіне әбден тойған одақ басшылары, құпия Сталин серіктері астыртын келіссөздер жүргізіп, Лондон қожайындарын бірнеше жанды ұсыныстармен қызықтырып, 1964 жылы қаннен-қаперсіз ел астанасынан сырт жақта демалыста жүрген Хрущевті тақтан тайдырып, кейінде Мәскеу іргесіндегі шағын саяжайда 7 жыл бойына ұйқамақта 16 әскерден күзет қойып ешкіммен араластырмай ұстап, барынша құса жағдайда титықтатып барып о дүниеге аттандырады.

Қазақ жері және Н. Оңдасынов деген қабырғалы мәселеге қайтып оралатын болсақ, 1979 жылы әлем алпауыттарын дүр сілкіндірген Ақмола оқиғасына, Ерейментау неміс авто-

номиясы құрылуы алғышарттарына нақтырақ тоқталуымызға болады. Бүгінгі таңға дейін Целиноградта орын алған бұл жұмбақ наразылық шеруінің, СОКП ОК-нің қаулысын орындауға қарсы саяси талап қойған көтерілістің ең түпкі мәнісін ешбір саясаткер дәлді болжап ашып бере алған емес. Д. Қонаев, Н.Е. Морозов, А. Браун, Ф. Бобков, т.т. Мәскеулік, Алматылық, Целиноградтық басшылардың естеліктеріне назар салсаңыз, олар да мәселенің түпкі түйінін тарқата алмай бір-бірлеріне сілтеумен болады. Мәскеуге батыстан тапсырма арқалаған өкілдер ай сайын тынбастан ағылып жатады. 1978 жылғы Эдвард Кеннеди-кіші бастаған АҚШ делегациясы секілді өкілдер де әрқилы сылтаулармен Қазақ еліне, Алматыға келгіштеумен болады. Соңында Л.И. Брежнев пен М.А. Суслов, Ю.В. Андроповтар нақтылы тоқтамға келіп, ГДР мен ФРГ-нің табанды сұранысы бойынша деген желеумен арнайы комиссия құрғызып, 1978 жыл бойында Ю. Андропов, И. Капитонов, М. Зимянин, З. Нуриев, Н. Щелоков, Р. Руденко, М. Георгадзе, В. Чебриков бастаған Кремльдік топ қауырт жұмыс жасап, Ресейде Еділ бойында немістер жоқтықтан ол жерде автономия құру тиімсіз, ал тәжірибелі мамандар еуропаға кетіп қалмасы үшін кеңбайтақ қазақ жерінде дербес неміс автономиясын ашқан орынды деген тоқтамға келіп, тиісті құжаттар әзірлейді. Ал 1979 жылғы 15 мамырда, яғни сол ай соңындағы Бильдерберг конференциясына дейін шешім шығартып, СОКП ОК-нің «Ерейментау орталығы болып табылатын неміс автономиясын құру» туралы жасырын қаулысына қол қояды. Бір айға дейін тыныштық орнап, ресми өкілдерден ешбір жан жаңа құрылым жайында тіл қатпайды. Сол уақытта Краснознаменский (қазірде Егіндікөл) ауданын басқарған ұлты неміс А.Г. Браун да неміс автономиясының бірінші бас-

шысы боласын деген Мәскеу құптауын естіп-білгенімен, жаңа территориялық құрылым жөнінде ешкімге тіс жармайды. Алайда, 1979 жылғы 15-17 маусым күндері Целиноград қаласының орталық көшелеріне мыңдаған студент қазақ жастары бейбіт шеруге шығып, оларды алдыңғы қатарда жүріп Ұлы Отан соғысы ардагерлері де қостап, ол аз десеңіз қазақтан басқа – орыс, украин, белорус ұлты өкілдері де бейжай қалмай үн қатып, қазақ жерінде неміс автономиясын құруға үзілді-кесілді қарсылықтарын білдіреді. Немістер 1941 жылы тарқатылған Еділ бойы атамекендеріне кері қайтып, Ресей құрамында өз автономияларын қайталап құрғызуын талап етсін деген ұсыныстар да айтылады. Мұндайды күтпеген облыс басшылары дағдарысып, тәртіп сақшылары мен бейбіт шерушілер арасында қақтығыс туындап, қан төгілмесін деген үреймен Алматыға, ал республика басшылары Мәскеуге дамыл-дамыл жедел ақпарат берумен болады. Үш күнгі үрейден кейін Мәскеуден жақсы хабар жетіп, ескі қаулы күшін жойып, енді қазақ жерінде неміс автономиясы құрылмайтын болды деген сенімді уағда алынады.

Көпке ұзамай, әлемдік олигархтардың қадала ден қоюымен 1980 жылдан бастап Кеңестер Одағын әлсірету, ыдырату, күйрету, артынша жоқ ету науқаны басталады. Сталин дәуірі өткеннен кейін отыз жыл бойына астыртын әрекеттер жүргізген одақтық билік басындағы көнекөздер тобы араларына селкеу түсіп, әуелі Ворошилов 1969 жылы, ал Косыгин 1980 жылы, Суслов 1982 жылы, Андропов 1984 жылы, Молотов 1986 жылы, Громыко 1989 жылы, ең соңында Оңдасынов 1989 жылдың аяғында дүние салады. Демек, 1986 жылдың басты оқиғалары – Чернобыль апаты («Дуга» суперклиматтық қаруын сынау мен оның негізгі құпия бөлшектерін Аляскадағы АҚШ супер-

климаттық қаруын жарактау жобасына жасырын түрде сатып жіберу барысында жойқын жер сілкінісі салдарынан болған АЭС апаты еді) мен Қазақ ССР-індегі Желтоқсан оқиғасы кеңестер одағын дүр сілкіндіріп, қазақтың өршіл рухы айдай әлемге тарап кетпегенде, Г.Н. Колбин бастаған әсіре компартия ұрдажықтары қазақ жерін бөлшектеуге бірден пәрмен беріп, батыстың трансұлттық корпорациялары Сарыарқаның ғасырлап өздері көз сүзген аймақтарына сұғына еніп, қаймана қазақтың естерін жиғызбастан талан-таражға салып жеке меншіктеп үлгерген болатын ба еді. Енді, қазақ жеріне батыс алпауыттары көз сүзген тар жол, тайғақ кешудің жаңа эпопеясы басталды.

Лондон-сити қожайындары КСРО күйреуін жаңа әлемдік тәртіптің заңды бір бөлшегі ретінде қабылдайды. Дербестік алған Қазақ елін сырттай қуаттап, көп жылдар бойғы армандарына енді анық қол жеткізетіндеріне бек сенім артып, алдағы ондаған жылдарға нақтылы жоспарлар құра бастайды. Тоқсаныншы жылдарда Қытай экономикасын гүлдендіруге барынша күш салған Ротшильдтер бастаған әлем алпауыттары мындаған Трансұлттық корпорациялар қызметін жандандыру арқасында 1,3 млрд халқы бар алып мемлекетті дүр сілкіндіреді. Қытай атынан жер-дүниеге жайыла бастаған батыс қожайындарына тәуелді трансұлттық құрылымдар жаһан халықтарына заңды үрей тудырып, жер шарының қай шалғайында не жақсы бизнес көздері бар, соның барлықтарын да талғамастан жұтып, жалмай береді.

Қазақ елі тәуелсіздік ала салысымен Ротшильдтер әулеті жылы шырай танытып, Лондондағы өздеріне тәуелді банкноттар фабрикасынан қазақтың төл теңгесі басылып шығарылуына келісімдерін беріп, барлық жағдайды жасайды. Артынша Хитрудан 18

мәрте транспорттық ұшақпен қазақ валютасын шалғайдағы Алматыға тасып жеткізіп алуға да құпия жол ашадy. Бұл жақсылық, бұл қызметтердің барлығы да өтеусіз тегін болмайды. Батыс алпауыттары ескі тақырыпқа қайтып оралып, Сарыарқа топырақтары олар үшін стратегиялық өте маңызды жер телімдері екендігін ескертумен болады. Елбасы да қол қусырып қарап қалмайды, халықаралық электронды қаржы орталығын құру мақсатында Қазақ мемлекеті де әлем алыптарымен иық тірестіре отырып атсалысатындығын жан-жақты дәлелдеп, соның алғашқы нақты зор қадамы ретінде 1994 жылы 6 шілдеде ел астанасы Алматыдан Ақмолаға көшіріліп, тиісінше инфрақұрылымдар толыққанды әзірлікте болатындығын парламент мінберінен ресми жариялап, арнайы қаулы қабылдатады.

2010 жылы Еуроодақ Елбасыға ұсыныс жасап хат жолдап, Астанада Халықаралық электронды қаржы орталығы құрылатын болса қайтарымсыз көмек ретінде 22 млрд қаржы салуға дайын екендіктерін білдіреді. Екі қоянды бір оқпен атып үйренген қазақ билігі ЭКСПО өткізуді лезде жоспарлап, сол ЭКСПО орнын негізге ала отырып, 2018 жылы әрбір қатынасушы диллер 50 жыл мерзімге салықтан босатылған әрі ағылшындық хұқық негізінде жұмыс жасайтын «мемлекет ішіндегі мемлекет» десе де болатындай халықаралық стандарттағы жаңа қаржы орталығын құруға құлшына кірісіп кеп кетеді. 2006 жылдан кейін ҚАЗАҚ атауын адамзаттық деңгейде насихаттап-таратуды ұсынған Лондон-сити қожайындары болашақтағы әлемдік қаржы орталығы құрылысын жыл санап емес, ай санап жіті қадағалап, үнемі басты назарда ұстап отырады. 1913-2013 жылдар аралығында қызмет мерзімі тәмамдалған ФКЖ-ФРС қаржы баспаханасын Астананың төңірегіне әкеліп орнықтырып, Токиодан Лондонға

карата тартылған жерасты суперкабель жүйесі жағрафиялық тұрғыдан «Астана» Халықаралық қаржы орталығы аумағы арқылы өткізілетін болса, БҰҰ-ның штаб-пәтерін Азия өлкесіндегі жаңа мегаорталық Астана қаласына көшіретін болса, әлбетте, қазақтың Астанасы жыл санап әлемнің астанасы, бас қаласы дәрежесіне дереу көтеріліп кетері анық. Демек, Астана және Қазақстан болашағына байланысты тарихи-саяси келісімдер мен шешімдер әлдеқайда бұрында ең жоғарғы деңгейде қабылданып қойылған. Қазақ халқының халықаралық ауқымдағы абырой-дәрежесін арттыра түсетін тарихи іс-шаралардың бір парасы 2015 жылғы қазан айының соңында Астанада және Лондонда өткізіледі. Аталған уақытта Жапония Премьер-министрі Синдзо Абэ, АҚШ Мемлекеттік хатшысы Джон Керри Астанаға үлкен делегация құрамымен келіп, Елбасымен ресми екіжақты келіссөздер өткізіп, тиісті құжаттарға қол қойып, Токио және Нью-Йорк қаржы биржаларының жетекші мамандары ЭКСПО орталығы негізіндегі болашақ «Астана» Халықаралық қаржы орталығының қызмет аясы және даму мүмкіншіліктерімен ықтияттап танысады. Арада бірнеше күн өткен соң 2015 жылғы қараша айының басында Лондонда Елбасының Ұлыбритания басшылары мен трансұлттық корпорациялар мен концерндер қожайындарымен ресми кездесу іс-шаралары өткізіледі. Лорд Джейкоб Ротшильд бастаған Ротшильдтер әулетінің бас көтерерлері Қазақстан Елбасымен тік тұрып есендесіп қарсы алып, екіжақты келіссөз барысында әлемдік БАҚ өкілдеріне кеңінен таралған өз мәлімдемелерін жария етеді. Қазақстанды Орталық Азия өлкесіндегі қаржылық орталық дәрежесіндегі мүмкіншілігі бар аса тиімді аймақ ретінде қарастырып

отырған Лондон-сити қожайындарын Елбасының 2018 жылы 1 қаңтарда ресми ашылуы күтілудегі «Астана» Халықаралық қаржы орталығы кешені құрылысы барысымен тиянақтап таныстыруы қызықтыра түседі. Осылайша, соңғы үш ғасыр бойындағы батыс алпауыттары жұмсауымен айдаһар мен аю қабаттасып келіп қос бүйірден қысқан текетірес майданына соңғы нүкте қойылады. Алтын Орда, Дешті Қыпшақ заманынан кейін Қазақты әлем мойындаған, Қазақ елімен келіскен, Қазақ елімен санасқан, Қазақ елін құрмет тұтқан, Қазақты Мәңгілік Ел болады деген, Қазақ елін айдай әлемге тек жақсы қырынан танытуға пәрмен берілген, Қазақ елінің отаршылдық езгі, бодандықтағы қасырет күндері артта қалған жаңа тарихи кезеңге қадам басудамыз. Жүз нақты қадам деп құжат қабылдаған қарышты қадамдарымыз «Астана» Халықаралық қаржы орталығы негізінде өмірге келгенін де ешқашан жадымыздан шығармауға тиіспіз. Ертегіде ғана жақсы аяқталатын өмір соңы қазақ үшін ертегі-әфсана емес, нағыз өмір шындығына айналады. Саяси мәселелер оңды шешілгеннен кейін, экономикалық әл-ахуал да тез арада қауырт түзелмекші. Әдетте, әр жыл сайын мамыр айының аяғы, маусымның басында өткізіліп тұратын дәстүрлі Бильдерберг клубы мүшелерінің биылғы 2016 жылғы 64-ші конференциясы барысында да Қазақ еліндегі жаппай бейбіт шерулер дұрыс бағаға ие болып, млн-дар талаптары Лондон-сити қожайындары тарапынан тиісінше жауаптарын алады деп ойлаймыз.

Қазақ сілкіне оянып, өз нәпсісінің, өз әулетінің, өз отаны мен туған жерінің шынайы қожайыны бола біліп имандылықпен әрекет етсе сіз бен біз үшін керекті нағыз бакыт, әне, сол болмақшы!



Об авторе: известный ученый-экономист, историк, кандидат экономических наук. Автор более 100 научных трудов.

About the author: Renowned scientist and economist, Historian, PhD. Author of over 100 scientific papers.

Автор туралы: белгілі экономист-ғалым, тарихшы, экономика ғылымдарының кандидаты. 100-ден астам ғылыми еңбектердің авторы.

Магида ЧЕРМАНОВА

СИЛЬНЫЙ ДУХОМ ЧЕЛОВЕК НЕ УМРЕТ, НАРОД – ВЕЧЕН!

Аннотация: Читатели окунутся в глубокие размышления о драме казахской истории, репрессиях против интеллигенции и родовой аристократии, узнают неизвестные детали жизни генеалогической ветви, ощутят дыхание эпохи.

Magida CHERMANOVA

STRONG SPIRIT OF MAN – ALIVE, STATE – FOREVER!

Summary: Readers plunge in deep thought about the drama of Kazakh history, the persecution of intellectuals and aristocracy, learn unknown details of the life of a genealogical branch, feel the breath of the era.

Магида ЧЕРМАНОВА

ШОРМАНОВТАР ӘУЛЕТІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚТАР ТАҒДЫРЫ

Аңдатпа: Оқырмандар қазақ тарихының қиын-қыстау кезеңдері, зиялылар мен текті тұқымдарға қарсы жазалау шаралары туралы терең ойлар тұңғиығына бойлайды, шежіре шертетін сырға қанығып, дәуір тынысын сезінеді.

– В начале XX века Мухамеджан Сералин назвал первый казахский журнал «Ай, қап!», и только теперь мы понимаем, почему. На Ваш взгляд, о чем сегодня мы с сожалением можем сказать «Ай, қап!»?

– Мы сегодня достигли многого в изучении истории, культуры нашего государства. Но я сожалею о том, что обучаясь в школе (русской), университете не смогла овладеть родным языком. Этим я лишилась чтения и познания казахских писателей в оригинале. Ведь любой перевод не может сравниться с оригиналом, я имею в виду богатство, образность и широту нашего языка. Я читаю журнал «Аңыз адам» и стараюсь этим наверстать упущенное мною. В этом смысле я могу сказать: Ай, қап! Я думаю, что мои сверстники это понимают и согласятся со мной.

– Что приобрело и что может утратить казахское общество в эру глобализации? Какова историческая миссия казахов в мировом социуме?

– Когда начала наступать эра глобализации, я с ужасом думала, что мы потеряемся в большом мире. Сейчас, когда уделяется большое внимание английскому языку, нашему языку грозит большая опасность. наших писателей не будут читать. Слава Всевышнему, подросло поколение 90-х годов, которое освоило свой язык. Своих детей и внуков обучала и обучаю родному языку и вместе с ними учусь сама. Но сколько я смогла бы дать, если бы сама знала в совершенстве свой язык.

Казахи в течение многих поколений, отвоевывая и защищая свою землю, научились многому. Но мы очень доверчивы и слишком гостеприимны. И наш гость садится нам на голову. Сильно пострадал наш народ в 30-е годы XX века от голода и коллективизации, в том числе мои деды по от-



Фото 1 – Иса Шорманов

цовской и материнской линии. Но мы выстояли, не превратились в пыль, не канули безвестность. Я всегда думаю, кем бы был мой отец, если бы не бесконечные гонения вплоть до 1953 года. Спасибо папе и маме! Они изо всех сил работали, не покладая рук, занимались воспитанием и образованием подрастающего поколения. Папа в школе преподавал химию, биологию, мама, будучи заведующим детским садом, добилась строительства нового здания детского сада № 22 на станции Большая Михайловка Казахской железной дороги вместо барачного помещения, принятого ею в 1953 году, и работала там до 1967 г., пока не родился внуки, которых она помогала воспитывать, оказывая посильную помощь детям. А детский сад, построенный ею руками, существовал и после ее кончины. Девиз моих родителей: делайте добро людям, если оно не вернется Вам, вернется Вашим детям и внукам.

Мой прадед, Иса Шорманов, был очень состоятельным, иначе как бы он мог дважды совершить в хадж. Последний раз он пошел в хадж в 1902 г. прилагаю фотографию из нашего семейного альбома: фото 1. На ней сидит прадед Иса Шорманов, стоит его сын Зинда и внук Рахимтай. Они сфотографировались в тот год перед хаджем. Иса Шорманов на обратном пути умер и был похоронен в порту Джидда в Саудовской Аравии. Дед Зинда в 1928 г. был выслан с семьей из 5 человек в Актюбинскую область из родного Баянаула и уже не вернулся туда. Конфисковано было его имущество и скот¹. После ссылки в 1933 г. они жили в селе Гандич Омской области, где скончалась моя бабушка Магида, в ауле Карабас, недалеко от станции Марьяновка Омской области, где был похоронен дедушка Зинда в 1935 г. В августе 2014 г. правнуки Зинды Шорманова во главе с Ахатом Исиным (полковником полиции), сыном моего двоюродного брата Вали Каримовича Исына, внука Зинды, установили памятник Зинде Шорманову в ауле Карабас близ станции Марьяновка. Прилагаю фотографию памятника (фото 2). Дед мой был добрый, благородный и очень рачительный хозяин. Его хозяйство и скот были развезены по ветру из-за конфискации и выселения. Золотой генофонд нации был уничтожен, никто из потомков Зинды не вернулся в родные места. Большинство его детей поселились в Караганде, куда в 1953 г. переехал мой отец по направлению министра просвещения Х. Сембаева и до конца жизни (1975 г.) прожил там, работая в средней школе № 4.

Казахи должны оставаться собой: гордыми, добрыми, благожелательными и уметь постоять за себя, за свое

¹ Коллективизация сельского хозяйства Казахстана (1926-1941 гг.). – Алма-Ата, 1967, ч. 1. – С. 189-190.



Фото 2 – Памятник Зинда Шорманова (фото публикуется впервые)

отечество. Главное – сохранить свой язык, тогда сохранится нация. Мы занимаем определенное место в мировом социуме и надо сохранить себя, свою культуру и свою ментальность. Знание языка – верный путь к осуществлению этих задач. Находясь на 9 месте в мире по территории, мы должны и будем соответствовать этому.

– Что лично Вас волнует ныне как человека творческого? О чем Вы пишете или собираетесь написать? Какие архивы Вам доступны?

– Меня многое интересует, но на все не хватает времени. Очень интересуюсь историей своих предков – Шормановых, а также Чоканом Валихановым. На формирование и развитие мировоззрения Чокана повлияли нағашылар (родичи по материнской линии), в частности, Муса Шорманов. Об этом раньше умалчивали. Я думаю, что надо

покопаться в Центральном государственном архиве. Необходимо подумать, что там надо конкретно искать, а также посмотреть иллюстративные коллекции Музея антропологии и этнографии им. Петра Великого (Кунсткамера), где, возможно, есть материалы наших предков, так как в XIX в. в степь приезжали русские исследователи и могли сохранить это, в частности, в коллекциях С.М. Дудина. Отправляясь в казахские степи в 1899 г., С.М. Дудин заранее знал, что в Баянауле, в Павлодарском уезде он встретится с Чормановыми, родственниками Чокана Валиханова. До этого он был знаком с дневниковыми записями А.Н. Гейнса, а также работал в экспедиции профессора Н.И. Веселовского, который по предложению Г.Н. Потанина стал редактором посмертного сборника сочинений Ч. Валиханова².

У меня вышло несколько публикаций по документальной истории рода Шормановых в Алматы, Санкт-Петербурге. А сейчас я занята тем, что думаю написать о своем прадеде Исе Шорманове и деде Зинде Шорманове, родном брате и племяннике Мусы Шорманова и Зейнеп Шормановой, матери Чокана Валиханова. Надо дать заметку о них в энциклопедию о Шормановых, которую готовим вместе с моим братом Бахытом Биляловым, праправнуком Мусы Шорманова.

– С кого бы надо брать пример и чему учиться в первую очередь, молодежи Казахстана?

– Молодежи Казахстана надо брать пример с первого казахского ученого Чокана Валиханова, который прожил 30 лет, а сколько сделал! Талант и трудолюбие! Издано его 8 томов собра-

ния сочинений, а сколько еще можно найти не только его материалов, но и информации о нем.

Еще бы я назвала Каныша Имантаевича Сатпаева. Его талант приумножило трудолюбие и упорство в достижении целей. Я назвала бы еще академика Сактагана Баишева. Этой мой научный руководитель. Я преклоняюсь перед ним, благодарна ему. О С. Баишewe не раз писала, подготовила и опубликовала два сборника, посвященных 90-летию со дня рождения «Сактаган Баишев – государственный деятель, ученый и человек» и 100-летию со дня рождения «Күрескер-ғалым академик С.Б. Бәйішевтің 100 жылдығына орай, в которых освещена деятельность ученого и человека. О нем также мною опубликована статья «О Сактагане Баишевиче Баишewe – ученом, экономисте, общественном деятеле» в сборнике «Памятники истории и культуры Казахстана». К 70-летию победы в Великой Отечественной войне в газете «Казахстанская правда» от 26 июня 2015 г. вышла моя статья «Комиссар Сактагане Баишев», где освещены его ратные подвиги в Великой Отечественной войне.

Этот человек вышел из далекой глубинки и сделал себя сам. Эти три личности, с которых надо брать пример молодежи: учиться порядочности, работоспособности и упорству в достижении поставленных целей.

– Что бы Вы пожелали журналу «Айқап»? Считаете ли Вы, что есть темы, которые все еще стоит умалчивать?

– Журналу пожелаю, чтобы он состоялся и продолжил традиции «Айкапа» начала XX века. Основная миссия журналов, я считаю, просвещать наш народ. Читательская публика все-таки есть. Надо поднимать темы современности, не забывать историю. Надо говорить и писать о том, что у нас было

² Прищепова В.А. Иллюстративные коллекции по народам Центральной Азии второй половины XIX – начало XX века в собраниях Кунсткамеры. – СПб.: Наука, 2011. – С. 92.

государство, письменность, великие личности-просветители. Все знают Абая, Ибрая Алтынсарина. А кто знает Абиkey Сатпаева, Мусу Шорманова, Садуакаса Шорманова, Турысбека Маманова, которые в XIX-XX вв. занимались просвещением, открывали школы, отправляли детей учиться в Россию и дальше зарубежье? Они публиковались в российских журналах и газетах. Кстати, Садуакас Шорманов публиковался в журнале «Айқап». В частности, вышли его статьи «Баянауыл жайы», «Ескі һәм жаңа билер», поэма «Мінәжат» и др.

Все эти личности любили свой народ и внесли весомую лепту в развитие казахского государства. Одухотворенность – вот чего не хватает современной молодежи. Қазақша «рух». Рухы мықты болса – адам өлмейді, ел өшпейді! О закрытых темах могу сказать, что, видимо, еще не пришло их время, я не могу их назвать.

*Интервью с М.Б. Чермановой,
представительницей
рода Шормановых
(подготовила Гюльнар Муканова)*





Смағұл СӘДУАҚАСОВ
(1900 – 1933)

Алаш қайраткерінің айтындары

Қазақша емес, басқа елдің ағамы қазақтың баласын оқыта ала ма? Қазақша білмей, қазаққа уағыз насихат айта ала ма? Қазақтың тілін білмеген кісі қазақ ішінде сақау ағаммен бірдей...

Қазақ халқы бақытсыз болса – мен де бақытсызбын! Қазақ халқы бақытты болса – мен де бақыттымын!

Әңгілдікті құр ауызбен айтып қоймай, қолмен істесе әңгілдік болады.

Оқусыз ағам – уықсыз тігілген үй секілді.

... Бар қазақ Сарыарқаға жиналса, қазақ елі енді жарты ғасырған кейін Жапониямен теңессе, осы қазақтың байтақ қаласында шаһарлар орнаса, зауыт-фабрикалар салынса...

...қазақтың әр баласы құстай еркін болса, тәуелсіз болса, ұшам десе аспанға ұшса, жерге еркін қонса...

Өз алдына ел болу керек дегенде айтатынымыз мынау: әр халықтың тілі бөлек, тұрмысы бөлек. Жалпы, ағамшылық бақытқа жету үшін әр халық өз тілінде мәдениетке қол жеткізіп, өз шаруасына қарай тұрмысын өзгерту керек.

Жаңа өмір құруға білім арқылы кірісу керек.

Қазақтың теңдігі бес-алты жігіттің төре болғанымен табылмайды, осындай жұрттың тіршілігін көркейтемін жұмыстармен табылады.

Сауданы ағамыту өте жақсы ниет. Алайда, халыққа білім беру ісін ұмытпаған абзал еді.

Қайда болсын, қашанда болсын, қазақ жастарының тасқыны. Осы тасқынды барынша бес қаруымызды сайлап қарсы алу керек. Бұл толқын кері серпілмес үшін бар көмектің бәрін жасау шарт.

Автор туралы: химия ғылымдарының директоры, профессор, ҚР ҰҒА-ның мүше-корреспонденті, ҚР мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Құрмет» орденінің иегері, Д.В. Сокольский атындағы Жанармай, Катализ және электрохимия институтының зертхана меңгерушісі.

About the author: Doctor of chemical sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences RK, Cavalier of the «Kurmet» Order, D.V. Sokolovsky Institute of Fuel, Catalysis and Electrochemistry Head of the laboratory.

Об авторе: доктор химических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК, Лауреат Государственной премии РК, кавалер ордена «Құрмет», заведующий лабораторией Института топлива, Катализа и электрохимии им. Д.В. Сокольского.



Әбдуәлі БАЕШОВ

ҰСТАЗЫМ – АКАДЕМИК Е.А. БУКЕТОВТЫҢ СОҢҒЫ ТАПСЫРМАСЫ ЖӘНЕ АЛДЫМА ҚОЙҒАН ТАЛАПТАРЫ МЕН АЙТҚАН ӨСИЕТТЕРІ

Аңдатпа: Жас ғалымның ғылымға келіп, атақты ұстазбен кездесуі соңынан үлкен жаңалықтар ашуға әкеледі. Атақты ғалым Евней Букетовтың шәкірттеріне көзқарасы, олармен қарым-қатынасы, ғылым жолындағы аянбас еңбегі, шәкірттеріне үлгі болған өмірбаяны туралы сыр шертілген. Техниканың және өнеркәсіптің көптеген салалары үшін аса маңызды болып табылатын майда дисперсті мыс ұнтағын алу әдісін жасағандары туралы, осы әдістің маңызы туралы баяндалған. Ұлы ұстаздың қасында болған, тәлім-тәрбие алған шәкірті бүгінгі күні өзі де үлкен ұстазға, ғалымға айналғаны жөнінде айтылған.

Abduali BAESHOV

EDIFICATION OF MY TEACHER – ACADEMICIAN E.A. BUKETOV

Summary: Introduction of a young scientist on the path of science and a meeting with a famous scientist later led to great scientific discoveries. The article describes the relationship between the scientist, mentor YevneyBuketov with the students, the details of his biography, which has become an example of selfless service to science, the edification of the Master.

Абдуали БАЕШОВ

ЗАВЕТЫ МОЕГО УЧИТЕЛЯ – АКАДЕМИКА Е.А. БУКЕТОВА

Аннотация: Вступление молодого ученого на путь науки и встреча с известным ученым привели впоследствии к большим научным открытиям. В статье А.Баешова раскрываются взаимоотношения ученого, наставника Евнея Букетова с учениками, детали его биографии, ставшей примером беззаветного служения науке, назидания Учителя.

Атақты ғалым, көрнекті ұйымдастырушы, жазушы Евней Арстанұлы Букетов туралы шығармалар көп. Ол кісінің биографиясы, еңбек жолы, ұстаздық қызметі жөнінде «Жизнь замечательных людей» сериясында Медеу Сарсекеевтің авторлығымен кітап та шықты. Әрбір мерейтойына арналған конференциялар өтіп тұрады және ол кісінің атымен аталатын «Е.А. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде «Букетов тану» айдарымен зерттеулер де жүргізілуде.

Дегенмен, атақты ғалымның қасында жүрген, ғылыми жұмыстар бойынша тікелей араласып, көп әңгімелескен, айтқан ақыл-кеңестерін тыңдаған, көп ғылыми ойларын дамытып, іске асырған шәкірті ретінде ғұлама ғалымның ішкі сыры, ғылымға деген көзқарасы, шәкірттерімен қарым-қатынасы туралы үзік сыр шертуге бел будым.

1969 жылы Шымкенттегі Қазақ химия-технология институтын бітіріп, бір жыл Петропавл қаласының «Машина жасау» зауытында инженер-технолог болып жұмыс істедім. Зауыттағы жұмыстарым ойдағыдай жүріп жатты, бірақ бар арманым ғылыммен шұғылдану еді. Қарағанды қаласында профессор Е. Букетовтың басшылығымен химия және металлургия саласында ғылыми жұмыстар жүргізіліп жатқанын естіп, сол ғалымның ғылыми басшылығымен жұмыс істеу менің армандарымның біріне айналды. Бірде ретін тауып Қарағанды қаласына барып, профессор ағаммен кездесіп, сөйлестім. Әуелі өзі сөйлесті, содан кейін қарамағында жұмыс істейтін химия ғылымдарының кандидаты Г.В. Макаров деген кісіні шақырып алып, мына жігітпен 1-2 сағат сөйлес, сонан соң өз ойыңды айтарсың... деп мені үлкен сынақтардан өткізді.

Жұмысқа қабылдағаннан кейін ертеңіне шақырып алып, – ал батыр, бізде электрохимия проблемаларымен шұғылданып жатқан бір ғылыми топ

бар, сен солармен бірге жұмыс істейтін боласың. Ал саған жеке тапсырма «мысты электрорафинациялау процесіне титан иондарының әсерін зерттеу»... Бұл күрделі жұмыс... – деді.

Мен сол күннен бастап зерттеу жұмыстарына кірісіп кеттім. Ұстазымның тапсырмасы бойынша жан-жақты ғылыми жұмыстар жүргіздім. 1982 жылы сәуір айының бір күнінде құрамында титан және мыс иондары бар ерітіндіден мысты электролиз арқылы бөліп алу кезінде мынадай құбылысты байқап қалдым. Ерітіндідегі мыс иондарының концентрациясы азайған кезде, катодта мыс ұнтақтары түзіле бастайды, бұл белгілі нәрсе. Бірақ катод аумағында да майда мыс ұнтақтарының түзілетінін аңғардым. Ал ерітіндіде титан иондары болмаса, мұндай құбылыс байқалмайды, сол себепті бұл құбылыстың байқалуы – титан иондарымен байланысты деп шештім.

Электрохимиялық реакцияларды басқару өте күрделі мәселе, сол себепті бұл көп білімділікті және байқамдылықты қажет етеді. Мысалы, ерітіндіде мыс иондары көп болып, ал ток тығыздығы өте жоғары болмаса, катодта мыстың тығыз металл қабаты түзіліп, уақыт өткен сайын оның қалыңдығы біртіндеп өсе бастайды. Өндірісте мыс иондарын ерітіндіден осылайша металл түрінде бөліп алып жүр. Ал егер ерітіндіде мыс иондарының концентрациясы аз болса және катодтағы ток тығыздығы өте жоғары болса, электрод бетінде мыстың майда ұнтақтары түзіле бастайды. Бірақ, бұл кезде міндетті түрде мыс ұнтақтарымен қабаттасып, сутек газы бөлініп, ауаға ұшып кетіп отырады. Егер мыс ұнтағын алғымыз келсе, міндетті түрде токтың 20-30%-ы қажетсіз реакция – сутектің бөлінуіне жұмсалады. Нәтижесінде электролизге жіберілген токтың осынша пайызы қажеті жоқ реакцияға кетіп, токтың шығыны көбейеді. Өндіріс үшін бұл үлкен зиянды (пайдасыз) шығын, бірақ



Евней Букетов

басқа амал жоқ, металл ұнтағын алу үшін осыған көну керек деп есептелініп келген. Ал, менің зерттеу нәтижелерім осы шығынды түгелге дерлік азайтуға мүмкіншілік беретіндігін көрсетті. Ол былай еді:

Жан-жақты жүргізілген зерттеулер электролитке титан иондарын қосқан кезде, сутек иондарын тотықсыздандыруға бекерге кетіп жатқан токтың негізгі мөлшері төрт валентті титанның үш валенттіге дейін тотықсыздануына жұмсалып, кейінгісі катод аумағында ерітіндідегі мыс иондарын химиялық жолмен тотықсыздандырып, қосымша мыс ұнтақтарының түзілетіндігін көрсетті. Кейінгі реакция нәтижесінде қайтадан төрт валентті титан иондары түзіледі, катодта олар қайтадан үш валентті күйге дейін өтеді, сөйтіп бұл реакциялар циклді түрде қайталанып отырып, титан иондары шығынға кетпейді. Нәтижесінде титан иондарының ерітіндідегі аз мөлшері мыс ұнтақтарының түзілу өнімділігін 10-18%-ға жоғарылататындығы анықталды. Бұл

ғылыми жұмыстың нәтижелері өндіріс үшін өте пайдалы екендігі айдан анық.

Құрамында мыс және титан иондары бар ерітіндіден мыс ұнтағын алуға бағытталған зерттеу жұмыстарымды біткен кезде, Алмалық қаласындағы тау-кен комбинатының электролиз цехында өндірістік сынақтар өткізу үшін, бір айға іс-сапарға кеттім. Өндірістік жағдайда сынақ өткізу өте қиын жұмыс, цех күні-түні үздіксіз жұмыс істейтіндіктен, бізге де күні-түні жұмыс істеуге тура келді. Мен әбден үйренгенмін, себебі бұдан бұрын осы сияқты сынақтарды Балхаш және Жезқазған қалаларындағы тау-кен комбинаттарында да жүргізген болатынмын. Кейбір кезде өндірістік сынақ өткізуге 2-3 адам болып барамыз, ал Алмалық қаласындағы өндірістік сынақты бір өзім өткізуіме тура келді. Мен сынақ бастаған соң көмекшілер келу керек еді, институттағы қызмет бабына байланысты олар келе алмады.

Бір айға созылған өндірістік сынақ ойдағыдай өтті, шаршап Қарағанды қаласына үйіме қайттым. Бірінші білгенім, Евней ағамыз – ұстазымыз жүрегінің ауруы қозып, қайтадан облыстық емхананың кардиология бөліміне түсіп қалыпты. Ертеңіне Евней ағамның қал-жағдайын білейін деп, емханаға бардым. Ағамыз емханада жатса да, ғылыми жұмыстарымыздың барысын, нәтижесін сұрайтынын біліп, мыс ұнтақтарын алуға байланысты нәтижелерімді өзіммен бірге ала салдым. Жеке бөлмеде бір өзі жатыр екен, мен кірген бетте – Әбеке, хал қалай, өндірістік сынақтан қалай оралдыңдар, тағы қандай жаңалықтар бар? – деп үсті-үстіне сұрақтар беріп, артынан – Сен кешір, менің жатып сөйлеп жатқаныма, дәрігерлер тұруға, тіпті отыруыма да тыйым салды – деп сөзін жалғастырды.

Өндірістік сынақтардың ойдағыдай өткенін және олардың негізгі нәтижелерін айттым. – Әбеке, бұл жұмысты лабораториялық зерттеулерден

бастап, өндірістік сынаққа дейін өзін ойдағыдай жеткіздің, нәтижелерін көрсетіп, дәлелдеп бердің, ал енді бұл ғылыми жұмысты өндіріске біржақты ендіру, завод қызметкерлерінің өз қолында – деп сөзін аяқтады. 24 тәулік күні-түні үзіліссіз жүргізген бұл зерттеулеріміздің нәтижелері былай еді. Егер мыс алатын электролитке өте аз мөлшерде титан тұздарын қосса, алтын мен күмістің катод тұнбасымен бірге пайдасыз жоғалып кетпей, керісінше, осы элементтермен қоса, селен мен теллур элементтерінің электролизер түбіне шлам түрінде түсіп, жинақталуын оңтайландырып, оларды толық мөлшерде дерлік бөліп алу мүмкін екендігі өндірістік жағдайда алғаш рет дәлелденді. Шынында да мұндай зерттеулер дүние жүзі бойынша алғаш рет жүргізілген болатын.

Бұл жұмыстардың нәтижелерін үстірт айтып болған соң, – Тағы да қандай жаңалықтарың бар? – деп маған ойлана қарады. – Евней аға, құрамында титан иондары бар мыс электролитінен мыстың бөліну заңдылықтарын жан-жақты зерттеп жүргенімді білесіз ғой. Кейінгі жылдағы зерттеулердің нәтижелері көрсеткен электролиттен мыс ұнтақтарын алу кезінде титан иондарының ерекше әсер ететіндігін және мыс ұнтақтарын жоғары өнімділікпен бөліп алуға мүмкіншілік беретіндігін талдап айтып бердім.

– Әбдуали батыр, бұл керемет ғылыми нәтижелерінді сөзбен айтпай, график және кесте түрінде көрсеткеніңде дұрыс болар еді ғой, әттең... – деді.

– Евней аға, бұл зерттеулерімнің нәтижелері график түрінде де, кесте түрінде де дайындадым, ол мінеки – деп ағаның қолына ұстаттым. Бір-екі минуттан кейін ол кісі орнынан атып тұрып – Бұл керемет қой! Бұл бүкіл әлем бағалайтын ғылыми үздік жетістіктердің бірі деп есептеймін – деп мені құшақтады да, кенеттен, – Әбеке, маған тұруға болмайды ғой – деп

ойланып қалды. Ғұлама ғалымның, шәкіртінің ғылыми шешіміне риза болып, эмоцияға беріліп, тұрып кеткеніне мен де сескеніп қалдым. Бірақ жақсы эмоцияның теріс әсері болған жоқ, ұстазымның көңіл-күйі өте жақсы еді. Жайлап, кереуетіне отырды да, қайтадан орнына жайғасты.

– Әбеке, бұл жұмысты дүние жүзіне көрсету керек және бұл жұмыстың нәтижелері өте керемет жетістік, сол себептен авторлық куәлік (патент) алуға құжаттарды дайындайық деді. Бір-екі ай ішінде құжаттарды дайындап, патент алу үшін Москваға жібердік. Бір жылдай уақыт өткен кезде, ғылыми жұмысымыздың жаңалығын растайтын Советтер одағының авторлық куәлігін (патент) алдық.

Евней аға емханадан шығысымен мені өз кабинетіне шақырып алып: – «Абдуали! Свердловск (қазіргі Екатеринбург) қаласының жанында Верхняя Пышма қаласында үлкен Тау-кен комбинаты бар, оның құрамында бүкіл мемлекетіміздегі жалғыз мыс ұнтағын шығаратын цех бар. Осы алған нәтижелерімізді көрсету үшін сол жерге барып, үлкейтілген лабораториялық сынақ өткізіп қайту керек» – деді. Ол кезде телефон байланысы онша дамымаған, сол себепті ұстазым ол жаққа хат жолдады. Бір ай шамасында жауап келді. Бізді қабылдауға және зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін барлық жағдайлар жасауға дайын екендіктерін айтыпты.

Мен, аспирантым Болат Қожақов екеуіміз Екатеринбург (ол кезде Свердловск) қаласына ұшақпен аттанып кеттік. Жүрер алдында – «Ал, Әбеке, Болат шәкірттерім, өз ғылыми нәтижелерінді ұлы орыс халқына көрсетіп қайтындар, олар бұл жұмысты түсініп, дұрыс және жоғары бағасын беруі керек деп ойлаймын» – деп батасын берген. Дәл сол сәтте ұстазым академик Е. Букетовтың маған берген соңғы тапсырмасы екенін қайдан білейін.

Екатеринбург қаласынан шамасы 60 км жерде орналасқан үлкен өндіріс орны «Уралэлектромедь» қызметкерлері бізді өте жақсы қарсы алды. Сол кездегі сол комбинаттың орталық лабораториясының басшысы Е.Г. Кремко бізді өз кабинетінде қабылдап, – «Евней Арстанович сендердің жұмыстарың туралы өз хатында жазған. Өте қажетті және қызық ғылыми нәтижелер алыпсыңдар. Совет Одағы бойынша мыс ұнтағын алатын жалғыз цех бізде орналасқан, бұл өндірістің бүкіл кілт-типанын түсінетін мамандар да осында. Сол себепті сендердің келгендерің өте дұрыс болды. Біздің мамандар сендердің ғылыми нәтижелеріңді өз көзімен көрсін, бағасын айтсын» – деп, ойланып тұрды да:

– Мыс ұнтағын алатын цехтың жанында ғылыми зерттеу лабораториямыз бар, сондықтан бұл үлкейтілген лабораториялық сынақты сол жерде өткіземіз, ол жердегі қызметкерлер де бұл жұмыс туралы хабардар – деді.

Сонан соң, бізді лабораторияға өзі ертіп апарды, лаборатория қызметкерлерімен таныстырып тұрып. – Егер сынақ нәтижелері ойдағыдай өтсе, біздің мыс ұнтағын алу цехының өнімділігі шамамен 10%-дан да артуы мүмкін – деп маған және өз қызметкерлеріне қарады.

– Ия, өзіміздің институтта жүргізген лабораториялық зерттеулер осындай нәтиже көрсетті, ал енді ол нәтижелерге сіздермен бірге көз жеткізе аламыз, – дедім мен.

Келген күннен бастап үлкейтілген қондырғыны жинап, ертеңіне зерттеу сынақ жұмыстарымызды бастадық. Бізге қажетті электролизер, ток түзеткіш, амперметр, вольтметр және де басқа қажетті заттардың бәрі оңай табылды.

Зерттеу жүргізу үшін екі электролизер алып, олардан өтетін токты бір-бірімен тізбектей жалғадық. Бұл кезде екі электролизерден өтетін токтың мөлшері бірдей болады. Бір электролизерге

– өндірісте қолданылатын электролит құйылды, ал екіншісіндегі электролит құрамы өндірістегідей, бірақ оған қосымша титан тұздары қосылды. Бірінші электролизерде катод электроды бетінде бір-біріне тығыз орналасқан мыс ұнтақтары түзіліп жатты. Ал екінші электролизерде 2-3 сағаттан кейін бірінші электролизердегімен салыстырғанда, көлемі жағынан 3-4 есе үлкен борпылдақ мыс ұнтақтары түзіле бастайды. Сырттай қарағанда, осынша есе көп мыс ұнтақтары түзіліп жатқандай болып көрінеді екен. Ал зерттеу нәтижелері мыстың түзілу өнімділігінің 15-18% жоғары болатындығын көрсетті. Алты-жеті күннің ішінде электролиз процесіне әртүрлі параметрлердің әсерін зерттеп, көптеген зерттеу жұмыстары жүргізілді. Өнімділіктің мардымды өсетіндігін өндіріс қызметкерлері өз көздерімен көріп жүрді.

Алынған мыс ұнтақтарын жан-жақты физика-химиялық сараптаулардан өткіздік. Бұл жерде мыс ұнтақтарының бүкіл қасиетін зерттейтін қондырғылардың барлығы дерлік бар екен. Осы кезде бұрын назар аудармай, байқамай жүрген тағы да жаңа құбылысты байқадық. Электролит құрамында титан иондары болған кезде, өте майда ультрадисперсті мыс ұнтақтары түзіледі екен. Егер өндірісте алынып жатқан мыс ұнтақтарының орташа өлшемі 40-60 микрометр болса, біздің алып жатқан мыс ұнтақтарымыздың орташа өлшемі 0,1-1,0 микрометр болды, тіпті одан да майдалары бар. Егер біздің әдіспен алынған өте майда мыс ұнтақтарын суға салып, бір араластырып алсаңыз, одан кейін бір тәулік, тіпті кейде одан да көп уақытқа дейін мыстың наноразмерлі майда ұнтақтары судың түбіне шөкпей жүзіп жүре беретіндігіне көз жеткіздік. Бірақ олар уақыт өте келе бір-бірімен бірігіп, түйіршіктеліп тұна бастайтындығын да байқадық.

Мыстың өте майда ұнтақтарының түзілуі өндіріс қызметкерлерін қатты қызықтырды. Бізден бұрын бұл заводқа Советтер Одағының қорғаныс министрлігінен, өте майда мыс ұнтақтарын алу туралы бірнеше тапсырыстар түскен екен, бірақ олар мұндай майда металл ұнтақтарын ала алмаймыз деп жауап жазумен құтылыпты. – Міне, енді біздің өте майда металл ұнтақтарын алуға толық мүмкіншілігіміз бар, – деп комбинаттың бас маманы Кремко өз қуанышын білдірді.

Ол кезде өте майда ультрадисперсті, наноразмерлі мыс ұнтақтарының қайда керек екендігін және қай жерде қолданылатындығын біз де оншалықты білмейтінбіз. Он күн шамасында үлкейтілген лабораториялық сынақтарды толық өткізіп болдық. Сынақ нәтижелері, электролитке титан иондарын қосқан кезде мыс ұнтақтарының түзілу өнімділігі орта есеппен 15% артатындығын көрсетті. Бұл нәтижелерімізді Совет Одағындағы жалғыз мыс ұнтағын алатын комбинаттың қызметкерлері өз көзімен көрді және бұл зерттеулерді олармен бірге жүргіздік.

Дүние жүзінде алғаш рет электролиз арқылы ультрадисперсті мыс ұнтағын алудың жаңа тәсілдерінің бірі жасалғанына көзіміз жетті. Бұл ғылыми-зерттеу сынақтың нәтижелерін растайтын құжат (орысша акт) жасалынып, оған қол қойылды және мөр соғылды.

Үлкейтілген лабораториялық сынақтың ойдағыдай өткеніне өте риза болған комбинаттың орталық лабораториясының басшысы Е.Г. Кремко кетуімізден бір күн бұрын бізді ресторанға шақырды. Бірге отырып, ғылым және өндіріс жөнінде ойларымызды бөлістік. Ол – «Мен Қазақстанның металлург ғалымдарының көбісін білемін, ал біразымен тікелей араласқанмын. Сіздерде үлкен ғылыми нәтижелерге жеткен ғалымдар көп, ал олардың ішінде сіздердің ұстаздарыңыз Евней Арс-

танович Букетовтың орны ерекше. Ол, менің ұстазыммен бұрын бірнеше рет кездескен екен. – Профессор Букетов маған көптеген ғылыми ойларын айтып, ал кандидаттық диссертация қорғағанымда көптеген ақылдарын айтып жүрді, сондықтан ол ғалым ағамызды мен де ұстаз тұтамын. Сол ұстаз, ғалым, академик ағамыздың денсаулығы үшін алып қояйық – деп тілегін аяқтады Кремко.

Кім білген, ағамызға денсаулық тілеп отырған сол күні таңертең Евней ұстазымыз о дүниелік болып кеткенін. Біз оны ертеңіне білдік. Жоғарыда айтып кеткем, ол кезде қала аралық телефон байланысы болғанымен, басқа қаламен сөйлесе қою оңай шаруа болмайтын.

Қарағандыға самолетпен ұшу үшін Верхняя Пышма қаласынан Екатеринбург қаласына автобуспен келдік. Самолет кешке ұшу керек еді, ұшар алдында аспирантым Болат – келіншегім үйде бір өзі, менің келетінімді білмесе, шешесінің үйіне кетіп қалуы мүмкін деп, үйіне телефон соғып, бір сағат әуреленіп, әйтеуір келіншегімен сөйлесіп, суық хабарды сол сәтте есіттік.

Алынған ғылыми нәтижелерімізді айтып, ұстазымызды қуантамыз ғой деп жүрген ойымыз су сепкендей басылды. Туған ағамыздан, бауырымыздан айырылғандай, қатты қайғырдық. Екатеринбургтен Қарағандыға ұшып келгенге дейін Болат екеуіміз терең ойға батып, бір-бірімізбен сөйлеспепіз де. Неге екенін қайдам, шамасы бір-бірімізбен бөлісетін сөзді де таппай қалдық-ау деймін. Осылай, ұстазымыздың соңғы ғылыми тапсырмасын абыроймен орындап, ауылымызға қайтып бара жатқан сәтіміз өте көңілсіз болды.

Евней ағамыздың айтқан сөздерін, ақылдарын, қимыл-тірліктерін есіме түсіріп келемін. Сол сәтте ағаның 6-7 жыл бұрын маған әр кезде айтқан сөздері есіме түсіп жатты.

Ғылымда талас болып жүрген, шешімін таппай жүрген бірнеше бағыттағы жұмыстармен шұғылданып, кейбір құбылыстардың механизмін анықтап, термодинамикалық тұрғыдан қарағанда жүруі керек, бірақ та іс жүзінде жүрмей жатқан реакцияларды жүргізгеніме риза болған Евней ағам бірде былай деді:

– Әбдуали, менің саған айтайын деп жүрген бір ойларым бар еді, сен соны тыңда: Әбеке, сенің ғылымға деген икемің өте жоғары екенін байқап жүрмін, сенде ғылымға қажетті еңбекқорлық та, интуиция да бар және сенде ерекше ойлану қабілетің, фантазерлік көзқарас та бар. Көптеген ғылыми жетістіктердің айғағын жазушы ғалым-фантастар 50-100 жыл бұрын айтып және жазып кеткен көрінеді. Фантазер болу да ғылымға өте қажет деп есептеймін. Идеяларың да өте көп және шексіз деуге болады. Сенің бүкіл адамзатты елең еткізетін жаңалық ашатынына күмәнім жоқ. Сол себепті сен, мына нәрселерді жадында сақта, еш уақытта ұмытпа. Керек болса, бұл менің саған берер ақылым, өсиетім, әрі талабым, ал мүмкін болса, кейінгі сенің шәкірттеріңе айтарым – деп біраз ойланып отырды да:

– Біріншіден, әрбір ғалым өзінің алған ғылыми нәтижелерін өте нақты, дәлелді етіп түсіндіре білуі керек, ал егер әр ғалым өз ғылыми тұжырымдамаларын түсінікті етіп, қарапайым сөздермен басқа адамдарға жеткізе алмаса, оның бүкіл еңбегінің құны түк те тұрмайтын болады. Одан басқа нақты және дәлелді түрде сөйлей білуі керек.

Екіншіден, алған ғылыми нәтижелерді өте түсінікті және дәлелді етіп жаза білу. Білемін, алынған мәліметтерді барлық талаптарға сай етіп жазу өте қиын, бірақ бұл жағдайды да игере білу керек. Егер ғалым бұл талапқа сай болмаса, бүкіл жазған ғылыми еңбектерінің құны бір тиын да тұрмайтын болады.

Үшіншіден, ғылыми нәтижелеріңе толық сенгеннен кейін ғана баспаға бер,

ал аздап күмәнің болса, онда асықпа, басқа амалдармен дәлелдеуге тырыс. Толық сенімді болған кезде, асықпай баспаға бер.

Төртіншіден, әр ғалым өзінің идеясына және ғылыми нәтижелеріне басқа біреудің ие болып кетпеуіне үлкен назар аударуы керек. Мұндай жағдай болса – дәлелде, айтыс, керек болса төбелес, барлық амалдарды жаса. Ұлы ғалым және өнертапқыш Менделеев пен Поповтар өз еңбектеріне толық ие бола алмай жүр емес пе! Мысалы, сенің олардан да жоғары дәрежедегі табыстарға жетуіңе толық мүмкіншілігің бар. Сүмелек, ғалымсымақ бейшара адамдар еш нәрседен тайынбайды. Тіпті, егер сенің өз идеяңа ұстазың мен ие болғым келіп жатсам, идеяңды қорғап, маған қарсы шығуың, құдай алдында күнә емес деп есептеймін. Ғылымда, ұстазы мен шәкіртінің идеяға таласы болған жағдайлар да өмірде болған. Идеяны ұрлатып алу және ұрлап алу, ақшаны ұрлатып алу немесе ұрлап алу сияқты қиын емес. Бірақ ақшаның белгілі құны болса, идеяның құны шексіз. Шәкіртім осыған абай бол.

Бесіншіден, саған айтарым ғылыми жұмыстарыңды ғылыми журналдарда жариялағанда, патент алғанда, еңбекке қатысы жоқ, жоғары лауазымды қызметте жүрген немесе бірге жүрген ғалымсымақтарды ешқашан да авторлыққа қоспа. Себебі, кездің кезінде сенің ғылыми жұмыстарыңа, идеяларыңа ие болуға ұмтылатындар солардың ішінен шығады.

Алтыншыдан, шәкірттеріңді жеріне, руына немесе ағайындығына қарап емес, қабілеттілігіне, еңбекқорлығына, таланттылығына қарап бағала және жағдай жаса. Ғылымды талантты адамдар ғана дамыта алады.

– Неге екенін білмеймін, осы ойымды көптен саған айту керек деп жүр едім, осыларды ескерерсің, сен әлі жассың ғой, өмірде жететін ғылыми жетістіктерің әлі алда, – деп әңгімесін аяқтаған.

Тағы да бірде ұстазым былай деді: – Ғылымның барлық саласымен қорықпай шұғылдану керек. Мысалы, Ломоносов пен Менделеевтер ғылымның көптеген салаларына назар аударған. Сол себепті, мен электрохимикпін деп тоқтап қалмай – химиямен, металлургиямен, физикамен, математикамен және де басқа ғылым салаларымен жұмыс істеуге құлшыныс білдіру керек. Сен музыканы жақсы көресің, көптеген музыка аспаптарында ойнайсың, өнердің бұл саласына да ғылыми үлес қосуға тырыс. Ал ғылыми жұмыстарды ғылыми-көпшілікті түрде жазып, халыққа, әсіресе жастарға түсіндіре жазу, әрбір ғалымның алдында тұрған негізгі мақсаттардың бірі болу керек. Жазушылық жанрға да шет қарауға болмайды. Мысалы, халық, оның ішінде жастар, химия ғылымы туралы немесе металлургия, экология саласындағы ғалымдар туралы ешнәрсе білмеуі де мүмкін. Жақсы ғалым өзінің және озық ғалымдардың ғылыми жетістіктерін газетке, журналдарға, тіптен ғылыми-көпшілікті кітап жазып, халыққа жеткізіп отыру керек. Осы мәліметтер арқылы халық – жазушы ғалымды да басқа ғалымдар туралы мәліметтерді жақсы біліп, олардың жетістіктеріне назар аударып, қызыға бастайды. Жастар ғылыммен шұғылдануға ұмтылыс жасай бастайды.

Ойланып отырды да, сөзін ары қарай жалғастырды: – Менің негізгі мамандығым металлург, өзің көріп жүрсің, мен өз мамандығымнан басқа химияның – физикалық химия, бейорганикалық және органикалық химия, аналитикалық химия және де басқа салалармен шұғылданып жүрмін. Ал көмірден мұнай алу, бұл тіптен ғылымдағы жаңа салалардың бірі. Ғылымның бір бағытымен шұғылданып жүрген адам, оның басқа саласымен шұғылданғанда, оның басқаша көзқарасы болады, ол өз мамандығы тұрғысынан қарайтын болады, басқа ғалымдардың назар аудармай жүрген қыр-сырын ол

байқап қалады. Мысалы, алдында бір зат тұрса, оның алды жағынан немесе басқа жағынан қарай отырып, оның әртүрлі қыр-сырын толық көре аласың ғой, солай емес пе?

Мен кейінгі кезде әдеби шығармашылыққа да көңіл аударып, осы бағытта да жұмыс істеп жүрмін. Бірақ негізгі мақсатым ғалымдар өмірін, олардың еңбегін зерттеу және олардың жетістіктерін халыққа жеткізу және дұрыстап делелді түрде түсіндіру.

Егер ғалымдардың ғылыми табыстары туралы мәліметтер айтылып тұрмаса, олар туралы ешкім ешнәрсе біле алмайды. Оны тек сол салада жұмыс істеп жүрген ғалымдардың өздері ғана таниды, біледі, еңбегіне және жетістіктеріне қарап сыйлайды, құрметтейді..., ал бұл жеткіліксіз.

Ғалымдар нәзік жанды адамдар, олардың еңбегін халықтың бағалауы, оларға күш-жігер береді. Олар одан үлкен табыстарға ұмтыла бастайды.

Мысалы, назар аударшы, электр тогы болмаса, адамзат қалай өмір сүрер еді? Егер шынымды айтсам, үңгірде өмір сүргендей болар еді. Үйдегі жарық, телевизор, радио, телефон, кондиционер және т.б. – бәрі, бәрі электр тогының арқасында. Тіптен, үйді жылытып тұрған жылу радиаторларға ыстық суды электр насостары арқылы циркуляция жасап отыр емес пе? Осы электр тогын алу, оны қажетті жерге жібере білу жан-жақты ғылыми зерттеулердің негізінде жасалған. Ғалымдардың байқамдылығы, тапқырлығы, зеректілігі – электр тогын алу мүмкіншіліктерін тудырды емес пе?...

XVIII ғасырдың екінші жартысындағы әлемге белгілі ғалымдар Гальвани, Вольта электр тогын алудың алғашқы қадамдарын жасаса, ұлы ғалым Майкл Фарадей электр тогын алатын генератор және электр тогын механикалық энергияға айналдыратын электр қозғауыштарын жасаудың ғылыми негіздерін құрады емес пе?

Ал бүгін өмір сүріп жүрген адамдардың кемінде 90%-дан артығы бұл ғалымдардың осы еңбектерін білмейді де, ал өздері сол ғылыми еңбектің рахатын көріп жүр. Қыстың суық түнгі күндері, үй жап-жарық және жылы, телевизор көрсетіп тұр, телефон, радио жұмыс істеп тұр, жұбайың утыгпен киімдерді үтіктеп жатыр – бұның бәрі табиғат құпияларының сырын зерттеп, біле отырып, ғалымдар ашқан ғылыми жетістіктерінің жемісі.

– Мен айтар едім, – деді ұстазым Евней аға, – Адамзат құдайдан кейін ғалымдарға сиынуы керек. Нағыз ғалым – ол құдайдың халыққа жіберген миссионерлері деп те есептеуге болады. Дәрігерлер де ғылыми жетістіктер негізінде адамдарды емдейді. Емдеу дәрежесінің өсуі ғылымның дамуына тікелей байланысты.

Егер футболистеріміз ұтылса ренжіп, ұтса қуанамыз, сол сәттегі адамның эмоциясынан басқа еш нәрсе өзгермейді де. Оның халықтың өмір сүру дәрежесіне қатысы жоқ. Ал өлеңші көңілді өлең айтқанда, адамдардың көңіл-күйі жақсарады. Бірақ аш адамның қарны тоқ болмайды немесе жаурап, өлейін деп жатқан адам жылынбайды.

Ғалымдардың ғылыми нәтижелерін қолдану – адамзаттың бүкіл өмірінің сапасын өзгертіп, комфорттық жағдайда өмір сүруге жағдай тудырады. Бұл жағдайды бүкіл халық көріп те, сезіп те жүр емес пе?... Бірақ ғалымдарды бағалап жүрген жоқ.

Мен бір нәрсеге таң қаламын, республикалық, әлемдік, тіптен олимпиадалық спорт жарыстарында – жүгіріп, биікке секіріп немесе штанга және де басқа түрлерінен әйтеуір біреуі озып шығады ғой, ал ол адам үлкен марапатқа, даңққа ие болады. Оның аты әлемге жарияланады. Ол дұрыс та шығар, бірақ сол бірінші орын алған адам жарысқа келмей қалса, екінші орын алған адам бірінші орын алар еді. Келмей қалған күшті спортшы келген-

де, мүмкін ол бірінші орын алар ма еді. Айтайын дегенім, шынайына келгенде үлкен марапаттарға ие болғанмен, адамзатқа тигізетін пайдасы, немесе адамзаттың өмір сүру дәрежесін көтерерліктей ешнәрсе жасаған жоқ. Әрине, бұл ойдың әлемнің рекордтарын жасаған спортсмендерге қатысы жоқ. Әлемдік рекорд жасау, ол адамның, барлық адамзаттың мүмкіншілігінің шегін көрсету. Мысалы, ол жер бетіндегі адамның ең күштісі, қаншалық жылдам жүгіре алады, қандай салмақта көтере алады немесе қандай биіктіктен секіре алады... Сол күнге дейін сол спортсмен ең биік көрсеткішке ие, ал бұл адам барлық марапатқа, даңққа ие болуға лайықты. Себебі, спорттың сол түріндегі әлемдегі сол күнгі ең күшті адам, ал ол спортшының орны бір бөлек.

Сөйтіп, ұстазымның соңғы ғылыми тапсырмасын орындап, самолетпен Қарағандыға ұшып келе жатқанда, Евней ағамның осы сөздері бірінші болып менің есіме түсті.

Міне, қазір 2016 жыл, Евней ағамның айтқан бұл ойларына 40 жылдай уақыт өтіпті. Сол ұстазым айтқан сөздерін сүзгіден өткізіп, сол ақыл-ойларына және алдыма қойған талаптарын орындауым жөнінде жауап беретін кез келген сияқты...

Биыл 70 жасқа да толдым, электрохимиялық жолмен металл ұнтақтарын алу бағытындағы ғылыми жұмыстарымды жалғастырып келемін. Ұстазымның барлық айтқандарын орындап келе жатырмын.

А.С. Пушкин өзінің жазған өлеңдері өзіне ұнап, өзі риза болған сәтте, өзіне-өзі: – Жарайсың, Александр Сергеевич... – дейді екен. Ал, мен осындай ғылыми жетістіктерге жеткеніме көзімді жеткізгенде: – Мені жаратқан Аллаға, өмірге әкелген әке-шешеме, тәрбиеленген ұстазым Евней Арстанұлына рахмет! – деген сөздерді іштей өзіме-өзім айтқаным бар.

Автор туралы: қазақ әдебиетінің классигі, академик-жазушы, аса көрнекті ғалым. Лениндік сыйлықтың лауреаты.

About the author: The classic of Kazakh literature, academician, writer, scientist.

Об авторе: Классик казахской литературы, академик, писатель, выдающийся ученый. Лауреат Ленинской премии.



Мұхтар ӘУЕЗОВ

ҚИЛЫ ЗАМАН *(повестен үзінді)*

Аңдатпа: Жазушы бұл шығармасында өз тәуелсіздігіне ұмтылған қазақ халқының қарулы көтерілісі туралы болған шындықты көркем тілмен жеткізеді. Патшалық Ресейдің қазақ дала-сын отарлау саясатын тым зұлматты зобалаңға ұластырғанын, оның арты ұлттың көтерілуіне жалғасқанын және ол көтерілістің қанды қырғынға сабақтасып отырғанын шебер суреттейді. Үзіндіде Патша өкіметінің көтерілісшілерді түрмеге қамап, еш сұрақсыз да жауапсыз қырғынға ұшыратқан оқиғасы кестелі тілмен баяндалады.

Muhtar AUJEZOV
THE HARD TIMES
(Excerpt from a novel)

Summary: The writer in his work with great talent, artistic methods reflected the truth of the armed uprising fought for the independence of the Kazakh people, the dramatic pages of the history of the struggle.

Мұхтар АУЭЗОВ
ЛИХАЯ ГОДИНА
(отрывок из повести)

Аннотация: Писатель в своем произведении с большим талантом, художественными приемами отразил истину о вооруженном восстании боровшегося за независимость казахского народа, драматических страницах истории борьбы.

IX

Көпке берген уәде бойынша сол күні жәрменке ұлықтары Алматыға да, Қарақолға да атаған қағаздарын жазып, телеграмын да беріп еді. Ел кісілері көзбе-көз өз алдарында жазылып, шабаршымен, тығыз почтамен жіберілген қағаздарды көріп, уақытша риза болып тарасть.

Жазылған қағаздың толық сөздерін ел кісілері өзі оқып, анықтап танысқан жоқ. Ел арасында орысша хат білетін қазақтан бір де кісі жоқ болатын. Жазылған сөздердің мәнін көпке Оспан айтып берді. Оған тапсырған, айт деген Ақжелке болатын. Оспан қысқаша мазмұны осы деп:

– Өлген кісінің сүйегін беруді ел сұрайды, елдің бұнысын орындаған мақұл. Әйтпесе, ел наразылығы күшейетін көрінеді. Бүгін жәрменке басына әлденеше мыңдай кісі жиналып келіп, бізден осыны түгел сұрады. Айтқандарын үлкен ұлықтың еске алып, орындауын тілейді. Шарт кылып қояды. Әйтпесе, өкіметке наразылық көрсетуден, үлкенірек те іс істеуден тайынатын сияқты емес. Абақтыға алынған кісілер туралы да босатуды сұрайды. Осы туралы бұйрық істеуді, жол көрсетуді сұраймыз, – деген.

Телеграмның анық толық сөздері осы еді. Бұның ішінен Оспан құрық берерлік, қолайсыз көрінерлік сөздерді шығарып тастап, елмен бірге жәрменке басындағы өкімет қызметкерлері де Жәмеңкенің сүйегін беруді сұрайды деп, қысқаша тойтарып қана аударған.

Осыдан соң төрт күн өткенде Қарақолға Алматының жауап бұйрығы келді. Қарқарадан жіберілген телеграммен бірге сол күндерде, келесі күндерде Алматы ұлықтарына, Қарақол, Қарқара жағынан әлденеше қосымша хабарлар барып жатқан.

Елдің бәрі бірдеңені күтіп жүр. Бір белгілі уақытта соқтығуға қамданып, дайындалып жүрген сияқты. Абақтыдағы кісілерге ғана жалтақтап бөгелгендей, егер олардың отыруы созыла берсе, ия оларға істелді деген

бір жазаны естісе, жалпақ ел тұтас ереуілге шығатын сияқты. Қазіргі қазақ елінің анық жайы осы деп, күн-күн сайын осыған ұқсаған қосымшаларды Қарқара, Қарақол екеуі де дүркін-дүркін жеткізіп жатқан.

Облыстық қаланың ұлығына осындай мағлұматтарды жеткізумен қатар, жергілікті кеңселер соңғы уақыттағы өкімет саясатының анық бетін түсіне алмай, әр алуан жарлық күткендей болатын. Бір есептен жаз ортасынан бергі бетке қарағанда, қырғыз, қазақ сияқты мол жерге ие болып отырған жабайылар көтеріліс, ереуіл жасаймын десе, жасап көрсін. Кішкене еркіндетіп жіберіп, кінәні өз мойнына артатындай ұпай салып алып, өздері істеген істі өздеріне кінә кылып қатты қырғын ашу керек. Бостырып тоздырып, тұқымын құртып жіберіп, олар отырған шұрайлы жердің барлығын қазынаға алу, қалаған кісіні отырту керек. Сондықтан, бұл елдер көтерілісті ойласа, ойласын; істесе, істесін. Бөлінеді, жарылады, өкіметке жауығып қарсылық ойлайды деп сескену, қорғану керек емес. Қайта астыртын шабақтап, сондай қимылға өздерін айдап салу керек. Көпке білдірмей, сездірмей отырып, түртпек салып, шапқа түртіп ашындыру керек те, содан кейін істеген қимылына қарап тұрып бас салу, талқан қылу, орнымен жоқ қылу керек дейтұғын.

Жаз ортасынан бері уездегі ұлықтар мен солардың аудан-ауданға шығаратын приставтары да 25-ші июнь жарлығымен қатар естіген үлкен сарын сол еді.

Басы солай делініп басталған соң, мұндағы ұлықтар сол бетпен екіленіп, жаланып, «шаш ал десе, бас алып», алдияр деп алып-ұшып тұрған. Бірақ бұлар қазақ, қырғыз ішін ойрандап бүлдіріп, жындай құбылған жаманшылықтарды істеп тұрса да, соңғы уақыттарда алғашқы бетпен нұсқаған жаңа, тың бұйрықтар болмады. Алғашқы сөз, әуелгі бет бар ма, жоқ па – оны да анықтап білмейді. Оны айтыспайтын сияқты болып барады. Бұлар

әуелгі белгіленген нысана осы деп, бір жағынан казак, қырғыздың қалың елін әр алуан орынсыз бұйрық өрескел зорлықпен шапқа түртіп ашындырып отырып, қыңқ еткен басшыларын тізіп шұбыртып, абақтыға салып жазалап отырып, сонымен бірге маңайдағы өзімен кездескен, алдарына келген казак-орыс, крестьянға да жаңағы өздері ойлаған ниетті ұғындырып, миландырып тұратын. Сол бетте баулып, аңқау, момын тату елді әдейі орталарына от салып араздастырып, ушықтырып, біріне бірін жау қылып көрсететін болған. Бұл беттегі істері де далаға кеткен жоқ. Ең алдымен казак-орыстар бұл шырғаға оңай келіп, баяғыдан ұлықтың атарманы болып қоқақтап қалған әдетпен казак елін жауша бөріктіріп, үркіте кимыл қылатын болды.

Бұлар казак, қырғызға беттегелі, тап бергелі кескекті аюдай кіжініп, тісін басып дайын отыр. Пісіп толған, дайындалған істің бір тарауы осы түрде. Бұл саналғандардан басқа тағы бір түйін, тағы бір жақсы шиеленіскен тұзақтай болып елдің басшылары түгел қолға түсіп отыр да, арасынан Жәмеңкесі өліп, оның сүйегін бермеу керек деген ақыл табылды. Өкіметке берсе де, бермесе де бәрі-бір болар еді. Бірақ елге бәрібір емес. Оған бермей қойса, шынымен кектендіріп өшіктіреді. Кер бала, аңқау ел соған да шабына от түскендей тулап, тағы да кінәға, айыпқа қарай аяндап, бұрынғының үстіне тағы да белшесінен бата берді. Сол елді қоздыратын, құтыртатын іс болуға жараған сол, Жәмеңкенің сүйегін беру деген әңгіме де жәрмеңке басындағы Ақжелкеден бастап, Қарақолдың ұлығына да, одан әрі Алматыдағы үлкен ұлықтарға да недәуір үлкен, келелі, негізді мәселе сияқты көрінді.

Аяғында Алматы ұлығы бұл мәселені шешті. Шешкенде, бұл күнге шейін соңғы уақыттағы бағыт, саясат туралы толық хабар ала алмай, алғашқы кара дүрсінмен келе жатқан

жергілікті ұлықтарға бет нұсқап, бағыт бергендей болып шешті.

Ол, әуелі, Жәмеңкенің сүйегі берілмесін деген. Екінші, елдің бүліншілігіне бастық болған басшылар абақтыдан босамайды. Олар кепіл есепті. Егер ел осы күндерге шейін бұзықтық, бүліншіліктен тыйылмаса, абақтыдағы кісілері түгелімен ұлы жазаға тартылсын. Бірін қалдырмай жоғалту керек. Қазакқа, қырғызға, ұйғырға да – барлығына да істейтін ісі осы. Егер содан әрі ел көтерілісі болатын болса, оны да аямай, өз қолдарындағы барлық күштерді жұмсап, еріксіз бағындырып, басып мойындатып алындар. Ешкімді де аяу керек емес. Қандай қаттылықтан болса да қорғанбау керек.

Оның үстіне казак, қырғыз казак-орыс сияқты қала, поселке тұрғындарына залалын тигізіп, малын алып, үйлерін өртеп, кісісін өлтіріп тұрғаны бар деп естіледі. Ел-елді аралауға шыққан қызмет адамдарының да өлгені бар. Керек десе, почтаға, әскери обозға да шабуыл жасағандары бар дейді. Бұл – қалың елдің ашық жаулық жолына шыққаны. Ондайға аяныш, рақым, кешірім деген нәрсе болуға жол жоқ. Аянбай, іркілмей отырып тентекті жуасытып, асауды көндіріп, жөнге салу керек. Бұл күнге шейін істелген бассыздықтың кегі күшті болу керек деп, күндерде барлық ұлық арасына жайылған белгілі қатал тапты. Жер-жердің ұлықтарын біржола қайрап нығыздап, екпіндетіп іске кірістіру үшін Петербордан ел қарсылығымен алысуға келген кәрі жандаралдың сол күндерде барлық ұлық арасына жайылған белгілі қатал сөздері тіркелген екен. Осы әмірдің өзі де сол жандарал атынан шығыпты. Мұның облыс әкімдеріне тапсырған бұйрығынан туыпты. Әмірдің әр жерінде жандаралдың тапсыруын, бұйрығын атап-атап келіп ең аяғында: – «патша солдаттарының қаны тамған жерде ешбір бұратана ел тіршілік етпесін» деген кәрлі сөзін құран сөзіндей, туға байланған ұрандай қылып келтіріпті.

Қарақолұлығы бұйрықты алысымен-ақ ояз, прокурор бастаған әскери кеңес жасап, ортасына абақты ұлықтарын, қарулы-солдаттардың бастықтарын алып отырып, абақтыдағылар жайында көп жасырын сөздер сөйлесті.

Байлаған сөздерін кешіктірместен орындатпақшы болды.

Бүгін таңертеңнен бері қазақ камерасындағы тұтқындар іштен де, сырттан да ешбір хабар ала алған жоқ. Жалғыз-ақ әкеп берген тамақты ғана алды. Ешқайсысын тысқа шығарып бөгде кісімен тілдестірген жоқ. Күн бойы абақты маңына қазақ, қырғыздан ешкімді жолатпай, зекіп қорқытып қуып жіберіп тұр. Тегінде соңғы уақыттарда қалаға босып келгендер көбейгеннен бері қарай қазақ, қырғыздың бос дала адамы көшеде емін-еркін жүре алмайтын да болған. Жақында қырғыздың жаулығын көріп, не өздері жаралы болып, не туған-туысқандарынан айрылып келгендер болса, көшеде қазақтың, қырғыздың түсін көргенде ақырып боқтап, жабылып қуып сабап, кейбіреулерді тобының ортасына әкеліп кергілеп өлтіріп те тұрғандары болған. Сондықтан Ұзақтарды күтетін жігіттер жаннан кешіп қана еңбек кылып жүр еді.

Бүгінгі абақты ажары күндегіден де қатайыңқырап, бұзылыңқырап тұрған соң Ұзақ, Әубәкірлер абақтының өз ішінен бірдеме сыбыс естімес пе екеміз деп байқап еді. Ол талаптарынан да ешнәрсе шықпады. Камераларынан шығармай, өзге тұтқындармен аралас-тырмады.

– Бүгін осы абақтының сұрқы жаман, қалай болайын деп тұр бұл?! – деп көптің іштей жүдеген күдігін Кәрібоз қария сыртқа шығарды. Әлденеден таңертеңнен бері бұның бойы ауырлап, жер тартып тұрғандай. Сонымен бірге көңіліндегі талайғы салмағынан жеңілейіп, сергігендей бір ерекше лепілдеген елгезектік белгісі де байқалған сияқты.

Сыртқы қабына ішінің кеңдігі симағандай.

– Сұрқы бұзылып тұр. Бірақ не шара?! Не қылмақ керек, – деп, Нүке өзге жолдастарына қарады.

Жұрттың бәрінің жүзінде қатты күшейген қауіп күдік белгісімен бірге «не боламыз, не күйге ұшыраймыз, бұның арты қайда апарып соғады?» дегендей жұмбақты сұраулар білінуші еді.

Тұншықтырғандай белгісіздік Ұзақтың шыдамын тауысқандай, буындырғандай әсер етті. Сондықтан ол есік тесігінен қарап тұрған солдатқа:

– Ей, бізді неге бүгін шығармай қойдың? Сырттан келетін кісімізге неге жолықтырмайсың? – дегенде, екі көз аз сықсынып, кішірейіңкіреп тұрды да, есіктің ар жағынан:

– Сағат алтыда манифест болады, – деп сырғып тайып кетті. Сықсығаны күлгені ме, болмаса «осыным шын» деп ымдағаны ма, отырған жұрт ұға алмай қалды.

Бірақ көздің жөні бір басқа, бәрінен де айтылған сөз құбыжықтай, ажалдай дүрк шошытты. Әубәкірдің денесі ұйып, талықсып кеткендей болды. Өні де қуарып, қатты сескеніп, үркіп кеткеннің белгісін көрсетіп тұр еді.

– Бұның айтқаны бір сұмдық қой. Енді «қош» дегеннен басқа не қалды? Қария, иман айта бер! – деп, Кәрібозға қарап шалқайып барып қабырғаға сүйене кетті.

Осының артынан Кәрібоз әрбір қауіп үстінде істейтін әдеті бойынша сүре «ясинды» оқи бастады. Даусы күбір-күбір етіп, бір үзіліп, бір естіледі. Жыртылып шыққандай тамағы кебірсіген сияқты. Ешкімнен ешбір ауыз сөз шыққан жоқ. Барлық жұрт жым-жырт, сілейіп қатқандай. Дене тіршілігінен айрылып, құр ғана болымсыз сұлдер қалғандай. Әубәкір алғашқы қабырғаға сүйеніп қалған калпында әлі де тастай қатып қалшыып қалды. Өне бойы өзінікі емес, бөтен бір бұйым сияқты сезіліп, өзі қайсы, дүние қайсы екенін айыра алмай, түгел араласып, ұласып кеткендей, бір шатасқандық, күнгірттік байқалады.

Өзгенің бәрінен бұның үркуі күштірек, ерекше сияқты. Қалған жұрт соны байқағандай болып, Әубәкірдің алдын ала ұсынғанын жаман ырым сияқты көрісті. Бұл жай біріне бірі сөйлеген сөзбен, тілмен білінген жоқ. Бір-бір ғана қарасқан көзден, тынышсызданған қабақтан ұғылғандай еді. Қазіргі үлкен қауіпті күту үстіндегі жым-жырттық бұл адамдарды ерекше сезімді қылып, елбіретіп, жеңілейтіп тұрғандай. Дененің бір ғана қозғалысы, беттің бір ажымының болымсыз ғана бір жыбыры болса соған шейін отырған жұрттың бәріне бірдей түп-түгел танылып, оқылып қойғандай болады. Келешек белгісіздік сағатты ыстық қанды денемен, барлық сезімді жүйрік жанмен түгел ұсынып құлап күткендіктен, мына жым-жырттықтың ішінде бұл адамдардың тілдері сөйлеспесе де, бірімен бірінің жаны ым қағып, белгі берісіп, жай-күйді танысып тұрған сияқты.

Сондай маңайдағы болып жатқандарды бұлжытпайтын қырағылық ерекше көпшіл сезімділік Әубәкірдің қазіргі жайын бұларға әдемі танытқан. Бірақ қазіргі сағатта оған бұлар берер кайрат жоқ. Үйретер ақыл да жоқ.

Соны көппен бірге сезіп отырған Нүке Әубәкірді не де болса, қазіргі халінен түртіп шығарып жібермек болып:

– Балдызыма еркелейінші, – деп келіп, Әубәкірдің тізесіне басын салып жантая кетті.

Бұл қозғалыс ойлағанындай әсер етті. Әубәкір қорқыныш түспен араласқан ұйқыдан ояңғандай, жымып есін жиды да, шынымен еркелеткендей болып жездесінің бетін сипады. Бой жылынып, жаңадан жан жүгіргендей болды. Ерекше сезімділікпен емеуріннің, жұмбақтың сағаты бұларды баладай ағартып, аңқауландырып тұр. Бәріне де тазалық қанатын бітіргендей. Сондықтан мына екеуінің істеген балаша мінездері ешкімге жат та, өрескел де көрінген жоқ. Дәл қазіргі халдеріне сол қажет, сол тәтті де сияқтанды.

Осымен бір жарты сағаттай уақыт өткенде, есіктің сыртында сарт-сұрт дыбыстар шықты. Асығып, ерсілі-қарсылы қақтыққан көп кісінің дабыр-дұбыр жүрісі естілді. Камера іші толған жұрт түгелімен селк етіп шошынып, есікке жалт-жалт қарады. Сол-ақ екен, келесі секундте барлық абақты іші дозақ үніндей жат суық үн шығарып, көп мылтық даусы күрс-күрс, батыр-пұтыр естіліп қалды. Камера іші дәрімен ажал иісіне толып бара жатты. Көрші камералардан кірген, алас ұрған, абақтыны басына көшірген неше алуан жалынышты да, кекті де, дертті, жаралы да айғайлар, шулар естілді.

Қазақ камерасында нар үстінде отырған жұрт басында біріне бірі ұмтылып, бір араға үйіліп, біріне бірі сүрініп жығылып, аяғында жан-жаққа тарай бастап еді.

Алыстан жалынған, өкірген, сиынғандардың дыбысы келеді. Оқ тиген, өлімге қарай бас игендердің ақырғы ыңырануы, қарғысы естіледі.

Осы уақытқа шейін қазақ камерасы аман сияқты еді. Бір мезгілде бағанағы қараған көз қайта айналып бір сығалап қалды да, қасындағыларға ақырып әмір етті. Сонымен бірге есіктің тесігінен үш-төрт бесатардың ажал иісті көк мойындары камера ішіне жылмаң-жылмаң кіріп алды. Кіре сала үзілмей тасырлаған дауыстарымен бірге жарқ-жүрқ еткен көкшіл қызыл оттарын шашып, бұрк-бұрк түтіндерін шығарып, оңды-солды қайшыланып нар үстіне оқ жаудыра бастады.

– Алла, Алла!

– Аруақ, иә, аруақ!

– Қош, қош!..

– Иә, Райымбек ата... сақтай көр, иә, Құдай! – деген неше алуан үркінішті, жалынышты, шошынған айғайлар қазақ камерасын да басына көтеріп, мылтық тілімен бірге әлсіз үндерін үзбей жатты. Алғашқы оқтармен бірге ұшып-ұшып бүктетіліп-бүктетіліп түскен денелер де бар еді. Олардың бәрінің де үні бір-ақ өшкендей. Жалғыз-ақ бір-екеуінің ғана даусы:

– Уу-h... уу-h... жа... не... м. Жа... не... м... Алла... Алла! – деп үздігіп қана естіледі. Кейбір оқ тиген денелер жатқан жерінде ыршып-ыршып түсіп, бір сіресіп, бір жиырылады. Оңды-солды аунап бүктеліп шиыршық атып жатқаны да бар. Нар үсті жосып, сырылдап аққан қан болып кетті. Кейбіреуінің кеудесінен, маңдайынан ытқыған ыстық қандар айналасының бәрін бояп, шапшып жығылып жатыр, мылтық тоқтамай; толас қылмай күрсілдеп, дозақ күнін тудырып тұр. Бірақ камера іші тұтасқан көк түтін болып кетті де, енді тар тесікке қадалып тұрған көздер камера ішіндегі адамдардың өлгені мен тірісін анықтап көре алмайтын, түгендей алмайтын болды.

Бұл уақытқа шейін өлген кісі нар үстінде жатып қалған жеті-сегіз. Қалғаны жаралысы бар, аманы бар алғашқы атылған мылтық даусымен бірге еденге домалап жығылып түсіп, содан нар астына қашып, қашып кіріп кетіп еді. Бұдан қалған үшеу-төртеуі есіктен қиысырақ тұрған пештің жанына келіп тығылған. Бұл арада тұрған Сыбанкүл, Әубәкір, Ұзақ. Әубәкір мен Ұзақтың бойынан қан саулап тұр. Өне бойлары ып-ыстық болып, әлдеқандай қызумен қайнағандай.

Мылтық барлық абақты ішінде әлі де үзілмей батырлап тұр. Тесіктегі көк темірлер біріне бірі соқтығып, тар тесікте қысылып оңды-солды айқасады. Жоғары да, төмен де үңіледі. Әрбір қозғалысымен бірге қызыл от жарқ-жүрқ етіп, жай отындай жаланып, буын-буын түтін де бұрқ-бұрқ шығады.

Әрбір жат дыбыспен бірге, әзірше шыбын жаны шықпаған тұтқындардың қорқынышқа толған кеудесінен:

– Иә, Құдай, иә, аруақ!

– Ақсарбас, ақсарбас!

– Шынымен біткеніміз бе?

– Қырылғанымыз ба?! Алла, Алла! – деп, жасқанып, шошынып тұрып, үзіп-үзіп айтқан жалыныш, өкініш арман тілі шығады.

Осымен бес минуттай уақыт өткенде абақтының түкпір жағындағы

мылтық дауыстары шұғылынан тоқтай қалып, сол жақтан коридорға қарай ақтарыла, шулай жүгірген қалың айғай шу естілді. Бұл жақта көп қырғызды қамаған үлкен камера бар еді. Дыбыс солардың жатағы жақтан шықты.

– Босандық, босандық! Қыр, жой!

– Жастығыңды ала жат!

– Атаң көрі!...

– Кет, көзіңді жоғалт...

– Қыр, жой! Ия, аруақ! Ия, бабам! – деген қалың айғай, дырду естілді... мылтықтар тоқтап басылып қалды. Суық қару құрғана қашқан қолда сатырлап, босып бара жатқан сияктанды. Бұл кезге шейін қазақ камерасына қадалған үш мылтық әлі де ажал белгісіндей болып, сұғын қадаудан тоқтаған жоқ еді.

Сырттағы дауыс пеш жанында тұрғандарға алдымен естіліп, тезінен қайрат беріп, ақырғы дәрменін қарсылыққа, алысуға қарай айдағандай болды.

– Өлсек, қарсыласып өлейік, аяна-тын не қалды енді, ұмтыл! Ұста ана мылтықты, – деп, Ұзақ айғай салып жіберіп, есікке қарай тап берді.

Бұнымен бірге Әубәкір, Сыбанкүл да:

– Бәсе, енді не қалды? Ия, аруақ!.. Ия, Құдай! – деп келіп, есіктен сығалап тұрған мылтықтарды қабырға жақтан жағалап келіп төмен қарай жұлқып-жұлқып кеп тартып қалды. Сол арада коридор бойынан жосып қашқан көп солдаттармен бірге бұл камераның алдында тұрғандар да мылтықтарын тастай-тастай қаша жөнелді.

Осы кезде нар астында қалған бірен-сарандар да сүйретіліп шығып алдыңғыларға қосылып қалып еді.

Солдаттан камера маңы айыққан сияқты болды. Коридор бойында жөнкіліп шулап, тарс-тұрс жүгіріп келе жатқан тұтқындар болатын.

Осы жайды шала-пұла түсінумен бірге камераның ішінде қыбырлауға шамасы келген жандардың барлығы да енді есікті бұзып, шыбын жанын қасап үйінен сүйретіп шығуға кірісті.

– Бұз есікті!

– Қират мынаны, суыр ана нардың тақтайын! – деп, біреуге біреу әмір етіп, қолына түскен нәрсемен тақтайлы есікті тарс-тұрс ұра бастады.

Нардың үлкен тақтайын өзгеден бұрын Әубәкір суырып алып еді. Бұның қазір де арқасы оттай жанып, ысып жүрсе де, бойын жеңіп құлатып әкетіп бара жатқан ауыртпалық жоқ. Дерт білінбейтін сияқты. Сондықтан барлық дәрменмен үлкен тақтайды құлаштап көтеріп әкеле жатып:

– Үштің бірі тіл дегенің қайда?! Он сегіз кісіден бірді шығармаймысың, а, Құдай! – деп, әлі күнге міз бақпай тұрған тастай суық Құдайына шынымен өртеніп, наразыланғандай болып, ақырып келіп: – Ия, Райымбек ата! Ия аруак! – деп, есікті қалың жалпақ тақтаймен түймештеп қойып-қойып жіберді.

Әрі жас, әрі қарулы, денелі Әубәкір өзіне оқ тисе де қайратынан айрылмағандай қажырлы сенімді сияқты еді. Бағанадан бұның бойын ұйытып, жеңіп, басып тұрған жайын қорқыныш, енді қайнаған ашу мен ызаның астына түсіп жоғалып кеткен сияқты. Сау денені тесіп кірген оқ, сол дененің шығарған ыстық қанымен бірге, ең алдымен бұндағы адамдардың ішіндегі қорқыныш үркектікті де ала шыққан сияқты.

Әубәкірмен бірге Сыбанқұл, Ұзақ та есікті бір-бір тақтаймен тарс-тұрс ұрды. Топса шикылдап, шегесінен шығып, қобырап кетіп бара жатты. Кішкене қаланың жөндекілеу болып салынған абақтысында соншалық сенімді мықтылық, үлкен беріктік жоқ еді.

Әйтеуір өлетін болған соң қарсыласып, алысып өлу керек. Сонда ғана шейіт боласың деп ертеден көп айтысып, нық сеніскен көңілмен камера ішіндегі шамасы бардың барлығы тұтқын есігіне барлық күштерін салып еді.

Аяғында Әубәкір бес-алты салып қалып, енді тағы да алғашқыдай екпінмен екіленіп келіп тағы бір-екі

рет үсті-үстіне түйіп-түйіп жібергенде, қара есік шалқасынан қисая барып құлай кетті. Денесін сүйреуге шамасы бардың барлығы да:

– Ия, ақ сарбас, ия, Тәңірі, бере көр! – деп, шу-шу етіп алдыңғы босап шыққандардың арты коридордан арылғанша, бұлар да жосылып сатырлап қашып жөнелді.

Бірақ абақтының өз ішінде солдат болмаса да, тыстағы үлкен қорған ішінде әдеттегі күзетте жүрген қарулылар әлі де бар еді. Абақтының өз ішіне кіріп, камераларды атқылаған солдаттар алғашқы қырғыз тобы есікті бұзып шығып, қалың селдей болып өздеріне қарай қаптағанда есі шығып босып жөнелген. Арасында қару-жарағынан айрылып қалғаны да бар еді. Өздері қырып, қан жоса қылып, өлтіріп тұрса да, сол өлімге айдап тұрған топтар бетібасы қан болып, ажал таңбасын басып алған пішіндерімен өздеріне қарай дүрк жүгіргенде солдат атаулы көр ішінен қопарылып көтеріліп келе жатқан кекті, жайын жүзді суық қайратты көргендей болып, қарсы қарап тұруға шыдай алмай ығып жөнелген.

Солардың алды босып қашқан тұтқындармен бірге шығып есін жиып алып, қайтадан қаруланып та қалып еді.

Сондай-сондайлардан құралған он шақты мылтық абақты үйінің ар жағына қарай шашырап шығып, дуалдан секіріп шығамын деп, тым-тырақай қашып, қарбаласып жатқан тұтқындардың бірталайын әлі де атып жығып, қанына шомылдырып жатқан. Қазақ камерасынан шыққан қашқындар дәл осы кезге келіп ілінді.

Бұл уақытта күн кешкіріп, қала ішіне ымырт қараңғысы кіруге айналған еді. Егер қазіргі тосқауылдан аман-есен шығатындары болса, бірдеме қылып жалтарып, қашып көруге сол бір сүйеніш сияқты болатын. Әубәкір өзі қашумен бірге Ұзақты да қолынан ұстап сүйрей жүгіріп келе жатқан. Бұлар шыққан мезгілде дәл абақты есігінің алдында тұрған солдат жоқ екен. Сол жақта дуалдың ең жақын жерінен жаңа

ғана секіріп кеткен бір ұйғырды көздері шалып қалды да, соған қарай жүгірісті. Сыбанқұл Әубәкір мен Ұзақтың артында еді. Жүгіріп дуалға жете бере Ұзақты қолтығынан, аяғынан көтеріп, дуалдан асырып тастаған Әубәкір енді өзі секіруге айналғанда, арт жағынан бұларға қарай кезелгендей болып тарс берген мылтық даусын естіді. Сол кезде жан ұшырғандай болып, Әубәкір дуалдың үстіне шыға бере, ар жағына құлай-құлай домалап түсті. Жалғыз-ақ дуалдан аса бергенде, артындағы Сыбанқұлдың:

– А-һ-һ... қалдым... мен... қош!.. – деген сөздерін ғана естіді. Оған оқ тиіп, шалқасынан серең-серең етіп барып, аяғында жиырылып, бүктетіліп құлап қалды.

Дуалдан түсісімен Әубәкір Ұзақты қайта ұстап көтеруге айналып еді, оның қозғаларлық жайы болмай қалған екен. Аяғын баса алмады. Алдында бойынан ағып жүрген қанның өзі де бұған меңдеп, дене тауып тиген оқтың барлығын білдіріп жүр еді. Бұл уақытқа шейін ерекше шыдамдылық қылып тістенген тарамыс қайратпен ғана зорға сүйретіліп келген екен. Оның үстіне дуалдан құлап түскен уақытта қартаң дене оқыс жығылып мертігіп, әлсіреп қалыпты. Қазірде өлімге бой ұрғаны ма, жоқ, талғаны ма, әйтеуір, өңі көгеріп, тіршілік ажары кетіп, бойы суынып кетіп бара жатты. Жүруге біржолата жарамайтын сияктанды.

Сол күйде Әубәкір арқалап, сүйретіп әкетпекші болып еді, өзінің де жайы кетіп, басы айналып, ішіндегі дерт теңселтіп жығып бара жатқанын байқады. Ұзақпен бірге сұлдері құрып, жығыла кетті.

Басында қалған ақырғы сезім Ұзаққа жолдасының жайын ұқтырғандай болды. Ол:

– Уһ... біткенім осы ғой... бар енді... қош... Албан баласына, тірі қалсаң, сәлем айт... арман жоқ... ел үшін... – деді де көзін жұмып қайта талып кетіп бара жатты.

Сол уақытта сатырлаған мылтық дауысы жақын жерден тағы естіле бастады. Енді көшеге шығып атқылауға айналған екен.

Кідіруге орын қалмады. Әубәкір: – Қош! Қайран Ұзақ... жамандығым болса, кеш, жарқыным! – деді де, Ұзақтың бетіне қарап сырғып жөнеле берді. Ақырғы рет Ұзақтың кірпігі қозғалып, ымменен иек қағып, қоштасқандай болды.

Әубәкір жақын жердегі дуалдан дуалға секіріп отырып, алдында өзінен бұрын қашып шыққан екі ұйғыр, бір қырғызға қосылып төртеу болып алып, бір қорадан бір қораға түсіп, абақты маңынан ұзап кетіп бара жатты.

Бұлар сол түні бір иесіз үйді тауып алып, аз ғана бекініп отырып есін жиып алып, ел әбден жатқан соң қаланың адамдарынан ұрланып, жасырынып жүріп отырып, қашып берді.

Көшеде келе жатқандарында үрген ит естерін шығарып, састырып еді. Бірақ ит дауысына шыққан қуғыншылар болған жоқ. Иттен соңғы бөгет қаланың көше-көшесіне көлденеңдетіп тартып тастаған неше қатар арбалар, қала сыртында айқыш-ұйқыш қып қазған орлар болды.

Осыған қарап қашқындар бүгінгі оқиғаның ішкі жайын толық түсінді. Бұл қала маңайдағы елдің шабуылын, жаулығын күтеді. Сондықтан мынандай бас қорғайтын қамдар істеп, қаласын буып-түйіп дайындап отыр. Абақты ішіндегілерге істеген қатты жаза да содан.

– Әттең, сол күткен жауы неге келмеді? Неге кекке кек, қанға қан ағызбады? Не маңғаз, не қасқа жайсаң жусады ғой мынау ұлық, мынау дұшпанның сұмдығынан. Әттең! Әттең! – деген арман шықты. Жау қолынан құтылып далаға шыққан соң қырғыз, қазақ, ұйғыр демей төрт қашқын далада отырып, бірге туған бауырын жоқтаған туысқандардай болып, осындай жалынды армандарын айтып отырып, ботадай боздасты.

Об авторе: Дилан Боб (Dylan, Bob) (наст. имя и фамилия Роберт Аллен Циммерман) (р. 1941), американский певец, композитор и поэт-песенник. Обладатель нескольких премий «Грэмми». Лауреат Нобелевской премии 2016 года.

About the author: Bob Dylan (Dylan, Bob) (pres. Full name Robert Allen Zimmerman) (b. 1941) is an American singer, songwriter and lyricist. Winner of several awards «Grammy.» Winner of the 2016 Nobel Prize

Автор туралы: Дилан Боб (Dylan, Bob) (шын аты-жөні Роберт Аллен Циммерман) (1941 ж.т.), америкалық әнші, сазгер әрі ән мәтіндерін жазатын ақын. Бірнеше «Грэмми» сыйлығының иегері. 2016 жылғы Нобель сыйлығының лауреаты.



Боб ДИЛАН

ЛИШЬ ВЕТЕР УНОСИТ ОТВЕТ

Аннотация: В краткой статье рассказывается о жизни творческой деятельности лауреата Нобелевской премии 2016 года, американского поэта-песенника Боба Дилана. В конце статьи прилагается текст популярной песни композитора-поэта.

Bob DILAN
BLOWIN' IN THE WIND

Summary: A brief article about the life of creative activity in 2016 laureate of the Nobel Prize, the American singer-songwriter Bob Dylan. At the end of the article is attached the text of a popular song of the poet-composer.

Боб ДИЛАН
ЖЕЛ ҒАНА ЖАУАБЫН ӘКЕТЕР

Аңдатпа: Шағын мақалада 2016 жылғы Нобель сыйлығының лауреаты, сазгер, ән мәтіндерін жазатын америкалық ақын Боб Диланның өмірі мен шығармашылық қызметі туралы сөз болады. Мақала соңында сазгер-ақынның көпшілікке кеңінен танымал әнінің мәтіні берілген.

Боб Дилан раздвинул границы рок-музыки, воспользовавшись ее формой как актуальным средством выражения чувств и переживаний молодого человека своего времени, по-настоящему обеспокоенного как личными, так и общечеловеческими проблемами.

Родился и вырос в шахтерском районе – в г. Дулут (шт. Миннесота) 24 мая 1941. Поступив в Миннесотский университет, увлекся фолк-музыкой Вуди Гатри и придумал себе псевдоним в честь любимого английского поэта Дилана Томаса. В конце 1950-х переехал в Нью-Йорк, где его случайно услышал менеджер студии «Коламбия» и предложил записать пластинку. Три альбома Боб Дилан (Bob Dylan, 1962), Вольный Боб Дилан (Freewheelin' Bob Dylan, 1963) и Времена меняются (The Times They Are A-Changin', 1964) мгновенно стали бестселлерами. Дебютный альбом включал лишь две песни собственного сочинения. Альбом состоял из блюзов и традиционных баллад, среди которых была и баллада «Дом Восходящего Солнца» (House Of The Rising Sun).

Одновременно Дилан начал выступать в молодежных клубах Нью-Йорка и на гребне бума фолк-рока завоевал популярность у студенческой аудитории. Ряд его песен стал визитной карточкой фолк-рок-групп, например, «Ответ знает ветер» (Blowin' in the Wind) для трио «Питер, Пол энд Мэри» / Peter, Paul and Mary, и Мистер тамбуринщик (Mr. Tambourine Man) для группы «Бердз». В середине 1960-х эксперименты Дилана в области соединения фолк- и рок-традиций оказывают большое влияние на современников. Крупнейшие хиты этого периода – Как катящийся камень (Like a Rolling Stone), Словно женщина (Just Like a Woman).

В 1966 попал в серьезную автокатастрофу, после чего полтора года не появлялся перед публикой. Конец 1960-х ознаменовался новыми эксперимента-

ми: на этот раз Дилан соединяет кантри и рок-н-ролл в альбомах Джон Уэсли Хардинг (John Wesley Harding, 1967) и Нашвиллский горизонт (Nashville Skyline, 1969). Последний альбом записывался в Нэшвилле, столице кантри-энд-вестерн. Первую песню он исполнил дуэтом с Джонни Кэшем. Песни этого диска лиричны и весьма лаконичны по форме, что так отличает их от длинных композиций середины 1960-х. Дилан даже изменил тембр своего голоса, сделав его более мягким и глубоким, практически неузнаваемым по сравнению с «носовым» и «дребезжащим» голосом середины 1960-х. Диск, как и предыдущий, был с восторгом принят публикой.

Критики упрекали певца в отходе от отчетливо выраженной социальной проблематики, характерной для его раннего творчества, он же ссылаясь на эволюцию своих пристрастий. Неодобрение части старых поклонников, особенно радикально настроенной молодежи, закрепившей за Диланом ярлык певца протеста, вызвало также обращение Дилана к электрическому звуку (начиная с альбома Возвращая все обратно / Bringing It All Back Home, 1965). Тем не менее, это позволило ему многократно увеличить свою аудиторию.

Двойной альбом Автопортрет (Selfportrait, 1970) был выдержан в том же кантри-балладном ключе. Он только наполовину состоял из песен Дилана, и в целом был не очень выразительной работой. В манере исполнения некоторых песен ощущалось влияние Элвиса Пресли. Следующий альбом Новое утро (New Morning, 1970) оказался впечатляюще сильной работой, – это один из самых удачных его дисков. Он проявил себя как очень разноплановый композитор. Дилан снова изменил звучание своего голоса – он стал еще более хриплым.

Отход от злобы дня не помешал ему принять участие в знаменитом концер-

те в пользу голодающих Бангладеша, организованном Джорджем Харрисоном в 1971 году, и в ряде аналогичных акций в середине 1970-х. В успешном гастрольном турне по США в 1974 Дилан выступал вместе с рок-группой «Бэнд» («The Band»). По итогам турне был выпущен альбом «Перед потопом» (Before the Flood), за которым последовал двойной альбом «Подвальные записи» (Basement Tapes), включавший материал восьмилетней давности. В это же время Дилан увлекся кинематографом: в 1973 дебютировал как актер в вестерне «Пэт Гаррет и Малыш-Билли» у режиссера Сэма Пекинпа. Выпустил пластинку с музыкой к этой картине, в которую вошла знаменитая песня «Стучась в дверь Небес» (Knockin' On Heaven's Door). Затем сам занялся кинорежиссурой, но без особого успеха.

В альбомах конца 1970-х проявилось очередное увлечение музыканта: рэгги и латиноамериканские ритмы. В 1978 Дилан заявил о своей приверженности христианской вере. Записал две пластинки религиозного характера – «Медленный поезд приближается» (Slow Train Coming, 1979) и «Спасенные» (Saved, 1980), ставшие результатом яркого христианского прозрения.

Многие песни этих альбомов сделаны в традиции госпел, духовных песнопений черного городского населения США. За песню «Ты должен служить кому-нибудь» (You Gotta Serve Somebody) из альбома 1979 года Дилан получил награду Грэмми. Но и это обращение к христианской вере оказалось недолговечным: в 1983-ом певец объявил о возвращении в лоно иудаизма.

В середине 1980-х принял участие в нескольких крупных благотворительных рок-акциях: «Мы – мир» (We are the World) и «Живая помощь» (Live Aid) в пользу голодающих Африки. В эти годы много гастролировал по миру и по США, всякий раз меняя партнеров: в 1986 выступал с рок-группой «Томм Петти энд Хартбрейкеры» (Tom Petty and the Heartbreakers), в 1987 – с «Грейтфул Дэд» (Grateful Dead). С Дэйвом Стюартом/Dave Stuart из «Юритмикс»/Eurhythmics записал альбом «В полной отключке» (Knocked Out Loaded или другая версия перевода: «Совершенно пьяный», 1986). В 1988 вошел в супер-группу «Трэвеллин Уилбуриз»/Traveling Wilburs, в составе которой были такие известные музыканты, как Рой Орбисон, Джордж Харрисон, Джефф Линн из «ЭЛО» и Том Петти.



Blowin' in the Wind

How many roads must a man walk down
Before you can call him a man?

Yes, 'n' how many seas must a white
dove sail

Before she sleeps in the sand?

Yes, 'n' how many times must the cannon
balls fly

Before they're forever banned?

The answer, my friend, is blowin' in the
wind,

The answer is blowin' in the wind.

How many years can a mountain exist
Before it's washed to the sea?

Yes, 'n' how many years can some people
exist

Before they're allowed to be free?

Yes, 'n' how many times can a man turn
his head,

Pretending he just doesn't see?

The answer, my friend, is blowin' in the
wind,

The answer is blowin' in the wind.

How many times must a man look up
Before he can see the sky?

Yes, 'n' how many ears must one man
have

Before he can hear people cry?

Yes, 'n' how many deaths will it take till
he knows

That too many people have died?

The answer, my friend, is blowin' in the
wind,

The answer is blowin' in the wind.

Лишь ветер уносит ответ

Перевод Владимира Бойко

Сколько дорог человек пройдет,

Пока не останется след?

Ну а сколько морей под крылом

мелькнет,

Пока земли рядом нет?

Ну а сколько снарядов еще пролетит,

Пока им не выйдет запрет?

И ветер, мой свет, уносит ответ,

Лишь ветер уносит ответ.

Сколько веков будут горы стоять,

Пока их не смоем волна?

Ну а сколько веков могут люди

страдать,

Чтоб воля была им дана?

Ну а сколько еще будем прятать глаза,

Будто наша вина не видна?

И ветер, мой свет, уносит ответ,

Лишь ветер уносит ответ.

Сколько еще надо ввысь глядеть,

Чтоб небо увидеть вдруг?

Ну а сколько ушей одному иметь,

Чтоб слышать, как плачут вокруг?

Ну а сколько смертей надо,

чтобы понять,

Как жизнь ускользает из рук?

И ветер, мой свет, уносит ответ,

Лишь ветер уносит ответ.

Автор туралы: Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері. Қазақстандағы «Манас» эпосын орындаушылардың бірегейі. КСРО Жазушылар одағының мүшесі (1988), Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі (1991).

About the author: Honored Worker of Kazakhstan. The storyteller of the epic Manas. Member of the Union of Soviet Writers (1988), a member of the Writers' Union of Kazakhstan (1991), director and artistic director of «Studio Paң Nұрмағамбет».

Об авторе: Заслуженный деятель Казахстана. Сказитель эпоса о Манасе. Член Союза писателей СССР (1988), член Союза писателей Казахстана (1991), директор и художественный руководитель ТОО «Киностудия ПаңНұрмағамбет».



Баянғали ӘЛІМЖАНОВ

ТІЛІМ БАРДА, КҮНІМ ДЕ БАР, АЙЫМ БАР

Аңдатпа: Ақын жырлары Отанға, Қазақстан табиғаты мен халқына арналған. Өлең жолдары ойлы да сыршыл сезімге толы.

Bajangali ALIMZHANOV

WHEN IS MY TONGUE, IS THE SUN AND THE MOON

Summary: Poetic lines are devoted to the motherland, nature and people of Kazakhstan. The poet is able to convey the expression of feelings and moods.

Баянғали АЛИМЖАНОВ

КОГДА ЕСТЬ У МЕНЯ ЯЗЫК, ТО ЕСТЬ И СОЛНЦЕ, И ЛУНА

Аннотация: Поэтические строки посвящены Родине, природе и людям Казахстана. Поэт умеет передать экспрессию чувств и настроений.

Тілім барда, күнім де бар, айым бар,
Тілім барда иманым бар, ойым бар.
Төрт құбылам түгел менің тіл барда,
Түн ұйқымды төрт бөлмейді уайымдар.
Тіл білмейтін, тіл алмайтын тентектер
Тілімізге тиіскенді қойыңдар!

Шаршадым деме,
Шаршауға сенің хақың жоқ.
Шырылдап жүрсен шынымен егер халқым
деп,
Азамат аз ғой алаңдауы көп Алашта
Болғанмен мұнай, көмір мен темір, алтын көп.

Лашындай жырлар шығады-ау ұшып
лашықтан,
Жасындай мінез көрінбес бірақ жасықтан.
Жанбағар кез бе жағаңнан жаһан алғанда
Жанкешті керек, иіреп алшы асықты!

ЖЕҢІС ПЕН ЖЕҢІЛІС

Жеңілу, жеңу -
Ежелден егіз,
Құм көшіп келсе,
Шегінді теңіз.
Ақылғөй жоқта
Өңгүдік сөйлеп,
Жолбарыс жоқта
Семірді доңыз.

Біреуді жеңіп,
Сындырып сағын,
Баянды болмас
Қондырған бағың.
Дүние кезек
Бүгінде жеңсең,
Бір күні келер
Жеңілер шағың.

Керемет болып,
Кетем деп асып,
Жұлқынсаң жұрттың
Кеудесін басып,
Жапанда жалғыз
Жабырқап жүрме,
Басыңа тиіп,
Берекең қашып.

Шапқының сенің –
Біреудің құны,
Шаттығың сенің –
Біреудің мұңы,
Біріңді-бірің
Жылатып, жеңу...

Осы ма, досым,
Өмірдің сыры!

Күрессіз өмір
Болмайды десіп,
Бір-бірін қырып,
Қызыл қан кешіп,
Адамзат қане,
Мұратқа жеткен?
Біреуді таптап,
Кетпейсің өсіп.

Біреуді жеңсең,
Шығад дейт атың,
Адамға адам
Емес пе жақын?
Біреуді жеңіп,
Үстемдік құрап
Бір құдай берген
Бар ма еді хақың?!

Адамды адам
Өзіңдей көрсін,
Кеудесін кермей,
Көңілін бөлсін,
Жетелі болсаң,
Жетерсің ойлап...
Жеңген де сенсің,
Жеңілген сенсің!

ЕРЛІК ПЕН ЕССІЗДІК

Кісілер кейде бетімен сөйлеп еседі-ау,
Албаты сөзбен түйінін тағдыр шешеді-ау.
Ессіздіктерден ескексіз қайық секілді
Өршиді келіп нешеме жаулық, неше дау.
Ел болып бүгін әспеттеп жатқан ерлерің
Ақ сөңке болып көмусіз қалған деседі-ау!

Арыстар өткен алысып жаумен қаншама,
Қан жұтқан қырат, сүйекке толып сай-сала.
Қиылып қыршын, садаға болған боздақтар,
Отанын қорғап, ұрпағын ойлап жан сала.
Әлі де қорғап, даланы шыр-пыр айналып,
Олардың рухы аспанда жүр ғой ән сала!

Күмпілдек кеуде, күмпиген қарын не білген?
Мансап пен мандат, байлық пен майға
көмілген.
Жандайшап жаршы еліре мақтап жатса да
Сарқытын ішіп, сүйек-саяғын кемірген.
Олардан артық, биікте тұр ғой мәңгілік
Ерлердің рухы ел үшін қаны төгілген!

АРУ МЕН АРБА

Көздің жасы үнсіз тамып кесеге,
Күрең суды кермек татыр десе де,
Бағын сынап бағасымен базардың,
Арулар жүр арба сүйреп көшеде.

Таң нұрына шомылдырып жан нұрын,
Жөнеледі көздеп тірлік жабдығын,
Арбаға сап сүйреп бара жатқандай
Өздерінің өзгешелеу тағдырын.

Қайда олардың мөлдір, биік арманы,
Қандай болар алыс күндер алдағы?!
Бәрін-бәрін көміп кетіп барады
Ала сөмке артқан арба шаңдағы.

Үйренгесін бүгінгінің саудасын
Үзбей ме екен нәзік әннің жалғасын?
Сұлу сүйреп келе жатыр базардан
Салдыратып босап қалған арбасын.

СӘРЕСІ

Таң алдында... Дүние тыныш. Сәресі.
Сәресіге жуымайды жын-ойнақтың
дуасы мен бәлесі.
Оразада ой теңізін кешкен сайын оңаша
Мұсылманның тазарады иман тұнған жан есі.
Рамазанда тәубаменен қарайды адам бәріне,
Мән береді тіршіліктің жалғыз түйір дәніне,
(Тойынғанның таңдайына татымайды табақ
тола табақа
Қайдан жетсін қара нанның қадірі мен дәміне).
Ауыз ашар сәт келгенде сыйынады Аллаға
Жан тәнімен шүкірлік қып нұр иманның
нәріне!

Шексіздіктің біледі кім мөлшерін?
Қиялдадым...
Жер, көкті,
Күнді өлшедім,
Жете алмадым түбіне.
Бар сезгенім –
Шексіз ғалам...
Мен сенің бір бөлшегің!

Ой азабын арқалап, сенделіп тым
Кетпесем де,

Көп сырды желден ұқтым.
Шырылдайды шыбын жан шырқау іздеп,
Шырмауынан шыға алмай пенделіктің.

Пендешілік...
Дүние ай,
Пәни жалған,
Дәурен – ғұмыр...
Осы ма нағыз арман?!
Менің жаным мәңгілік мән іздейді
Галактика,
Ғарыштан,
Жұлдыздардан.

Құштар болдым жұлдызға
Бала кезден,
Жылқы бағып кезекпен, дала кезген,
Жұлдыздар мен жанымның арасында
Бір жақындық барлығын қалай сезсем?!


Айсыз түн,
Айдалада,
Ұйқы қашқан.
Пысырады жылқылар жусап жатқан...
Естен тана үздігіп Құс жолына,
Ұшып кеткім келетін жұлдыз жаққа.

Мөлт, мөлт еткен жұлдыздар
Көп, көп еді,
Жерге тамып кетердей көркем еді.
Суырып алардай боп өзегімді,
Шақыратын жан қоймай көкке мені...

Таң атарда қоштасып, қинайтынмын,
Әлденеге ішімнен жылайтынмын.
Сыйса деуші ем
Бар ғалам жүрегіме,
Сыя қоймай ол мені қинайтұғын!

Жарты ғасыр өтіпті,
Өмір легі...
Бір тынбайды қаланың дүңгірлегі,
Тынысыңды тарылтып түнгі лебі,
Жұлдыздар да қазіргі өзгешелеу
Әлде өзгерген мен бе екем,
Кім біледі?!

Бүгінгінің балдары біздей ме екен?
Көктің сырын сезе ме,
Сезбей ме екен?..
Менің таза, мөп-мөлдір жұлдыздарым
Бала досын даладан іздей ме екен?!



Жарияланған мақала мен автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді. Журналдың жаңадан ұйымдастырылуына байланысты қаржылық қоры жоқ, авторларға қаламақы төленбейді.

Редакцияға келген хаттарға жауап жазылмайды, қолжазба авторға қайтарылмайды.

Published articles and opinions of the authors do not reflect the opinion of the editorial board. In connection with the new registration, the magazine does not fund financing, authors' fees are not paid. In a letter received by the editorial revision does not respond, Manuscripts are not returned.

All submitted articles are reviewed article in accordance with the requirements of the international journals cited.

Опубликованные статьи и мнения авторов не отражают мнение редакции. В связи с новой регистрацией журнал не имеет фонда финансирования, авторам гонорары не выплачиваются. На поступившие письма редакция не отвечает, рукописи авторам не возвращаются.

Все поступающие в редакцию статьи рецензируются в соответствии с требованиями к международным цитируемым журналам.

Редакторлар:

Жетпісбай Бекболатұлы, Іңкәр Кәкілбаева

Көркемдеушілер тобы:

Алдашева Айгүл, Махамбетжанова Айнұр

ИБ № 10149

Басуға 15.06.2016 жылы қол қойылды.

Пішімі 60x84 $\frac{1}{8}$. Көлемі 12,6 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс.

Тапсырыс №5055. Таралымы 1000 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйінің баспаханасында басылды.